

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университеті**

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

Қарағанды 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университеті

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

Университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен

Қарағанды 2020

ӘОЖ 378.147

КБЖ 74.58

С19

Университеттің Ғылыми кеңесі ұсынған

Пікір жазғандар:

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, педагогика ғылымдарының докторы **Г.О. Тәжіғұлова;**

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының докторы **Б.С. Исмакова;**

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты **А.Ш. Манабаева**

Авторлар ұжымы: Самашова Г.Е., Құрымбаев С.Ғ., Абиьгазин Б.И., Ақылтаева С.Д.

С19 Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: Монография \ Г.Е. Самашова, С.Ғ. Құрымбаев, Б.И. Абиьгазин, С.Д. Ақылтаева; Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. - Қарағанды: «Типография Арко» баспасы, 2020. – 134 б.

ISBN 978-9965-39-853-7

Монографияда болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастырудың жолдары қарастырылған. Ұсынылып отырған монография ЖОО оқу процесінде 5В12000 «Кәсіптік оқыту» мамандығының студенттеріне «Кәсіптік білім берудегі педагогикалық зерттеулер» пәніне арналып жазылған. 6М12000 «Кәсіптік оқыту» мамандығының магистранттарына негізгі сұрақтар бойынша «Кәсіптік педагогикадағы ғылыми қызметтің әдіснамалық негіздері», «Кәсіптік педагогикадағы педагогикалық эксперимент нәтижелерін жоспарлау және өңдеу», ал кейбір сұрақтары бойынша «Кәсіптік педагогикадағы педагогикалық эксперимент нәтижелерін жоспарлау және өңдеу» пәні шеңберінде пайдалануға болады. Сонымен қатар, бірқатар сұрақтар бойынша «Педагогика», «Кәсіптік педагогика» пәндері шеңберінде пайдалануға болады. Техникалық және кәсіптік білім беру саласында жұмыс істейтін мамандарға, магистранттарға және студенттерге, зерттеу жұмысымен айналысқысы келген тұлғаларға да арналады.

Монографияда болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық алғы шарттары, болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру жағдайы, болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының жүйесі қарастырылған. Сонымен қоса, болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік жұмыстың ұйымдастырылуы, болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру нәтижелері келтірілген.

ӘОЖ 378.147

КБЖ 74.58

ISBN 978-9965-39-853-7

©Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды мемлекеттік университеті, 2020

МАЗМҰНЫ

Нормативті сілтемелер	4
Белгілеулер мен қысқартулар	5
Кіріспе	6
1 Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері	7
1.1 Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық алғы шарттары	7
1.2 Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру жағдайы	29
1.3 Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының жүйесі	35
2 Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік жұмыс	62
2.1 Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік жұмыстың ұйымдастырылуы	62
2.2 Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру нәтижелері	100
Қорытынды	109
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	111
А қосымшасы. «Зерттеушілік құзыреттілік» бойынша контент-талдау	118
Б қосымшасы. Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	121
В қосымшасы. Сын пікір	122
Г қосымшасы. Пікір	123
Д қосымшасы. Ғылыми мақаланы талдау үлгісі	124

Нормативтік сілтемелер

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 14 желтоқсан, 2012ж. <http://www.akorda.kz>.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Орталық Қазақстан, 27 желтоқсан, 2003ж. - 3-5б.
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Орталық Қазақстан, 1 ақпан, 2010. – 7 б.
4. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Орталық Қазақстан, 27 желтоқсан, 2003. – 4б.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 2010. - 6б.
6. Білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <http://www.kau.kz>
7. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5-бабы 25 – тармақшасы <http://adilet.zan.kz>
8. ҚР Еңбек кодексі 15 мамыр 2007ж <http://adilet.zan.kz>
9. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар <http://www.akorda.kz>

Қысқартулар

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҒЗЖ – ғылыми зерттеу жұмысы

ЖОО – жоғары оқу орны

ТҚК – техникалық қызмет көрсету

ОЖ – оқу жоспары

ТОЖ – типтік оқу жоспары

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - Әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ

ЭО – электронды оқулық

ББД – білім, білік, дағды

СОӨЖ - студент пен оқытушының өзіндік жұмысының тақырыптық жоспары

СӨЖ - студенттің өзіндік жұмысы

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының көкейкестілігі. Жұмыстың көкейкестілігі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», сондықтан білім берудің мазмұнын жетілдіре отырып, үздіксіз білім беру арқылы оларды кәсіби тұрғыдан жан-жақты жетілдіру мәселесі бүгінде күн тәртібіне қойылып отыр. Бүгінгі күні «құзыреттілік» ұғымы оқыту үдерісінде білімді қолданудың негізгі нәтижесі ретінде қарастырылуда [1].

«Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында» қазіргі заманғы жоғары білімнің мақсаты мен басты стратегиялық бағдары айтылған, онда білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген [2].

Студенттердің құзыреттілік деңгейін көтеру мәселелері Н.Хомский [3], Дж.Равен [4], Н.В. Кузьмина [5], А.К.Маркова [6], Т.А.Гудкова [7], Л.Н.Паламарчук [8], М.Жадрина [9], К.Г.Митрофанов [10], И.А.Зимняя [11], Б.Кенжебеков [12], Г.Ниязова [13], Б.Т.Барсай [14] және т.б. еңбектерінде жан-жақты талқыланған.

Құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік туралы Г.Ж. Меңлібекова [15], А.Дорофеев [16], А.Б.Ежова [17], А.В.Райцев [18], Б.Б.Кенджаева [19], Г.М.Қасымова [20] және т.б. еңбектерінде қарастырады.

Студенттердің кәсіби құзыреттілігі олардың болашақ маман ретінде кәсіби даярлығының құрамдас бөлігі болатындығын Б.А.Оспанова [21], Б.Д.Сыдықов [22], С.Т.Жарбулова [23], Ш.Таубаева [24] және т.б. кәсіби білім берудің теориясы мен әдістемесі бойынша еңбектерінде қарастырған.

Монография құрылымы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Бірінші тарауда «Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері» болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық алғышарттары, болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру жағдайы, болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының жүйесі қарастырылған.

Екінші тарауда «Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік жұмыс» болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік жұмыстың ұйымдастырылуы, болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру нәтижелері келтірілген.

1 Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері

1.1 Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық алғышарттары

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», – деп атап көрсетті [1].

Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты - еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман даярлау.

Біз зерттеу жұмысымызда «5B012000 – Кәсіптік оқыту» мамандығы негізінде болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың жолдарын қарастырамыз. Сол себептен жалпы ғылым саласында «ғылыми зерттеу» ұғымы негізгі орынға ие категориялардың бірі, ол «ғылым» және «зерттеу» ұғымдарынан құралған. Төменде «ғылым» және «зерттеу» ұғымдарына тоқтала кетейік.

Зерттеушілік құзыреттілік түсінігі анық және нақты болуы үшін «құзыреттілік» пен «зерттеу» сынды түсініктерді зерттеу қажет. Зерттеу ғылыми-педагогикалық білімдерді қалыптастырудың процесі, танымдық қызметтің түрі, ол оқытудың, тәрбиелеудің және дамудың объективті заңдылықтарының ашылу бағыттарына бағытталған. Зерттеулердің кең спектріне қарамастан зерттеу құзыреттілігінің нақты бір анықтамасы жоқ. Барлық авторлар оны өзінше анықтайды. Отандық психологияда «бағытталған қызмет» терминін қолданып үйренген. М.И. Лисинамен «танымдық белсенділік» түсінігін қолданады. Кейбір қатынасында ол «білуге құмарлық», «зерттеушілік әрекет», «зерттеу» терминдерімен жақын болып саналады [28].

Сонымен бірге, жиі осы терминдер қолданылуында араласып жатады – мысалы, Д.Б. Годовикова баланың танымдық әрекеті туралы оның бағытталған-зерттеу қызметінің жаңа жағдайдағы салдары ретінде айтады. Зерттеу зерттеу әрекеті сынды кез келген тіршілік иесінің мінез-құлығының, бейімделу жағдайының, даму мен тіпті денсаулық жағдайының бөлінбейтін бөлшегі болып саналады [29].

Зерттеу инициативасының мотивациясының негізі ретінде білуге құмарлықты алады. Ол жаңа әсерлерде қажеттілік түсінігімен шектеседі, оны Божович Л.И. баланың негізгі қажеттілігі деп қарастырады [30].

Зерттеу – жаңа ғылыми білімді жасау, әлем танымын кеңейту процесі, адам іс-әрекетінің бір түрі. Ғылыми нәтижелер объективтілігі және сенімділігі зерттеу процестерінің және құбылыстарының мәнін түсінуге байланысты. Ғылыми зерттеудің әдіснамалық платформасы – таным теориясы. Ғылыми танымның жалпы әдісі бағыттаушы функциясын атқарады [31].

Ғылым ежелгі заманда Қытайда, Үндістанда пайда болды. Ұзақ уақыт бойы ғылыми білімдер баяу дамыды. Тек XVI—XVII ғасырлардан бастап Батыс Еуропада ғылым қуатты күшке айналып, индустриалды қоғамның құрылуы мен дамуына септігін тигізді. Содан бері ғылым практикамен тығыз байланыста, өзінің өмір сүруі мен дамуы үшін одан әсер алады. Сол кезеңнен осы ұрпаққа дейінгі аралықта ғылым адамдардың практикалық қызметіне қатты әсер ететін, оның барысы мен деңгейін айқындайтын қоғамның тікелей өндіргіш күшіне айналды.

Зерттеудің дидактикалық және әдістемелік сұрақтары аясында оқыту мазмұны, оқу-бағдарламалық құжаттама, пәнаралық байланыстар, оқытудың жаңа әдістері мен формалары және т.б. сұрақтар үнемі ортада тұруы қажет. Кез келген педагогикалық зерттеудің соңғы мақсаты – қарастырып отырған процестегі үнемділікті анықтау, яғни оған шек қою.

Біз XXI ғасырда, ғылыми жетістіктер және үлкен өзгерістер ғасырында өмір сүреміз. Өткен XX ғасыр – ғылыми-техникалық революция ғасыры болып табылады. Өткен ғасырда адам табиғат жұмбақтарын түсінуге ұмтылды – атом құрылымын өтті, ашық Космосқа шықты, басқа Ай планетасына қонды, гендер жұмбағына енді, компьютер жасады. Адамның барлық осы жетістіктері ғылым саласындағы жұмысы өз интеллектісі және танымының арқасында қол жеткізді.

Соңғы жүз жылдық ішінде, ғылыми білімнің көмегімен, адам өз планетасын өзгертті, адам өмірін жеңілдетуге және жылдамдатуға мүмкіндік берген үлкен өнеркәсіп, көптеген машиналар мен құрылғылар жасады, адам өмірі де өзгерді. Адам «Техногенді өркениет» жасады. Ол жүздеген және мыңдаған ғалымдардың еңбектерінің нәтижесі. Ғылым адамзат дамуының қозғаушы күші болып табылады. Адам әрекетінің бұл саласында ондаған миллион адам жұмыс істейді. Ғылыми қызметі қомақты орынға ие. Көптеген жас адамдар дәл осы адам қызметінің түрімен айналысқысы келеді.

Ғылым саласындағы адам әрекетінің қызметі жағымды сәттермен қатар негативті салдары да бар, олар соңғы кездері нақты көрінеді. Ғылыми және өнеркәсіптік қызмет адам «екінші табиғатты» жасады, яғни адамзат қызметінің салдары планетарлы масштабпен бағаланатын болды. Адамзат миллиондаған тонна қоқыс, пластиктер, зиян газдар, металдар, химикаттар және т.б. шығарады, ал екінші жағынан планетаның табиғат қорын – көмір, газ, орман және т.с.с. және пайдалылық мақсатта жануарлардың, өсімдіктердің және шыбын-шіркейлердің құштарлықпен пайдалану және жою. Адамзат ядролы қару жасады, ол бірнеше санаулы минутта планетадағы барлық тірі затты жояды. Соңғы жылдары адамзат қызметі ғылымдағы

жетістіктерінің нәтижесінде, адамның өмір сүруіне Жер планетасында биологиялық түр іспеттес өз-өзіне зиян әкелуде. Табиғатты бағаламағандықтан, ол кегін қайтаруда, ескі лозунгінің дұрыстығы байқалады: «Адам табиғаттан аяуды талап етпейді, оның парызы оларды алу». Адам табиғат патшасы бола алмайды, себебі ол сол табиғаттың бөлігі. Ол табиғатпен мыңдаған жылдар аралығында жасалды және қандайда бір 100 жыл өз өмірінің ретін үнемі жақсы жаққа емес ауыстырғысы келеді, табиғат ортасын өзгерткісі келеді [32].

Дәл осы жағдайда ғылымның рөлі және жауапкершілігі одан әрмен өседі. Жақында адамзат глобалды экологиялық проблемаларды шешудің жолдарын табуы тиіс. Адам алынған ғылыми білімді үлкен ұқыптылықпен қабылдауы керек, себебі ол әр қилы адамдардың қолында, сол себептен үлкен пайда немесе қиянат алып келуі мүмкін.

Ғылыми қозғалыс прогресін тоқтату мүмкін емес, бүкіл адамзат білімінің ғылыми жұмыстарын бір арнаға бағыттау қажет, яғни олар зияндылыққа бағытталған жұмыстарды төтесінен қиюы тиіс.

Қазіргі заманғы ғылым адамның еңбек әрекетінің күрделі түрлерінің бірі болып табылады, ол адамның ми, психика, сонымен қоса, физикалық күшін талап етеді. Ғылым қызмет саласының күрделі саласы болған және бола бермек, ол көп ақпараттық білімді, білікті талап етеді. Ғылым жолында ең негізгі қызметтердің бірі – ол ғылыми жұмыстың негізгі әдіснамасын білу болып табылады.

Ғылым дамуының жалпы үш кезеңін ерекшелен көрсетуге болады [32]:

1) ғылым дамуының классикалық кезеңі (XVII ғасырдың аяғы XX ғасырдың басы);

2) классикалық емес кезең (XX ғасырдың басы және XX ғасырдың 60-шы жылдарына дейін);

3) неоклассикалық емес немесе постклассикалық емес кезең (XX ғасырдың 60-шы жылдарынан басталады).

Ғылыми жұмыс, зерттеу дегеніміз – адамның еңбектену іс-әрекетінің ерекше түрі. Бұл іс-әрекет адамнан еңбекқорлық, мақсаттану, уақытша туындаған сәтсіздікті жеңе білу қабілетін, оның интеллектуалды мүмкіндіктерін барынша пайдалануды қажет етеді. Ғылыми еңбектің мақсаты адамзатқа осы уақытқа дейін беймәлім ақиқатты ашу, табиғат жұмбақтарына тереңірек үңілу, адамзат игілігіне пайдаланатын табиғи күштерді қолданудың жаңа жолдарын, адамды, оның ішкі, яғни дене күштерін және рухани қайратын зерттеу. Ғылым аясында еңбек ету әрқашанда құрметті және мәртебелі болып саналған. Өздерін ғылымға арнаған адамзат баласының ең жақсы өкілдерінің есімдері халық жүрегінде мәңгі сақталуда [33].

Жыл сайын ғылымға құштар адамдардың қатарына жаңа мүшелер кіріп жатыр. Ғылым саласында еңбек етуге ниет білдірген әрбір жас адам әлем білімінің қорына өз үлесін қосуды армандайды, ал жүрегінің ең түбінде өзінің есімі ғылым тарихында сақталғанын қалайды.

Ғылымда белгілі тапсырма немесе зерттеу орындау үшін жас ғалым осы салада терең білімге, еңбекқорлыққа ие болу керек, өз таным іс-әрекетінде қомақты нәтижеге жету үшін басқа да қажетті талаптарға сай болу керек.

Ғылыми зерттеулер бір жағынан тереңірек меңгеруге қиынырақ үрдіс болса, екінші жағынан адамның өз-өзіне назар аударуын, оның тұлға ретінде қалыптасуын қажет ететін әртүрлі әрі ауыр кешен болып табылады. Педагогикалық зерттеу алаңын кеңейту, міндеттерді, пәнді, ғылымның құралдарын қиындату, оның дамуын жеделдету, ғылыми зерттеу нәтижелерін оқыту мен тәрбиелеуге тез әрі кешенді енгізу педагогикалық ғылымның басқа да әдіснамалық проблемаларының тұтас кешенін шешуде және педагогикалық құбылыстарды жүйелі және тұтастай талдау әдістерін әзірлеудегі, тұтастай принциптік тұрғыдан нақтылаудағы қажеттіліктерді анықтайды [31].

Ғылым теориясы барлық ғылымдағы жалпы қасиеттер себебін түсіндіреді, табылған байланыстардың шегін дәлелдеуге ұмтылады және жеке құбылыстарды жүйелі байланыстарға әкеліп соғады [32].

Ғылым дегеніміз - адамның табиғат, қоғам және өзінің танымы туралы білім алуға бағытталған рухани қызметінің ерекше формасы десек болады. Ғылымның негізгі мақсаты ақиқатқа жету және табиғат, қоғам, ойлау заңдылықтары, танымның өзі туралы шынайылық объективтік заңдылықтарын ашу болып табылады. Кейбір дерек көздері бойынша ғылым ежелгі заманда (Қытайда, Үндістанда, Грекияда) пайда болды, - делінген [34]. Ал басқа деректерге сүйенсек, ғылым – адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымының ең жоғарғы пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы. Адамзат қоғамының дамуы барысында ғылым сол қоғамның маңызды әлеуметтік институтына және тікелей өндірістік күшіне айналды. Ғылымның басты мақсаты – ғылым заңдарының негізінде ашылып отырған болмыс құбылысы мен процесін болжау, түсіндіру және жүйелеп мазмұндап беру.

XVI - XVII ғасырлардан бастап Батыс Еуропада ғылым қуатты күшке айналып, индустриялы қоғамның құрылуы мен дамуына септігін тигізді. Сол уақыттан бері ғылым практикамен тығыз байланыста, өзіндік өмір сүруі мен дамуы үшін одан әсер алады.

Ал, жалпы ғылым - білім алуға бағытталған, білімнің жинақылығы мен тұтастығынан көрінетін адамның шығармашылық қызметі және сол қызметтің нәтижесі. Ғылым қарапайым тәжірибенің тарихи дамуында жинақталған акпараттардың, сілтемелердің, қызмет пен пән нұсқауларының жиынтығы болып табылатын стихиялы, тәжірибелік білімдермен салыстырғанда жүйелілігімен ерекшеленеді. Ғылым - табиғат (материалдық) дүниесі мен қоғамның заңдары туралы білім жүйесі ретінде көрініс береді. Ғылым біртұтас бола тұра жеке ғылымдар деп аталатын бірқатар білім салаларына жіктеледі. Олай бөліну бізді қоршаған дүниенің көптүрлілігінен болады, сондықтан ғылымның жеке саласы көпқырлы қызметтің белгілі бір жақтарын зерттейді. Ғылыми білімдегі жіктелу мен ықпалдастық үдерістерінің үйлесуі, ғылымның математикалануы және компьютерленуі, диалектіленуі және теориялануы, қазіргі ғылымның әлеуметтік және этикалық мазмұнының күшеюі болып табылады [34].

Зерттеу – жаңа ғылыми білімді жасау, әлем танымын кеңейту процесі, адам іс-әрекетінің бір түрі. Ғылыми нәтижелер объективтілігі және сенімділігі зерттеу процестерінің және құбылыстарының мәнін түсінуге байланысты. Ғылыми зерттеудің әдіснамалық платформасы – таным теориясы. Ғылыми танымның жалпы әдісі бағыттаушы функциясын атқарады.

Кез келген зерттеу қандайда бір теорияға, концепцияға негізделіп жүзеге асады. Қазіргі заманғы ғылымда кез келген ғылымда сияқты әртүрлі мектептер бар. Бұл ғылыми мектептер әртүрлі мектептердің болуы ғылымның дамуына қажет және өз септігін тигізеді.

Кез келген ғылыми зерттеу ғылыми жұмысты жүзеге асыруда шығармашылық ойлаудан соңғы рәсімдеуге дейін жеке орындалады. Бірақта оны өткізу үшін жалпы, яғни ортақ әдіснамалық әдісті анықтауға болады.

Зерттеу бойынша педагог К.Д. Ушинскийдің берген анықтамасына тоқталайық: «Зерттеу дегеніміз – жаңа бір өнім, нәтижеге қол жеткізу мақсатындағы ізденіс, танымдық іс-әрекет» [35].

Баланың ізденушілік қасиеті кішкентайынан бастап көріне бастайды, себебі бала бойындағы ізденушілік баланың дамуының қалыпты жағдайы. Зерттеу дегеніміз – ізденіс іс-әрекеттері кезінде өзіне көптеген жаңалықтар ашып, білімді дайын күйінде емес, өзі іздене отырып білімін толықтырып отырады. Зерттеуге бірнеше талаптар қойылады (1.1-сурет).



1.1-сурет - Зерттеуге қойылатын талаптар

Зерттеу – іздену жұмыстарында дәлелдеулердің орны ерекше болып келеді. Жалпы «зерттеу» ұғымына жылдар бойы жинақталып келген анықтамалар бар, біз олардың кейбіреулеріне тоқтала кетеміз.

К.Садуақасқызының сипаттамасы бойынша: «Зерттеу – жаңа ғылыми білімді жасау, әлем танымын кеңейту процесі, адам іс-әрекетінің бір түрі» [36], ал Е.С. Асқаров, Е.Қ. Балапанов, Б.А. Қойшыбаев сипаттаулары бойынша «Зерттеу – ізденіс іс-әрекеттері кезінде өзіне көптеген жаңалықтар ашып, білімді дайын күйінде емес, өзі іздене отырып білімін толықтырады» [37], Ү.Б. Жексенбаева бойынша, «Зерттеу – іздену жұмыстарында дәлелдеулердің орны ерекше болып келеді» [38] немесе «Зерттеу – танымдық әрекеттің мамандандырылған формасы ретінде ғылым үшін тән, жаңа білімді өндіру

тәсілі. Тікелей қабылдау, ұғыну, ойлану және т.б. зерттеу танымның мақсаты мен құралын анық бекітуді болжайды, нәтижелерді қайта өндірудің, олардың дәлелділігі мен шынайылығының әдістемелік формаларымен бағыт алады» [39]. Ал Э.М. Коротков келесі түрде түсіндіреді «Зерттеу – қоғам мүддесіне қарай қандайда бір нысандағы (затты, құбылысты) заңдылықтарды анықтау мақсатында ғылыми тұрғыда қарастыру үрдісі» [40] немесе «Зерттеу – талдау, жобалау немесе диагностикалау ұғымдарынан әлдеқайда бай іс-әрекеттің бір түрі» [41].

Сонымен қатар, осы ұғымға сөздіктерде де анықтамалар берілген, оларға тоқталып өтетін болсақ: «Зерттеу (тікелей «іштей қадағалау») кең мағынада – фактілерді тағайындау мақсатында жаңа білімді іздеу немесе жүйелі зерттеу жүргізу. Тар мағынада зерттеу – қандайда бір нәрсені қарастырудағы ғылыми әдіс (үрдіс) [42]. Келесі сөздікте «Зерттеу – жаңа ғылыми білімді жасау үрдісі, танымдық іс-әрекеттің бір түрі» деп келтіреді [43].

Параграфтың соңында жалпы «зерттеу» және «құзыреттілік» ұғымдарына авторлардың берген анықтамалары негізінде контент-талдау жасаймыз. Контент-талдау негізінде кілттік сөздерді анықтап, «зерттеушілік құзыреттілік» ұғымына авторлық анықтама береміз.

Студенттерді зерттеу – ізденушілік жұмыстарға үйрету үшін, студенттерді әртүрлі психологиялық сауалнамалар арқылы зерттеп алу қажет. Студенттердің танымдық және тұлғалық даму қабілеттерін анықтау, болашақтағы жұмыстарды ұйымдастыруға бағыт – бағдар береді [38].

Зерттейтін заттардың әртүрлілігінен пайда болатын, жаратылыстану ғылымы мен гуманитарлық танымның әдіснамалары арасында бірқатар айырмашылықтар бар. Жаратылыстану ғылымы әдіснамасында заттың жеке ерекшеліктері ескерілмейді, себебі ол баяғыда қалыптасып зерттеушінің назарынан тыс қалған. Мысалы, тарих ғылымында заттың пайда болуын, оның жеке ерекшеліктерін толығымен қарастырады. Әлеуметтік танымның әдіснамасы жаратылыстану әдіснамасынан пәннің өзіндегі айырмашылықтары бойынша ажыратылады:

1) әлеуметтік таным өзін-өзі жоюшы нәтижеге алып келеді «биржаның заңдарын білу осы заңдардың өзін жоюға әкеліп соғады» - деп жазды кибернетиканың негізін салушы Н. Винер [45];

2) егер жаратылыстану ғылымдары танымында жекелеген фактілер бірдей болса, әлеуметтік танымда ондай емес. Сондықтан, әлеуметтік таным әдіснамасы фактілерді жалпылап қана қоймай, сонымен бірге, ол аса үлкен маңызға ие жекелеген фактілермен жұмыс істейді. Осы фактілерден объективті үрдіс пайда болып, солармен де түсіндіріледі. Гуманитарлық таным әдіснамасының өзіне тән ерекшелігі осында.

Қазіргі заманғы ғылымда жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың әдіснамаларының бір-біріне жақындасу тенденциясы байқалуда, бірақ олардың негізгі және қағидалық айырмашылықтары әлі де сақталуда.

Ғылыми зерттеуде бәрі де мәнді. Ғылымда тек жаңа ғылыми фактіні белгілеу жеткіліксіз, оған қазіргі заман ғылым тұрғысынан түсінік беру, оның

жалпы танымдық, теориялық немесе практикалық мағынасын түсіндіру қажет.

Ғылыми-зерттеу жұмысын бірнеше кезеңге бөлуге болады. Мұнда әр қилы зерттеу әрекеттері және әр қилы материалдар құрастырылады. Енді сол ғылыми зерттеудің кезеңдеріне тоқталып өтейік, оны келесі түрде сипаттауға болады.

Біріншісі - әлдеқайда күрделі және жауапты кезең: *ол зерттеу тақырыбын таңдау*.

Тақырыпты дұрыс таңдау дегеніміз – жұмысыңыздың жартылай сәтті орындалғанын қамтамасыз етеді. Тақырып көкейкесті, өзінің жаңалығымен ерекшеленуі керек, ғылыми ізденісті бағыттап отыруы және қазіргі заман ғылымында шешілмеген мәселелерді және сұрақтарды шешуге бағытталуы тиіс. Бірақта, ең біріншісі ол тақырып зерттеудің қай саласына (түріне) жататынын анықтап алу қажет.

Тақырыпты таңдауда салыстырмалы түрде тар мәселені алу керек, бірақта оны терең және жан-жақты қарастыру керек.

Тақырыпты таңдау кезінде негізгі критерийлердің бірі – ол ізденуші бойында тәжірибесінің және қабілетінің болуы. Әрине, ізденуші де өзінің таңдаған аясында пайдалы жұмыстар жасалған болуы керек және байқау бойынша аса құнды материал жинақталуы тиіс.

Тақырыпты таңдау процесінде міндетті түрде материалдық базаның, арнайы техниканың және зерттеу басқа жерде және басқа адамдар айналысып жатқан жоқ па? – соны міндетті түрде қарастыру қажет.

Ғылыми жұмыстың тақырыбын таңдауда, гипотезасын тұжырымдауда, зерттеу жұмыстарының жоспарын құрғанда ғылыми жетекшімен кеңес құрып, таңдалған тақырып оның ғылыми зерттеу аясының шегінде болуы тиіс.

Тақырып таңдаудағы кездесетін тағы бір қиындық ол – жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын айқындау болып табылады. Кейде жұмыстың практикалық маңыздылығы басым болады да, ал жұмыстың ғылыми жаңалылық деңгейі төмен болады. Ал студент үшін барлық материал жаңалық болып көрінеді. Сондықтан, студенттердің ғылыми жұмыстарын ұйымдастырғанда, оның ғылыми жаңалығынан гөрі практикалық маңыздылығына аса назар аудару керек.

Зерттеу жұмысының **екінші кезеңі** – *ол проблемалармен әдеби дерекнамалар арқылы танысу*.

Тақырыпты алдын - ала таңдағаннан кейін ізденуші өз саласы бойынша библиографиялық ізденіс өткізуі керек, яғни оған дейін оның мәселесі бойынша қарастырған сұрақтар туралы дәл ақпарат алуы тиіс.

Әдебиеттерді таңдау кезінде бірінші кезекте кеңірек, жақсы деген дерекнамаға тоқталу қажет, яғни онда таңдалып алынған зерттеу мәселесі кеңінен қарастырылуы тиіс.

Ғылыми басылымдарды оқу немесе қарастыру келесі кезеңдер бойынша жүргізіледі:

- оның мазмұны бойынша толығымен жалпы танысу;
- мазмұнын көзбен жүгіртіп шығу;
- материалдардың орналасуын тізбектілік бойынша оқу;

- қызықтырған материалды жазып алу;
- жазып алған материалды сынға алу, оның жұмысында осы материалдың пайдалану мүмкіндіктерін тексеру.

Мұндай жұмысты параллельді түрде әдебиеттер бойынша картотека құрастыра отырып жазу керек.

Картотеканы талдау кезінде зерттеу үшін белгіленген проблема практика жүзінде кеңінен қолданылады ма, жоқ әлде өтілді ме, соны анықтауға болады. Немесе картотека арқылы сол проблема көптеген ғылыми жұмыстарда кеңінен қарастырылған, бірақта мұндағы кейбір сұрақтар үстірт қарастырылған, яғни толығымен өтілмеген – соны анықтауға болады.

Кей жағдайда ізденуші автордың кейбір пікірлерімен келіспеуі мүмкін, онда ізденуші сол тақарыпты жалғастыруына болады, немесе өз зерттеу тақырыбын сәл басқаша етіп өзгертуі мүмкін.

Яғни, тақырыпты дәлелдеу және ғылыми-зерттеу жұмысының жоспарын құру зерттеудің үшінші кезеңі болып табылады.

Таңдаған тақырыптың атауы нақты және зерттеудің проблемалық мәнін айқын көрсетуі қажет.

Енді ғылыми-зерттеу жұмысының бастапқы жоспарын құрастыру қажет. Ол зерттеудің жүйелілігін және тізбектілігін анықтайды. Ғылыми зерттеу жұмысының жоспарының негізгі бөлімі, зерттеу әдістемесі болып табылады, яғни ғылыми зерттеу жұмысының құралдарының, әдістерінің және тәсілдерінің өзара байланысы және жиынтығы.

Жоспарды құрастыру кезінде бірінші кезекте зерттеу тақырыбының көкейкестілігін (актуалдығын) негіздеу қажет. Мұнда проблеманы зерттеуге қалай кірісу керек, зерттеудің қажеттілігі неде – ғылымның дамуы, қоғамдық сұраныс және т.с.с. Оқыту және тәрбиелеу практикасы алдына қандай міндеттер тұр; бұл проблема бойынша не істелді, не істеу керек – осының бәрі айтылады. Қарама-қайшылықтың қалыптасу негізі неде?

Келесі логикалық қадам – проблеманы суреттеу. Ғылыми мағынада, проблема дегеніміз – таным дамуы барысында туындайтын сұрақтар немесе практикалық, теориялық мәні бар бірқатар сұрақтар жинағынан тұрады.

Сонымен, зерттеу проблемасы тағайындалған қарама-қайшылықтан туындайды. Зерттеуші бұрын істелмеген нәрселерден нені өтуі немесе оқуы қажет – деген сұраққа жауап береді.

Зерттеу проблемасынан зерттеу нысаны және пәні анықталады. Гносеологияда нысан дегеніміз – таным субъектісіне қарсы тұрады. Зерттеу нысанын анықтай отырып біз нені зерттейміз? – деген сұраққа жауап береміз.

Зерттеу пәні – мұнда ізденуші толық нысанды таниды, ізденуші көзқарасы бойынша әлдеқайда мәнді нысан қасиеттерін ажыратады. Зерттеу нысаны және пәні арасында ажырамас байланыс бар. Бір нысанда әр қилы зерттеу пәні болуы мүмкін. Нысан – ол «оқу процесі», оны дидактиктер, әдіскерлер, психологтар, физиологтар және т.с.с. қарастыруы мүмкін. Бірақ олардың әрқайсысының зерттеу пәні әртүрлі болады.

Содан соң зерттеудің мақсаты анықталады, яғни ізденуші өз жұмысында

неге қол жеткізгісі келеді, ол қандай нәтиже алғысы келеді – соны қарастырады.

Келесі негізгі сәттердің бірі – гипотеза тұрғызу. Гипотеза дегеніміз - бұл ғылыми болжам, оның нақты шын мәні әлі анықталмаған. Оны ізденуші өз алдына қойған сұрақтың мүмкін жауабы, - деп түсінуге болады.

Ғылыми гипотеза зерттеудің өту барысы және нәтижелері туралы ғылыми түрде негізделген болжам, ол зерттеу соңында ғылыми теорияға айналып кетуі мүмкін. Гипотеза тұрғызу зерттеудің әлдеқайда күрделі кезеңдерінің бірі болып табылады.

Гипотеза ғылыми білім дамуының негізгі әдістерінің бірі болып табылады.

Ғалым өз зерттеуін белгілей отыра өзінің бірқатар ғылыми міндеттерін қалыптастырады, яғни ол дегеніміз алдына қойған мақсаттарына жету үшін не істеуі қажет.

Зерттеу міндеттері гипотеза мен пәннен туындайды. Міндеттер мазмұны және саны зерттеу пәнін толық қамту үшін жеткілікті болуы керек.

Зерттеу міндеттерін жоспарлаған нәтижелер, мақсаттар жағын сипаттайды. Зерттеу міндеттері мыналар болуы мүмкін: суреттеу, анықтау, даму, талдау (концепциялар, әдістер, білім мазмұны...), нақтылау.

Зерттеу жұмысының бастапқы жоспарларында жеке зерттелетін сұрақтар көрсетілуі тиіс, жұмыста пайдаланылатын зерттеу әдістері, сонымен қатар, зерттеу нәтижелері практикаға қандай жолмен енгізіледі, - осылар көрсетіледі.

Зерттеу нәтижелері білім деңгейінің жетістіктерін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері негізді және дәлелді болуы керек, ғылым және практикада мәні болуы тиіс, қоғамдық жаңа білімді бейнелеуі керек.

Бастапқы жоспарға зерттеу жұмысының календарлы жоспары тіркелуі қажет. Кез келген ғылыми еңбектің сәттілігі көбінесе ізденуші өз зерттеуінің әр кезеңін дұрыс жоспарлай алуына байланысты.

Төртінші кезең – ұсынылған гипотезаның негізділігін тексеру үшін материалды жинақтау болып табылады. Қажетті материалды жинау үшін әр қилы әдістер қолданылады.

Бесінші кезеңде жинақталған материалды статистикалық түрде өңдейді: өтілген жеке құбылыстар туралы алынған мағлұматтар негізінде, зерттелуші кешенді толығымен сипаттайтын мәліметтерді анықтайды.

Зерттеу нәтижелерінің мағлұматтарынан кейін алынған нәтижелер жеткіліксіз болса, онда қосымша материалдар жинау қажеттігі анықталуы мүмкін. Қосымша байқау немесе эксперимент жүргізіледі. Мұндай жағдайда қосымша байқау немесе эксперимент негізгі сияқты жағдайда өтуі қажет.

Алтыншы кезең – зерттеу нәтижелерін талдау. Ғылыми жұмыстың логикалық түрде дұрыс тұрғызылуы зерттеу логикасының дұрыстығына кепілдеме бермейді. Зерттеу логикасы дегеніміз – шын мәніндегі фактілерді таңдау және талдау логикасы болып табылады.

Сонымен, зерттеу жұмысының логикасы тек материалды жинау әдістерімен ғана байланысты емес, сонымен қатар, жинақталған материалдың интерпретациясымен және талдауды өңдеу мәселесімен де байланысты.

Зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу қажет.

Зерттеудің жетінші кезеңі ғылыми-зерттеу жұмысын рәсімдеу болып табылады. Жұмыстың жазбаша мазмұндалуы кеңейтілген жоспар негізінде болады, ал қажет жағдайда ол толықтырылады және өзгертіледі.

Диссертация көлемі қорғалатын ғылым саласына байланысты болады. Негізінен қысқаша жазылған жұмыс ғылыми-әдістемелік жағынан құнды болып есептелінеді.

Ғылыми жұмысты баяндау тілінің де мәні өте зор, яғни ғылыми стильде жазылады. Бір терминді еңбекті қайта-қайта қайталауға болмайды.

Зерттеудің ең соңғы сегізінші кезеңі – зерттеудің тиімділігіне баға беру болып табылады. Оны негізінен жоғарыда тұрған органдар тексереді (ЖАК), бірақта зерттеуші өзі де өз жұмысына баға беруі қажет және жұмысының нәтижелерін бағалауы тиіс.

Жоғарыда келтірілген зерттеудің кезеңдерін келесі түрде суреттеуге болады (1.2-сурет).

Зерттеудің теориялық мәні дегеніміз - ғылыми танымға, ғылымға қосқан үлесіңіз.

Зерттеудің практикалық мәнінің қосымша мағынасы бар. Яғни, ол оқулық, бағдарлама, әдістемелік нұсқаулар және т.б. болуы мүмкін.

Ғылыми аппарат бойынша материалды қорытындылай келе, зерттеудің жеке кезеңдерінің дұрыс жазылуы (баяндалуы) зерттеу жұмысының объективті нәтижелеріне және ғылыми еңбектің әдебиеттер тізімінің сәттілігіне байланысты.

Ғылыми әдістер эмпирикалық және теориялық әдістер болып бөлінеді.

Эмпирикалық әдістерге төмендегілер жатқызылған:


- бақылау – объективті шынайылықты арнайы түрде қабылдау;
- суреттеу – объектілер туралы мәліметті табиғи және жасанды тілдің көмегімен бекіту;
- өлшеу - объектілерді ұқсас қасиеттері немесе белгілері бойынша салыстыру;
- тәжірибе жасау – құбылыс қайталанған кезде қажетті жағдайлар қайталанғанына байланысты өзгерістерді арнаулы дайындалған орындар арқылы бақылау.

Зерттеулердің теориялық деңгейіндегі ғылыми әдістерге төмендегілер жатқызылады:

- қалыптастыру - зерттеліп отырған шынайы процестердің мағынасын ашатын абстрактілі-математикалық модельдер құру;
- аксиомаландыру – дәлелдеуді керек етпейтін аксиомалар, яғни дәлелдеуді қажет етпейтін тұжырымдардың негізінде теория құру;
- гипотетикалық - дедуктивтік әдіс – нәтижесінде эмпирикалық фактілер тұжырымдалатын, бір-бірімен дедуктивті байланыста болатын гипотезалардың жүйесін жасау [46].

Зерттеу әдістерінің жіктемесі аса күрделі мәселе болғанның өзінде де,

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ



1.2-сурет – Ғылыми зерттеудің кезеңдері

- дәстүрлі түрде оларды үш топқа: жалпы ғылыми, интерғылыми және жеке ғылыми әдістерге бөлу қабылданған. Жалпы ғылыми әдістер барлық ғылым салаларына тән және оларды біріктіретін зерттеу объектісінде пайдаланылатын логикалық әдістерді, яғни: бақылау мен тәжірибе, анализ бен синтез, жорамал мен гипотеза, индукция мен дедукция, аналогия, классификация мен систематизация, генетикалық әдіс, т.б. біріктіреді. Интерғылыми әдістерге – экстрополяция, интерполяция, модельдеу, ретроспекция, эксперттік бағалау, т.б. жатады. Жеке ғылыми әдістердің көптеген ғылыми топтары бар.

Жалпы ғылыми әдістердің арасында төмендегілерді бөліп көрсетуге болады:

- талдау – жан-жақты зерттеу мақсатында бүтін бір затты құрамдас бөліктерге (жақтарына, белгілеріне, қасиеттеріне және т.б) бөлу;

- синтез – заттың құрамдас бөліктерін біртұтас затқа біріктіру;

- абстракциялау - зерттеліп отырған құбылыстың қажетті емес қасиеттері мен қарым-қатынастарынан зерттеуге керек қасиеттері мен қарым-қатынастарын бөліп алу;

- жалпылау – объектілердің жалпы белгілері мен қасиеттерін анықтауға мүмкіндік беретін ойлау әдісі;

- индукция – жеке қорытулар негізінде жалпы тұжырым жасауға мүмкіндік беретін зерттеу мен талқылау әдісі;

- дедукция – жалпы тұжырымнан жеке тұжырым жасауға мүмкіндік беретін талқылау әдісі;

- аналогия – объектілердің бірдей белгілерінің ұқсастығы негізінде олардың ұқсастығы туралы айтуға мүмкіндік беретін таным әдісі, басқаша айтқанда, аналогия - ғылымның бір саласындағы қатынастардың, оның екінші саласына транспозициялануы, мысалға: тарихи аналогия, кеңістіктік аналогия және т.б.;

- жіктеме - зерттелетін пәннің зерттеушіге қажетті маңызды белгілері бойынша түрлі топтарға бөлу (әсіресе, биология, геология, география, кристаллография, т.б. ғылымдардың түрлі бөлімдері).

Зерттеу процесі барысында төмендегідей интерғылыми әдістер қолданылады:

- экстрополяция – ойдың дамуы немесе белгілі бір тарихи кезеңдегі тенденциялардың ашылуы, яғни жасалған заңдар мен тұжырымдардың бақылау аймағынан басқа аймаққа ауысуы;

- интерполяция - құбылыстардың динамикалық қатарында көрінбейтін, бірақ осы қатар мүшелерінің арақатынасын ашу негізінде параметрлерді, функцияларды, көрсеткіштерді табу;

- модельдеу – шынайы түрде бар процестер мен құбылыстардың логикалық, информациялық және графикалық құрылымын жасау, яғни объектілерді жеңілдетілген түрінде бейнелеу; модельдеу – түпнұсқаның зерттеушіні қызықтыратын қажетті жақтарының дәлме – дәл көшірмесін түсіру арқылы зерттеу;

- ретроспекция - объектінің жүйелі түрдегі сипаттамасын алу үшін зерттеу объектісінің тарихи дамуын зерттеу, яғни оның әртүрлі уақыт кезеңдеріндегі

дамуының динамикалық қатарын зерттеу;

- эксперттік бағалау - эксперттің немесе эксперттердің тұжырымдары мен ойлары.

Жоғарыда айтылып өткен әдістердің немесе тәсілдің ешқайсысы да, дара түрде зерттеудің негізділігін, дәлділігі мен дәйектілігін қажетті деңгейде қамтамасыз ете алмайды. Сол себепті зерттеуде жоғары нәтижеге жету үшін олардың бірнеше түрінің жиынтығын пайдалану ғана тиімді бола алады.

Зерттеу құралдарына түрлі процедуралар, әдістер, тәсілдер, әдістемелер, жүйелер мен әдіснамалар кіреді. Бұл түсініктер төмендегі логикалық қатарды құрайды. Әдіс - зерттеу барысында белгілі бір қорытынды алуға бағытталған, бір немесе бірнеше математикалық, немесе логикалық операциялардың теорияға немесе практикаға негізделген түрі. Процедура – белгілі бір операциялар жиынтығының орындалуын қамтамасыз ететін іс-әрекеттердің жиынтығы. Тәсіл – күрделі әдіс болып табылады, ол зерттеу барысындағы бірнеше нысаналы әдістердің жиынтығы. Әдістеме – бір немесе бірнеше әдістер жиынтығына негізделген зерттеу жолдары, немесе олардың жиынтығына негізделген әдістер. Әдіснама - зерттеу әдістері, жүйелері мен методтары жөніндегі білімнің жиынтығы. Жүйе – күрделі құбылыстар мен процестерді зерттеу үшін қажетті техникалық құралдар мен методикалардың жиынтығы [47].

Болашақ педагогтардың ғылыми зерттеу жұмыстарымен (ҒЗЖ) айналысуын барлық оқу кезеңінде үздіксіз қамтамасыз ету өте маңызды міндеттердің бірі болып есептеледі. Мұнда негізгі зерттеу жұмысының қиындығы студенттердің оқу үрдісінде зерттеу қиындықтарын біртіндеп жоғарылатып отыру. Мысалы, студент бірінші және екінші курстарда бүтін және негізгі жұмыстардың жиынтығы мен жалпы ғылыми дайындық жасаудағы жаңашылдықпен, ғылыми жұмысты орындау қабілеті мен қарапайымдылығымен, өз қабілеті мен ғылыми жұмысты орындалуға негізделуі тиіс. Мұнда рефераттық жұмыстармен лабораториялық жұмыстар шеңберінде орындалатын ғылыми зерттеу жұмыстары. Ал үшінші курста жалпы техникалық және арнайы дайындықтар, көлемі үлкен емес өзіндік ғылыми жұмыстардың орындалуы және шығармашылық негіздегі тапсырмалар, жаңашыл ғылыми зерттеулерді негіздеу, зерттеу әдістерін тереңдету, техникалық құрал - жабдықтар негізінде ғылыми зерттеулер жасау және нәтижесін шығару. Бұл деңгейде міндетті түрде оқу орнының ішінде өткізілетін конференциялар, ғылыми жұмыстар негізінде өткізілетін жарыстар, ғылыми-зерттеу жұмыстарының тапсырмалары мен түрлерінің қиындауы, ауқымының кеңеюі секілді жұмыстармен қамтамасыз етілуі тиіс. Мұнда жұмыс айқындала түседі. Мазмұнды шығармашылық сипат алады. Жоғарғы курстарда білімді, дағдыны ары қарай қалыптастыру, жетілдіру, бекіту, шығармашылық ойлауды дамыту және нақты міндеттерді шешуге, өз бетінше шешім қабылдауға, жүзеге асыруға үйрену, алынған білімді тәрбиеде пайдалану, жеке тапсырмалар бойынша студенттердің өз бетінше ғылыми зерттеу жұмысы үдерісінде жүргізіледі. Сондықтан олар барлық деңгейдегі конференцияларға, байқауларға қатысу, колледж қызметкерлерінің жетекшілігімен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, диплом жұмыстарының

байқауына қатысуы керек.

Болашақ ғылыми-зерттеу жұмысы міндетті есеп берумен, конференция, үйірме отырысында баяндаумен, курстық жұмыс және т.б. жазумен аяқталады.

Болашақ педагогтардың сабақтан тыс уақытта табысты орындалған және оқу бағдарламасының талаптарына жауап беретін ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және шығармашылық-орындаушылық жұмыстары сәйкес келетін курстық, лабораториялық жұмыстар, дипломдық жобалармен басқа да тапсырмалардың орнына есептелуі мүмкін.

Оқу орындарындағы білім берудің зерттеушілік ұстанымы болашақ педагогтарды ғылым саласында қолданылатын зерттеудің негізгі әдістерімен таныстыруға, зерттеу әдістемесінің тиімді элементтерін меңгеруге және құбылыстар мен үдерістерді зерттеу арқылы өз бетінше жаңа білімдерді игеруге мүмкіндік береді. Зерттеушілік қағидасын қолдану болашақ педагогтардың танымдық қабілеттерін дамытады, білім алушылардың белсенділігін және өзбеттілігін арттыруға, танымдық қызметтің әдіс-тәсілдерін игеруге, қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді. Ғылыми-зерттеу әлеуеті бар ғылым адамының, ғылыми ұжым мүшесінің қалыптасу үдерісінің бастапқы кезеңі – оқу орнына дейінгі және кәсіптік оқу орны кешендерінде жүзеге асырылады. Білім беру саласындағы алға қойылған мақсаттардың бірі - білім беру интеллектуалдық белсенділігін арттыру, сол арқылы білім беру жүйесінің дамуын жетілдіру.

Оқу үрдісін ұйымдастыру ғылымның қазіргі жетістіктерін, мәдениет, экономика, ғылым, техника мен технология салаларындағы өзгерістерді көрсететін білім берудің барлық қырларының жүйелі жаңаруын ескере отырып жүргізілуі керек. Бұл салада нақты нәтижелер алу үшін автордың жасына сәйкес түзетілген тәжірибеден өткізілген технологиялар, өзіндік ғылыми жұмыстар мен мақалаларына енгізілген теориялық және практикалық жағына ерекше назар аудару керек.

Мамандықтар бойынша жоспар жасау қоғамдық ғылымдар, жалпы ғылыми, технологиялық мамандық пәндері кафедраларымен бірге жүргізіледі. Жұмысты алдын ала білімге, дағдыға, іскерлікке маманның сапасына нақты талаптар қоятын бітіруші кафедра бақылайды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары саласында:

- мемлекетіміздің және біздің аймақтың ерекшелігіне байланысты гуманитарлық, әлеуметтік, экономикалық, техникалық бағыттарын зерттеп, мәдениет және өнер саласында өзекті мәселелерін шешуде ғылыми-зерттеуді ұйымдастыру; мәдениет керектілігін қамтамасыз ететін кәсіби мектепті қалыптастырып, дамыту және аймақтың ерекшелігіне байланысты әр аспектілі ғылыми жүйелерді тәжірибеде іске асыру;

- өзіндік, сонымен қатар, белгілі бір жетістікті шығармашылық жұмыстар, ғылыми-зерттеулерді оқу-тәрбие үрдісіне кірістіру;

- студенттердің ғылыми-зерттеушілік және шығармашылық жұмыстарын дамыту: көрмелер, концерттер, шебер кластар ұйымдастыру;

- оқу орындары арасында ғылыми-зерттеушілік және шығармашылық жұмыстарынан тәжірибе алмасу.

Көптеген дереккөздерде ғылымның, ғылыми қызметтің белгілі бір құбылысты оған тән түрлерде сондай-ақ, осы негізде оның қолданылуының болашақта тиімділігін алдын ала көруге болады. Л.Клемент атап көрсеткендей, нәрселерді әдеттегідей түсініп, құбылыстардың ғылыми талдауына көшу зерттеушіге қиын болды. Сондықтан ғылым мақсаттарын қабылдау және меңгеру жеке зерттеуді тиімді ұйымдастырудың негізі болуы тиіс [48].

Студенттердің сабақтан тыс уақытта табысты орындалған және оқу бағдарламасының талаптарына жауап беретін ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және шығармашылық-орындаушылық жұмыстары сәйкес келетін курстық жұмыстар, лабораториялық жұмыстар, дипломдық жобалармен басқа тапсырмалардың орнына есептелуі мүмкін.

Жалпы оқу процесінде студент ғылыми зерттеу жұмысына қатысып жүріп, олар теориялық тұрғыда алған білімдерін бекітеді, оны практикалық түрде жүзеге асырады, соның нәтижесінде өз білімін толықтырады. Ғылымға қатысушы студент өз беттерінше жұмыс жасаудың өзіндік әдістерін меңгереді, экспериментті жүргізудің техникасын игереді, деректерді өңдейді, сонымен қатар, алынған мәліметтер бойынша қорытынды жасайды. Ғылыми-зерттеу жұмысы аясында олардың бойына білім, білік және дағды қалыптасады.

Болашақ ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі ұйымдастырылып жүргізілетін тиімді түрлеріне:

- оқу жоспары негізіндегі оқу-зерттеу жұмысы;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының кей мәселелерін (элементтерін) жүргізілетін дәрістерге қосу;
- ғылыми бөліктерден немесе толықтай ғылыми-зерттеуден тұратын дипломдық жұмыстар;
- оқытушылардың нақты жетекшілігімен белгілі бір ауқымды мәселелерді шешудегі студенттердің өзіндік зерттеу жұмыстары;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын іс-тәжірибелерге қосу;
- берілген тақырыпқа байланысты орындалатын ғылыми реферат жұмыстары;
- студенттердің ғылыми үйірмелері;
- белгілі бір мәселе төңірегінде жинақталған студенттік ғылыми топтар немесе лабораториялық не басқа да шығармашылық бірлестіктер;
- студенттердің әртүрлі деңгейлерде өткізілетін айтулы іс-шараларға қатыстырылуы (оқу орнындағы, ЖОО-дағы, аймақтық, республикалық, халықаралық).

Мұндай іс-шаралар студенттердің яғни болашақ педагогтардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүйесін тұрақты дамытуға, сондай-ақ, әрбір студенттің шығармашылық деңгейін арттыруға септігін тигізеді. Оларға қатыстылар:

- ғылыми-зерттеу жұмыстарына қабілеті бар студенттерден жинақталған топтарға арнайы өткізілетін дәрістер;
- ЖОО оқу жоспарларында «Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері» атты курсы бойынша оқу-әдістемелік кешенді, әдістемені оқу процесіне енгізе отырып, студенттердің өзіндік ғылыми жұмыстарының өз қабілеті шеңберінде орындалуын, жаңаша ғылыми жұмыстарының, ғылыми-

зерттеу жұмыстарының зерттеу әдіс-тәсілдерімен танысу;

- түрлі ақпарат көздері негізінде студенттерді ғылыми-техникалық мәліметтермен қамтамасыз ету;

- студенттердің түрлі жаңашыл ғылыми ізденістерге қатысуын қамтамасыз ету.

Болашақ педагогтардың ғылыми-зерттеу әрекеті үдерісі және нәтижелері туралы теориялық білімін жүйелеу және дамыту кезеңі қандайда бір білім саласында зерттеу жүргізу әдіснамасы және әдістемесі мәселелері бойынша білімді қалыптастыруға бағытталды [48].

Осы кезекте Республикалық әдістемелік сайтта келтірілген материалдарға тоқталғанды жөн көрдік: «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемделген, жан-жақты, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру - біздің басты мақсатымыз» - деп өзінің Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан атты жолдауында тұжырым жасады. Қазіргі өскелең талап бойынша әрбір оқу пәні бойынша білім, білік және дағдыны ғана игеру оқушы құзыреттілігі үшін жеткіліксіз, жеке тұлғаның қалыптасуында ең тиімді жол жаңа тұлғаны қамтитын, қабілет, білім, икем, дағды, тәжірибе, көзқарас болып табылады [49].

Біз өз зерттеу жұмысымызда осы материалдарды негізге ала отырып, зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын қарастырғанды жөн көрдік.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесінде жеткілікті нысана – білім, білік, дағды жиынтығын меңгеру ғана емес, оқушылардың ақпаратты өздігімен табу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану дағдысын бойына сіңіру, ақпараттық процесті түрлендіру арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруға назар аударылған [45].

«Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасында» қазіргі заманғы жоғары білімнің мақсаты мен басты стратегиялық бағдары айтылған, онда білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген [39].

Жоғарыда жалпы ғылыми зерттеуге, ЖОО-да студенттердің ғылыми зерттеуге қатысу немесе дамыту жолдарын қарастырдық. Ендігі ретте жалпы зерттеу тақырыбына байланысты негізгі деген «зерттеу» және «құзыреттілік» ұғымдарына контент-талдау жасаймыз. Осы контент-талдауды жүзеге асыру барысында әр ұғым бойынша жалпы кілттік сөздерді, содан кейін негізгі кілттік сөздерге, сол негізгі кілттік сөздер негізінде «зерттеу» - «құзыреттілік» - «зерттеушілік құзыреттілік» ұғымына шығамыз. Бұл келтірілген деректерді контент-талдау соңында өзіндік схема түрінде сипаттаймыз. Енді тікелей контент-талдауға көшеміз.

К.Садуақасқызының сипаттамасы бойынша «Зерттеу – жаңа ғылыми білімді жасау, әлем танымын кеңейту процесі, адам іс-әрекетінің бір түрі» [36]. Ал,

ғалым К.Д. Ушинскийдің пайымдауыша, «Зерттеу дегеніміз – жаңа бір өнім, нәтижеге қол жеткізу мақсатындағы ізденіс, танымдық іс-әрекет» - деп қарастырады [35].

Е.С. Асқаров, Е.Қ. Балапанов, Б.А. Қойшыбаевтың еңбектерінде «Зерттеу – ізденіс іс-әрекеттері кезінде өзіне көптеген жаңалықтар ашып, білімді дайын күйінде емес, өзі іздене отырып білімін толықтырады» [37], ал Ү.Б. Жексенбаеваның орыс тіліндегі зерттеу жұмысы бойынша «Зерттеу – іздену жұмыстарында дәлелдеулердің орны ерекше болып келеді» - дейді [38].

Ү.Б. Жексенбаеваның қазақ тіліндегі жұмысындағы «Зерттеу – танымдық әрекеттің мамандандырылған формасы ретінде ғылым үшін тән, жаңа білімді өндіру тәсілі. Тікелей қабылдау, ұғыну, ойлану және т.б. зерттеу танымның мақсаты мен құралын анық бекітуді болжайды, нәтижелерді қайта өндірудің, олардың дәлелділігі мен шынайылығының әдістемелік формаларымен бағыт алады», - деп нақты келтіреді [39].

Орыс тілінің сөздігінде «Зерттеу (тікелей «іштей қадағалау») кең мағынада – фактілерді тағайындау мақсатында жаңа білімді іздеу немесе жүйелі зерттеу жүргізу. Тар мағынада зерттеу – қандайда бір нәрсені қарастырудағы ғылыми әдіс (үрдіс)» [42]. Э.М. Коротков «Зерттеу – қоғам мүддесіне қарай қандайда бір нысандағы (затты, құбылысты) заңдылықтарды анықтау мақсатында ғылыми тұрғыда қарастыру үрдісі» - деп тұжырымдайды [40].

Э.М. Коротков өзінің жаңа басылымында «Зерттеу – талдау, жобалау немесе диагностикалау ұғымдарынан әлдеқайда бай іс-әрекеттің бір түрі» [41], ал философиялық сөздікте «Зерттеу – жаңа ғылыми білімді жасау үрдісі, танымдық іс-әрекеттің бір түрі» - деп келтіреді [43].

И.Асташкина, В.Мишин «Зерттеу – ол адам іс-әрекетінің бір түрі, ол келесідей а) проблеманы және ситуацияны тану; б) олардың пайда болуын, қасиеттерін, мазмұнын, өзін-өзі ұстау және даму заңдылықтарын анықтайды; в) сол проблемалардың және ситуациялардың шоғырланған ғылым жүйесіндегі орнын анықтайды; г) сол проблема бойынша жаңа ойларды немесе білімдерді пайдалану мүмкіндіктерінің жолын, құралдарын табу» - делінген [50].

Ж.М. Қырықбаева, К.М. Қырықбай, К.С. Ныязбекова құзыреттілік турасындағы мақалаларында «Зерттеу дегеніміз – жаңа бір өнім, нәтижеге қол жеткізу мақсатындағы ізденіс, танымдық іс-әрекет» [54], ал Равен Дж. өз оқу құралына «Зерттеу - бұл табиғат, қоғам және ойлау туралы жаңа білімдерді алуға бағытталған зерттеу ортасы» - деп сипаттайды [4]. Келесі зерттеушілер «Зерттеу – қандайда бір нысанның пайда болу, қызмет ету, оның даму ерекшеліктері мен тенденцияларын қарастыру процесі» - дейді [51].

В.А. Абульханова-Славская зерттеу мақаласында «Ғылым мақсаты – шындыққа жету, ал шындыққа жету – ол ғылыми зерттеу» - десе [52], ал Э.Ф. Зеер, Н.Н. Абакумова және И.Ю. Малкова сынды авторлар зерттеулерінде «Зерттеу – ғылыми мағынада – ғылыми білімді өңдеу процесі, танымдық іс-әрекеттің бір түрі» - деген [53].

Біз жоғарыда «зерттеу» ұғымы бойынша авторлардың берген анықтамаларын қарастырдық, ендігі кезекте «құзыреттілік» ұғымына тоқталамыз.

«Құзыреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқыту үрдісінде білімді қолданудың ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда. Оқыту үрдісінде «құзыреттілік» ұғымы студенттердің білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы болып табылады. Жалпы құзыреттілік ұғымының білім беру саласына ену турасында дерекнамалар негізінде шашыраңқы мәліметтер кездеседі. Мысалы, «Құзыреттілік» түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. «Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік» ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, «кәсіптілік», «біліктілік», «кәсіби мүмкіндіктер» және т.б. түсініктерді біріктіреді.

«Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында американдық ғалым Н. Хомский енгізген болатын, бастапқыда ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіктер деген түсінік берді.

«Құзырлық» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлықтың (латын тілінде «competens») тікелей аудармасы белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандайда бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді.

Құзырет - нақты әлеуметтік қоғамдық жағдайларға талдау жасай білуді, түрлі өмірлік жағдайларда жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешім қабылдауды және ықпал етуді қалыптастырады.

Айталық, құзыреттілік – оқу нәтижесінде меңгерген білім мен дағдыны тәжірибеде қолдана алу, проблеманы шеше алу, яғни оқушы дайындығының сапасын сипаттайтын жаңа сапалық белгісі [54]. Құзыреттілік – болашақ педагогтардың (студенттердің) іс-әрекетін меңгеруден көрінетін білім нәтижесі [38].

Зерттеуші ғалым С.М. Вешнякованың «Кәсіптік білім беру» сөздігінде: «Құзыреттілік (латын сөзі) competens – қабілетті, қатысты деген мағынада. Белгілі бір саланың тұлғаларының білімінің, білігінің, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері» деген анықтама берілген болса [55], А.В. Баранниковтің айтуынша: «Құзыреттілік дегеніміз - өз бетінше іске асырылатын қабілеттілік, ол студенттің алған білімдеріне, өмірдегі тәжірибелеріне, құндылықтарына негізделеді» [56].

Келесі авторлар топтамасы да осы ұғымға өзіндік анықтамалар берген: «Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандайда бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі» [57] немесе Н. Хомский «Құзыреттілік дегеніміз- жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің іс- әрекет, қызмет саласына сай құзыреттерді меңгеруі [3]. Автор А. Нұрмашқызы «Құзыреттілік дегеніміз - тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы. Құзыреттілік жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда аман қалуды қамтамасыз етеді және олар бәсекеге қабілетті маманмен

қамтамасыздандырады» [58] немесе «Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандайда бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі» [59]. Ал М.Б. Нәжім «Құзыреттілік – шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған білім беру негіздерінің бірі» немесе «Құзыреттілік дегеніміз - тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы. Ол, ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Құзыреттілік - оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандайда бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі» [60] деп түсіндіреді, ал Ш. Таубаева өз еңбектерінде «Құзыреттілік – ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның қасиеті», - деп сипаттайды [24].

Г.Ж. Ниязова зерттеу жұмысында «құзыреттілік» ұғымына «Құзыреттілік» – сәйкес құзыретке ие болу негізінде іс-әрекетті жүзеге асыру қабілетінде байқалатын тұлғалық қасиет (немесе тұлғаның өзара байланысқан қасиеттерінің жиынтығы), - деп анықтама береді [13].

Ғылыми әдебиеттерді зерттей келе, «құзыреттілік» түсінігінің әртүрлі мазмұны бар екендігіне көзіміз жетеді. И.С. Сергеев пен В.И. Блинов өздерінің жұмыстарында әдістің құзыреттілігіне арнаған болатын, онда олар құзыреттілікті білімнің ерекше нәтижесі ретінде қарастырды, ол белгісіздік жағдайындағы қызметтің тиімділігіне арналған ішкі және сыртқы ресурстардың мобильділігіне көрсетеді. Құзыреттілік олармен білімділіктің және/немесе тәжірибеліктің деңгейі ретінде түсіндіріледі, ол әлеуметтік немесе кәсіби қандайда бір қызметті табысты орындау үшін жеткілікті [61].

Э.Ф. Зеер, Н.Н. Абакумова және И.Ю. Малкова құзыреттілікті білімдердің, қабілеттердің интегративті толықтығы ретінде анықтайды, олар кем дегенде адамның тәжірибеде өзінің құзыреттілігін жүзеге асыра алу қабілеті ретінде қарастырады. Құзыреттілікке оқытудың нәтижелерімен бірге, құндылықтық бағыттардың және т.б. нәтижелері енгізілген [30]. Ал, А.В. Винева былай дейді: «Құзыреттілік – бұл жүйелік түсінік, ол құзыреттіліктің көлемін, міндеттемелердің шеңберін анықтайды. Тар мағынасында бұл субъект танымға ие болатын сұрақтардың шеңбері ретінде қарастырылады...» [62].

Жалпы осы негізгі ұғымдар бойынша анықтамаларға тоқталды, енді жалпы осы материалдар төңірегіндегі деректерге тоқталып өтейік. Ең соңында қорытынды деректер келтіреміз.

Ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, біз «құзыреттілік» ұғымына – студенттердің жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деп қарастырсақ болады.

Жалпылама сипаттама негізінде олардың кәсіби құзыреттілігі дегеніміз – ол бірінші кезекте ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Бүгінгі заман талабына сай болашақ педагог бүгінгі заман талабына сәйкес өзін-өзі үнемі үздіксіз жетілдіріп, жаңа технологияларды меңгеріп, кәсіби білімін жетілдіріп,

кез келген ортаға өзін жылдам, аз уақыт аралығында бейімдеп, теорияда алған білімін практикада пайдалана алатын, кәсібіне қажетті білік мен дағдыны қалыптастыра алатын тұлға ғана құзыретті маманға айналады, - деп ойлаймыз.

Жалпы «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарының қолданылып жүрген білім, білік, дағды ұғымдарынан айырмашылығы бар. Себебі, қай жағдайда маман құзыретті болады, егерде ол алған білімін, білігін және дағдысын іс-тәжірибеде қолдана алса.

Сонымен, бұл ұғымның *білімнен айырмашылығы*: ол қызметтік сипатта болмайды, ол қызмет ретінде болады; оның *дағдыдан айырмашылығы*: оқып шыққан материалды топтастыра отырып, белгілі заңдылықтарды, құбылыстарды шығармашылық қабілетін пайдалана отырып өзгерту; *біліктіліктен айырмашылығы* – өзінің болашақ қызметі бірнеше қажетті пән бойынша дағдыларды бір-біріне қосу, біріктіру.

Қоғам талабына қарай оқытушының білім берудегі міндеті нәтижеге бағытталған іс-әрекетті құзыреттілік тұрғыдан жүзеге асыру. Қазіргі уақытта оқытушымен бірге, студенттердің алдына қойылатын талаптар да өсуде. Талап студенттердің бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

Құзыреттілік тәсіл - қазіргі таңда оқу орындарында жаңа тәсіл болып табылады және студенттердің өзгермелі жағдайда әлеуметтік икемділігі мен әрекетін жүзеге асыру қабілетінде пайда болатын студенттердің сапалық кешенін дамытуды көздейді.

Құзыреттілік ең алдымен студенттердің ақпараттық сауаттылығы мен кез келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Сыртқы ортадан ақпарат алу, оны өңдеу студент мінезін қалыптастырудың қайнар көзі болып табылады. Ақпараттарды өз бетімен алуға, талдауға, қайта өңдеуге үйрету ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болады. Мұнда студенттердің өз бетімен жұмысына көп мән беріледі. Студенттер өз беттерінше жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен ғаламтордан, түсіндірме сөздіктерден, түрлі тарихи ақпараттар алып, сабақ барысында пайдаланады. Бұл құзыреттілік студенттің оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етсе, ал оқытушының мақсаты – студентке білімді өздігінен игеру амалдары мен тәсілдерін үйретіп, оның өзіндік дүниетанымын қалыптастыруына жағдай жасау, кеңестер және бағыт-бағдар беру.

Негізгі құзыреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелер:

- студенттерді өз бетінше талдауға;
- өз қызметіне мақсат қоюға;
- жоспарлауға, жинақтауға;
- қорытындылауға, салыстыра дәлелдеуге;
- өзін-өзі бағалауға;
- өз әрекетінің әлсіз және күшті жақтарын көрсете білуге;
- нені меңгергенін, нені меңгермегенін анықтауға [4].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын

енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Сондықтан, қазіргі даму кезеңінде білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытушылар білім беру жүйесінде жаңа оқу технологияларын және интерактивті әдістерін қолдану арқылы студенттің қазіргі заман талабына сай білім алуына мүмкіндік береді. Ол оқытушының ізденісі, жан-жақтылығы құзыреттілік арқылы айқындалады. Даналы қытайлықтар осыған орай бұны келесі мақалда ажыратқан: «мың ұстаздар – әр қайсысы мың әдістерімен» қолданылады, яғни мұғалім өзінің әдістемелік шеберлік қасиеттері негізінде өзіне лайықты педагогикалық технологиялық әдісін тандауға құқылы [26].


Құзыретті маман даярлау мақсатында ғылыми міндеттерді шешудің тиімді жолы – ақпараттық технологияларды қолдану арқылы студенттердің ой-өрісін, өз бетімен іздену, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық әрекеті мен икемділіктерін дамыту, білетіні және білмейтінінің арасындағы қайшылықтарды ашу әрі проблемалық міндеттерді шешу жолдарын жүзеге асыруға болады. Олай болса, құзыретті білім беру арқылы оқытудағы басты міндет – студенттердің ойлау жүйесін өздерінің шығармашылық қабілеттері арқылы игерген білім қорын одан әрі тереңдету және түрлі проблемаларды шеше білетін білімді студент тұлғасын қалыптастыру болып табылады.

Жаңа тұрпаттағы кәсіби мамандарды оқытуда нәтижеге бағытталған іс-әрекетті құзыреттілік тұрғыдан жүзеге асыру – негізгі міндет болса, құзырлылық – студент іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі болып табылады.

Жалпы құзыреттіліктің келесі түрлерін ажыратуға болады – ол ақпараттық құзыреттілік: сыни тұрғыдан түсіндірілген ақпараттарға сүйене отырып саналы, дұрыс шешім қабылдау; өздігінен мақсат қою, сол деректі негіздеу, мақсатқа жету жолында танымдық қызметті жоспарлау және оны жүзеге асыруға талпыныс жасау; логикалық тұрғыда операцияларды қолдану, соның негізінде қажетті ақпараттарды өңдеу; қажетті ақпараттарды өздігінен іздеу, сол деректерді талдау, іріктеу, сақтау, қайта құру, түрлендіру және сонымен қатар тасымалдау.

Коммуникативтік құзыреттілік келесілерді қолдануға мүмкіндік береді: коммуникативті міндеттерге қол жеткізу үшін қажетті стильді, жанрды таңдау және оны қолдану; белгілі нәтижеге қол жеткізу әр қилы көзқарасты адамдармен қарым-қатынас орнату; белгілі өмір жағдайы бойынша өзіндік міндеттерді шешуде ауызша және жазбаша әртүрлі коммуникация құралдарын пайдалану.

Құзыреттіліктің түрлерімен қатар, оны құрайтын негізгі элементтер де кездеседі (1.3-сурет).



1.3-сурет - Құзыреттілікті құрайтын негізгі элементтер

Біз жоғарыда құзыреттілік, оның сипаттамаларына, түрлеріне, оған қойылатын талаптарға талдау жасап өттік.

Зерттеу тақырыбын ашу барысында біз «зерттеушілік құзыреттілік» ұғымына авторлық анықтаманы ұсыну мақсатында «зерттеу», «құзыреттілік» ұғымдарына контент-талдау жасадық, оның қорытындысы келесідей (Қосымша А).


Жалпы біз жоғарыда әртүрлі дереккөздердің негізінде авторлардың берген анықтамалары бойынша өзіндік талдау жасадық. Талдау жасау негізінде біз «зерттеу», «құзыреттілік» және негізгі ұғым «зерттеушілік құзыреттілік» ұғымдарына авторлық анықтамалар ұсындық, ол талдауды келесі ретте келтірдік. Жасалған контент-талдауды келесі схема түрінде сипаттауға болады (1.4-сурет).

Сонымен, жоғарыда келтірілген сурет бойынша келесі қорытынды жасауға болады:

Зерттеу дегеніміз – жаңа ғылыми білімді, жаңа бір өнімді жасау үрдісі.

Құзыреттілік дегеніміз – алынған білім, білік және дағдыны іс-тәжірибеде қолдану.

Зерттеушілік құзыреттілік дегеніміз – жаңа ғылыми білімді жасау үрдісінде алынған білім, білік және дағдыны іс-тәжірибеде қолдану (Қосымша А).



1.4 - сурет - «Зерттеушілік құзыреттілік» бойынша контент-талдаудың схемасы

Енді келесі параграфта зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың жағдайын қарастырамыз.

1.2 Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру жағдайы

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі модернизациялау үдерісі – білім мазмұны мен сапасын арттыру, білім берудің ұлттық моделін жетілдіру, ақпараттық технологиялар жөнінде жаңаша педагогикалық көзқарас қалыптастыру секілді кешенді шараларға тікелей қатысты. Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез келген мемлекеттің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады.

Бұл мақсатты жүзеге асыруда еліміздегі білім беру саласының бағыт-бағдарын айқындайтын Білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаны бәрімізге белгілі [27].

Бағдарлама бірнеше мақсаттар мен міндеттерден туындап отыр, соның ішінде техникалық және кәсіптік білім берудің мақсаты: қоғамның және

экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, педагог мамандығының беделін көтеру, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру [27].

Білім беру жүйесіндегі жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті, функционалды сауатты жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістер біздің мемлекетіміздің әлемдік деңгейге жету жолында көптеген қадамдар жасауда, сол педагогика теориясына, практикасына да өз әсерін тигізбей қоймайды, яғни білім беру қатысты парадигмаларды, жүйелерді, формаларды әдістерді үнемі жетілдіріп отыру қажеттілігін туындатып отыр.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай жетілдірілуі студенттердің болашақ кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына зор ықпал етеді.

Қазіргі таңда білікті маман даярлаушы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру үшін, алдымен маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру керек деген әртүрлі пікірлер жиі айтылуда.

Болашақ кәсіби құзіретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт – бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы.

Біздің зерттеуімізде арқау етіп отырған дүние – ол болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру. Студенттің зерттеушілік құзыреттілігін колледж, мектеп жағдайында дамытудың жолдарын қарастырып өткеніміз артық етпес. Оны дамытудың бірден-бір жолы факультатив сабақтар. Факультатив сабақтар – оқу пәндерін студенттердің өз таңдауы және қызығуларына орай тереңдете оқуына арналып, ғылыми-теориялық білімдері мен практикалық ептіліктерін дамытуды көздейді. Білім беру міндеттеріне сәйкес факультатив түрлері келесідей:

- негізгі оқу пәндерін тереңдете игеру;
- қосымша пәндерді (логика, риторика және т.б.) меңгеру.

Студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін дамытатын ортаның бірі үйірме болып табылады. Үйірме жұмыстары – студенттердің сұранысы бойынша, пән сабақтарында алған білімдерін жетілдіру негізінде жүргізіледі.

Үйірме жұмысының мақсаты: студенттердің сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілетін және қоғамдық қарым-қатынасын қалыптастыру.

Үйірме жұмыстарын ұйымдастырудың міндеттері:

- оқу-тәрбие үрдісінде алған білімдерін ары қарата дамытуға мүмкіндік жасау;
- студенттердің қоғамдық белсенділігін дамыту;
- студенттердің өзара қарым-қатынасын қалыптастыру, белгілі бір еңбекке (болашақ мамандықтың түріне) баулу, оны дамытуға ықпал ету;

Үйірме жұмыстарының алдына қоятын негізгі талабы:

- үйірме жұмыстарының қатысатын студенттердің қабілетін ескеру;
- оқыту мен тәрбие берудің өзара байланысы;
- студенттердің еркіндігі;
- нарықтық экономикалық қажеттілікті негізге алу.

Үйірмелерге қатысатын студенттердің практикалық білім, білік дағдылары бірдей болуы мүмкін емес. Себебі оның білімі, қызығушылығы, қабылдауы және жұмысқа қабілеттері әртүрлі болғандықтан, алған дағдылары да тұрақты болмайды. Сабақтан тыс жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарын үйірмелерді зерделегенде төмендегідей жағдайларды ескеру керек:

- сабақтан тыс уақытта жүргізілетін жұмыстардың (жоспарларын, бағдарламаларын, мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, т.б.) қоғамдық сұранысқа байланысты жетістіктері мен кемшіліктерін айқындап, пән сабақтарының мазмұнымен салыстыра және сабақтастыра отырып, сыныптан тыс жүргізілетін үйірме жұмыстарының жүйесін, мазмұнын айқындау;

- бүгінгі әлеуметтік-экономикалық нарықтық қатынастарға байланысты студенттердің өздерінің қабілеті мен іскерлігі бойынша үйірме жұмыстарына қатыстыру;

- ұсынылатын үйірме жұмыстарының жүйесі студенттердің жеке тұлға ретінде дамып, қалыптасуына ықпал ететіндей болуы.

Үйірме, факультатив сабақтар студенттердің өзін-өзі тұлғалық танытуына, ұжыммен өзара қарым-қатынасын жасауға мүмкіндік береді, өзінің ұйымдастырушылық және лидерлік қабілеттерін көрсетуге, өзіне және қоршаған ортаға сыни қатынасының дәрежесін реттеуге, төзімділікке үйретеді.

Жалпы ЖОО-да жалпы ғылымға, оның ішінде, студенттердің зерттеушілік іс-әрекетіне заман талабына сай аса көңіл бөлініп отыр. Осы ретте ЖОО-ның оқу процесінде студенттердің зерттеушілік қабілеттерін дамытып, оларды сол үрдіске тарту және қызықтыру мақсатында әр қилы іс шаралар ұйымдастырылып жүр. Атап өткендей: ғылыми зерттеу бағыты бойынша пәндердің оқытылуы; сабақтан тыс уақыттағы «Жас ғалым» клубтары, «Жас ғалым» курсы, «Жас ғалымдар» мектебі және т.б. Оның дәлелі ретінде бір мысалды қарастырып өтейік.

Біз мысал ретінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жалпы және этникалық педагогика» кафедрасының қарамағындағы «Жас ғалымдар» мектебін қарастырғанды жөн көрдік.

Ол мектеп қабылданған ереже негізінде жұмыс істейді. Онда жалпы ғылымға деген құлшынысы, қызығушылығы, қабілеті... бар студенттер қатысады.

«Жас ғалымдар» мектебі жас ғалымдардың кәсіби өсуіне, олардың ғылыми әлеуетін барынша қолдануына, кәсіби және әлеуметтік салаларда олардың мүддесін көрсетуге ықпал ететін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жалпы және этникалық педагогика кафедрасының жас ғалымдарының бірлестігі болып табылады.

Мектептің құрылу мақсаты – жас ғалымдардың кәсіби қалыптасуына, шығармашылық өсуіне, ғылыми әлеуеттерін барынша қолдануға, жас

ғалымдарды ғылыми-зерттеу қызметіне тартуға, кәсіби және әлеуметтік салаларда олардың мүддесін көрсетуге ықпал ету.

Мектептің негізгі міндеттері: ҚазҰУ-дың құрылымдық бөлімшелеріндегі жас ғалым кадрларын бекіту мен жас ғалымдардың кәсіби өсуіне ықпал ету; жас ғалымдардың Бүкілресейлік және халықаралық конференциялары мен симпозиумдарына, ғылыми семинарларына, сондай-ақ, ҚазҰУ-нің жас ғалымдарын озық кәсіпорындарына, соның ішінде шетелдік кәсіпорындарға іссапарға жіберуге ықпал ету; жас ғалымдарға гранттық қолдау көрсететін қорлар мен дайындалушы конференциялар туралы ақпарат тарату; бірлескен жұмыстар жүргізу, өзара тиімді қарым-қатынастар мен бірлескен жобалар үшін жағдай жасау мақсатында ресейлік және шетелдік ғалымдармен байланыс орнату; мектептің міндеттерінің шешімін орындағаны немесе белсенді ықпал еткені үшін ҚазҰУ-дың ең белсенді жас ғалымдарын моральдық және материалдық ынталандыруға ұсыну; Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Ережеге қайшы келмейтін және алға қойылған мақсаттарға сәйкес басқа да қызмет түрлерін жүзеге асырады.

Жалпы келтірілген мәлімет негізінде келесі қорытынды жасауға болады: жас ғалымдардың кәсіби өсуіне, олардың ғылыми әлеуетін барынша қолдануына, кәсіби және әлеуметтік салаларда олардың мүддесін көрсетуге ықпал ететін жас ғалымдарының ортасы болып табылады. Яғни, оқу процесінде ұйымдастырылатын Республикалық, Халықаралық, қалалық ғылыми конференцияларға, ғылыми зерттеу бойынша сайыстарға, жобаларға қатысуға, жалпы зерттеу бағыты бойынша курстық жұмыстарды (жобаларды), дипломдық жұмыстарды (жобаларды) сапалы түрде орындауға жол ашады. Осы кезеңдерден өткен жас ғалым болашақта магистратураға, PhD докторантураға түсіп, ғылыми жолды жалғастыруға үлкен мүмкіндік алады.

Оқу процесінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруда негізгі орынды жаңа оқыту технологиялары да алады. Себебі бүгінгі заман талабына сай құзыретті маманға қойылатын талаптардың бірі – ол жаңа оқыту технологияларын меңгеру болып табылады. Енді жалпы жаңа оқыту технологияларына тоқталып өтейік.

Жаңа оқыту технологиясының түрлері өте көп. Солардың кейбіреулерін қарастырайық, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту (студенттердің белсенділігі жоғарылап, өздерінің күштеріне деген сенімдері арта бастайды), М.М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы» (студенттердің интеллектуалды және шығармашылық потенциалын дамытуға бағытталған), Ж. Қараев пен Ж. Кобдикованың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі» (деңгейлік тапсырмалар беру арқылы дамыта оқыту идеясы жүзеге асырылады). Педагогика ғылымының докторы Ж. Қараевтың «Деңгейлік оқыту технологиясы» (оқылатын ақпараттың азаюы арқылы емес, студенттерге қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі заман талабы әр студенттің сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, соны игеріп, ізденіп, талап-пікір таластыру деңгейіне жету мақсатын көздейді).

Ойын технологиясын қолдану арқылы студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға болады. Сабақ барысында тест және

карточкалық тапсырмаларды, кубизм стратегиясын қолдану арқылы, INSERT картасын пайдалану арқылы және т.б. әдістерді қолдану арқылы студенттердің зерттеушілігін қалыптастыруға болады.

Ғылыми-зерттеу құзыреттілігі – белгілі бір саладағы білімдер жиынтығы, зерттеу дағдыларының болуы, алған білімдері мен дағдыларын нақты бір қызметке пайдалана алуы. Ғылыми-зерттеу құзыреттілік студентте оқу-таным әрекетінің ажырамас бір бөлігі ретінде қалыптасуы тиіс. Ғылыми-зерттеу құзыреттілігі тек зерттеушілік әрекеттерде ғана қалыптаса алады. Студенттің ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеті – заманауи колледждерде оқытудың өзекті және озық формаларының бірі болып табылады. Студенттерде зерттеушілік дағдылардың қалыптасуы олардың пәндер бойынша білімдерінің кеңеюіне, өзекті сипат алуына және қызығушылықтарының артуына себеп болады. Зерттеушілік дағдылар ойлаудың ғылыми образының дамуына негіз болады. Олар балалар ұжымында, студенттар, педагогтар, ғалымдар мен мамандар арасында мәнді қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал етеді. Аталмыш үдерістің маңызды бір бөлігіне өз бетімен қажетті білім алу, оларды тәжірибеде пайдалана алу, көп мөлшердегі ақпаратпен сауатты жұмыс істеу, зерттеу үшін тиісті мәліметтерді жинау, оларды талдау, мәселелерді шешу үшін гипотезалар ұсыну, қорытынды жасай алу, заңдылықтарды белгілеу, практикалық шешімдер таба білу жатады. Кәсіби өзін-өзі анықтау студенттердің ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруда өте маңызды.

Зерттеушілік құзыреттілігі студенттер танымының ойлау, іздену, логикалық, шығармашылық үдерістерімен байланысты білім беру құзыреттіліктерінің тұтас кешенін құрайды. Ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру кезінде теориялық материал саналы түрде меңгеріледі, негізгі ұғымдардың белгілері ажыратылады, білім көлемі кеңейеді, әртүрлі дағдылар мен біліктіліктер қалыптасады, басқа пәндермен сабақтасады. Осыған байланысты қазіргі уақытта заманауи колледждерде білім беру барысында тек жүйелі білім, дағды мен біліктілік қалыптасып қана қоймайды. Колледждерде қазіргі таңда студенттің интеллектуалдық және өнегелік дамуына, шығармашылық ойлаудың қалыптасуына, ақпараттармен жұмыс істей алуына бағытталған. Педагогикалық қызметтің негізгі бағытына студенттердің ғылыми зерттеу құзыреттілігінің дамуы үшін оқу материалдарын бірлестіру арқылы қолайлы орта жасау болып табылады.

Сабақ барысында, тіпті сабақтан тыс жұмыс түрлерінде студенттерде ғылыми-зерттеу біліктіліктерін жүйесіз дағдыландыру ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастырып, дамытуға негіз бола алмайды. Бірнеше заманауи педагогикалық технологиялардың (зерттеушілік, жобалық, ақпараттық-коммуникациялық) мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қойылған мақсат-міндеттерге қол жеткізуге болады.

Студенттерде ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастырып, дамыту үшін келесідей бағыттарды ажыратуға болады:

- зерттеу сапасын дамытуға бағытталған оқу-әдістемелік кешендер пайдалану;
- ақпаратпен өз бетімен жұмыс істеудің тиімді әдіс-тәсілдерін

қалыптастыру, студенттер қабылдауының жастық және жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру;

- жалпы білім беру үдерісіне жобалар және зерттеу технологияларын енгізу: сабақтан тыс уақытта студенттердің интеллектуалды тәрбиеленуі бойынша тұлғаға бағытталған жұмыстар жүйесін пайдалану.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары әдетте 2 кезеңнен тұрады:

- а) теориялық;
- б) практикалық.

Бірінші кезеңде негізгі рольді педагог атқарады, ол студенттің пәнге деген қызығушылығын тудырады, шындықты іздеуге, шеберлікті меңгеруде көмекші болады. Екінші кезең бірінші кезеңнің жалғасы болып табылады.

Практикалық кезеңде студенттер өз бетімен зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-зерттеушілік дағдылар қалыптасып, бекиді.

Тәжірибе көрсеткендей студенттерде ең алдымен тақырыпты таңдауда, зерттеу жұмысының мақсат-міндеттерін тұжырымдауда, гипотезаны ұсынып, негіздеуде қиындықтар туындайды.

Сондықтан студенттің ғылыми-зерттеу жұмысында өзін-өзі ұйымдастыру үшін мына шараларды іске асырған жөн:

- ғылыми жұмысты бастамас бұрын, ең алдымен, бір жылға арналған жұмыс жоспары мен кестесін құру қажет;
- зерттеу тақырыбын қорғау, алғашқы зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша есеп беру, зерттеу жұмысының бірінші тарауын қорғау, алдын ала қорғау сияқты бірнеше рет аралық іс-шараларды өткізген жөн;
- жетекші мен студент зерттеуге қатысты ақпарат бойынша ақыл-кеңес ұйымдастыру қажет.

Ғылыми-зерттеушілік дағдылар неғұрлым ерте қалыптасып, дамыса, соғұрлым сабақтар, факультативтер, арнайы курстар тиімді өтеді. Сондықтан ғылыми-зерттеу дағдыларды мазмұны мен орындалуы бойынша қарапайым тәжірибелер арқылы ертерек қалыптастырып, дамытқан жөн. Осыған орай, колледждерде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарында эксперименталдық зерттеу жұмыстарын, ғылыми-зерттеу жобалары мен студенттердің ғылыми-зерттеу конференцияларын жиі ұйымдастыру қажет. Қазіргі уақытта студенттер мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асырылатын көп айлық зерттеу және шығармашылық іс-әрекеттердің нәтижесі болып табылатын ғылыми-зерттеу экспедицияларына, далалық іс-тәжірибелерге, олимпиадаларға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, зертханаларда тәжірибе жүргізеді. Конференцияға ең үздік зерттеу жұмыстары шығарылады.

Жоғарыда келтірілген мәліметтердің барлығы студенттердің зерттеушілік құзыреттілігінің дамуына ықпал етіп, студенттің саналы және сауатты түрде өзін-өзі дамытудың білім берушілік траекториясын анықтауға себебін тигізеді. Ең бастысы «өмір бойы оқу» ұғымы шын мәнінде жүзеге асуы қажет деп есептейміз.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді қорытындылай келе болашақ педагог бойына зерттеушілік құзыреттілікті жоғары оқу орнының оқу процесінде қалыптастыруға мүмкіндіктердің бар екенін анықтадық. Енді келесі тармақта

болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын қарастырып, оларға толыққанда сипаттама беруге тырысамыз.

1.3 Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының жүйесі

Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының жүйесін осы тақырып аясында анықтамас бұрын, жалпы «педагогикалық шарттар» дегеніміз не екендігін анықтап алғанымыз жөн, жалпы педагогикалық шарттар проблемасымен айналысатын автор кім деген сынды сұрақтарды анықтап алғанымыз дұрыс болар.

Ғылыми әдебиеттер бойынша *педагогикалық шарттар дегеніміз* - ішкі талаптардың қажетті жиынтығы деп түсінуге болады, олардың қанағаттандырылуы өзімізге қажетті нәтижеге жетуді қамтамасыз етеді [63]. Біздің зерттеуімізде сол педагогикалық нәтиже – ол ақпараттық технологиялар арқылы студенттерді іс қағаздарын жүргізуге оқытудың педагогикалық шарттарын анықтау.

Педагогикалық шарттарды таңдау кезіндегі тиімділік және оптималдық критерийі – ол соңғы нәтиже болып табылады [64], біздің жағдайда студенттерді ақпараттық технологиялар арқылы іс қағаздарын жүргізуге оқыту - деп алынған.

Педагогикалық шарттар дегеніміз – оқу-тәрбие жұмысының мәселелерін шешуде, сонымен қатар, оқыту үрдісін жүзеге асыруда қойылатын шарттар [65].

Жалпы педагогикалық шарттар айналасында жазылған ғылыми-зерттеу жұмыстарын қарастырып өттік. Ол сұрақтармен айналысатын авторлардың бар екендігі анықталды. Ол авторлардың әрқайсысы педагогикалық шарттардың, олардың жүйесін өз проблемасына қатысты талқылаған. Енді ол жұмыстардың бірқатарына қысқаша тоқтала кетейік: С.Т. Сиргебаева [66], Ж.С. Сихынбаева [67], Г.Е. Самашова [68], А. Мустояпова [69], С.А. Көшімбетова [70], А.Ш. Орақова [71] және т.б.

Нақты білім беру саласында педагогикалық шарттар проблемасымен айналысатын авторлар баршылық, енді олардың кейбіреулеріне тоқтала кетейік. Енді осы авторлардың еңбектерін қысқаша сипаттап өтейік.

С.Т. Сиргебаева «Жоғары оқу орындарында ақпараттық технологияны қолданудың педагогикалық шарттары (ағылшын тілі пәні материалдары негізінде)» [66]. Аталмыш зерттеудің мақсаты - жоғары оқу орындарында ақпараттық технологияны қолдануды теориялық тұрғыдан негіздеу және оның педагогикалық шарттарын айқындау. Зерттеудің жетекші идеясы - жоғары оқу орындарында ақпараттық технологияны қолдану ағылшын тілін заманауи талабына сай жетік меңгерген, білімді тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ж.С. Сихынбаева «Студенттердің экологиялық білімін арттыруда инновациялық технологияларды пайдаланудың педагогикалық шарттары» [67]. Аталмыш зерттеудің идеясы - инновациялық технологияларды пайдалана отырып студенттердің экологиялық білімін арттыруды жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесінде мақсатты түрде жүзеге асыру қажет.

Г.Е. Самашова «Ақпараттық технологиялар арқылы студенттерді іс қағаздарын жүргізуге оқытудың педагогикалық шарттары» [68]. Зерттеудің мақсаты – ақпараттық технологиялар арқылы студенттерді іс қағаздарын жүргізуге оқытудың педагогикалық шарттар жүйесін теориялық тұрғыда негіздеп құрастыру.

А.С. Мустояпова «Қазіргі кезеңде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» [69], С.А. Көшімбетова «Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары» [70], А.Ш. Орақова «Оқу процесінде оқушылардың шығармашылығын дамытудың педагогикалық шарттары» [71] және т.б.

Келесі автор өз еңбегінде жалпы мектепте оқушыларының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру үшін келесі жағдайлардың қажет екендігін атап өтеді [72]:

- ұсынылған әдебиетпен жұмыс істей алу қабілеті;
- кітапта ұсынылған материалды сынай алу қабілеті.
- өзінің ойларын анық және нақты жеткізе алу қабілеті.

Оқушыға тән дүниеден басқа жалпы педагогтарға белгілі талаптарда қойылатындығын атап өтеді. Атап айтқанда:

- педагогтың өзі шығармашылық тұлға болуы қажет.
- педагог үнемі өзін-өзі тәрбиелеумен айналысуы қажет;
- белсенді педагогикалық позицияны ұстап, зерттеу құзыреттілігіне өзіндік құлшынысына ие болуы қажет.
- өзінің қызметінің және оқушының қызметінің жетістіктерін болжай білуі қажет.

Сонымен қатар, оқушыларының ғылыми-зерттеушілік қызметін қалыптастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыруда психологиялық-педагогикалық принциптерге жүгінуі қажеттілігі белгіленген: қолжетімділік, табиғилық, саналылық, мәдени саналылық, өзінің қызметі.

Енді жалпы педагогикалық шарттар бойынша авторларға, олардың еңбектеріне қысқаша шолу жасап өттік. Шолу негізінде жалпы педагогикалық шарттар дегеніміз не деген сұраққа нақты жауап алдық. Енді өз магистрлік диссертациямызда қарастырып отырған болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын қарастырайық. Сол біз ұсынып отырған педагогикалық шарттарды пайдалану нәтижесінде жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін оны жүйелі түрде құрастыруды жөн көрдік. Сол себептен бірінші ретте жалпы «жүйе» ұғымына тоқталайық.

Ал енді сол ғылыми зерттеу аясында педагогикалық шарттарды нақты түрде ұсынбас бұрын, «жүйе» дегеніміз не, оның педагогикалық шарттарды құрастыруда алатын орны мен маңызын қарастырайық. Себебі жүйелі түрде

құрастырылып, енгізілген педагогикалық шарттар ғана тиімді нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық теоретиктер мен практиктердің педагогикалық лексикасында әр қилы контексте «жүйе» (оқыту, тәрбиелеу жүйесі, әдістер, тәсілдер жүйесі және т.б.) ұғымы қолданылады. *Жүйе* – жалпы қызмет ету және бірізділік басқару мақсатында біріктірілген және тұтас құбылыс тәрізді ортамен өзара әрекеттесетін бір-бірімен нақты қасиеттері бойынша өзара байланысты ерекшеленген элементтер [3].

Жүйе (лат. *systēma*, гр. *Σύστημα* – бөліктерден құралған тұтастық, қосылыс) – бір-бірімен қарым-қатынаста және байланыста болатын, сөйтіп белгілі бір тұтастық, бірлестік құратын көптеген құрамдас бөліктер жиынтығы; агрегаттар мен машиналардың территориялық принциппен емес, жұмыс істегенде атқаратын міндетіне негізделіп біріктірілген құрылымдар жиынтығы [73].

Жүйе – жалпы қызмет ету мақсатымен және басқару бірізділігімен біріктірілген, ортамен өзара әрекеттесетін біртұтас құбылыс ретінде болатын нақты қасиеттері негізінде ерекшеленген өзара байланысты элементтер.

В.В. Егоровтың, Г.М. Смирнованың, Ж.О. Жылбаевтың пікірінше *жүйе* дегеніміз - өзара әрекеттесетін мақсатты бағытталған жаңа қасиеттері бар элементтер кешені, ол сол элементтерде жоқ және ол сыртқы ортамен байланысты [74].

Жүйенің жалпы түрлері көп, енді жүйелердің түрлерін қарастырайық.

Материалдық жүйе. Материалдық жүйенің өзі органикалық емес табиғат жүйесі және органикалық (тірі) табиғат жүйесі болып бөлінеді. Органикалық емес табиғат жүйелеріне физикалық, геологиялық, химиялық, т.б. жүйелер жатады. Органикалық жүйеге, яғни тірі жүйелерге қарапайым биологиялық жүйелер, организмдер, популяциялар, түрлер (қ. жүйеленім), экожүйелер жатады. Органикалық жүйелердің ерекше түрі – әлеуметтік жүйе. Оған қоғамдағы қарапайым әлеуметтік бірлестіктерден бастап, сол қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымына дейін енеді (қ. Әлеумет, Әлеуметтік байланыс).

Абстрактілік жүйе. Абстрактілік жүйелерге жүйе туралы ұғымдар, гипотезалар, теориялар, ғылыми білімдер, лингвистикалық (тілдік) жүйелер, формальды жүйелер, логикалық жүйелер т.б. жатады.

Тұрғылықты жүйе. Кейбір зерттеушілер жүйелерді басқаша да жіктейді. Мысалы, тұрғылықты (*статикалық*) жүйе және қозғалмалы (*динамикалық*) жүйе.

Тұрғылықты жүйелер өзгерістерге төзімді, тұрақты әрі орнықты болып келеді. Олардың төзімділігі мен орнықтылығы өте ұзақ уақыт бойы өзінің бастапқы қалпын сақтай алуынан байқалады.

Қозғалмалы жүйе. Қозғалмалы жүйелерде оның құрамдас бөліктерінің, тіпті, құрылымының өзгерістері ұдайы болып тұрады.

Жабық жүйе. Тағы бір зерттеушілер жүйелерді жабық жүйе және ашық жүйе деп бөледі. Жабық жүйелер сыртқы ортадан мейлінше оқшауланған. Барлық тұрғылықты жүйелер жабық жүйе болып саналады. Бірақ бұл жағдай олардың ішінде қандайда бір өзгеру процестерінің болуын жоққа шығармайды.

Ашық жүйе. Ашық жүйелер басқа жүйелермен және сыртқы ортамен ұдайы өзара әрекеттестікте болуымен ерекшеленеді. Олардың арасында зат, энергия және ақпарат алмасу процесі жүреді. Барлық ашық жүйелер қозғалмалы жүйелер болып табылады.

Механикалық жүйе. Олар, сондай-ақ, өздігінен тұрақтанатындығымен және реттелетіндігімен сипатталады. Жіктеудің тағы бір үлгісі бойынша, жүйелер механикалық жүйе, органикалық жүйе және гармониялық жүйе болып бөлінеді.

Механикалық жүйе құрамдас бөліктердің қарапайым жиыны емес, алайда олардың төмендегідей ерекшеліктері болады:

а) бөліктерден құралады;

ә) оның құрамдас бөліктерін жеке де, сондай-ақ, тобымен де басқа құрамдас бөліктермен ауыстыруға болады. Механикалық жүйелер, әдетте, тұрғылықты және жабық болады.

Органикалық жүйе. Органикалық жүйелердің де өзіндік ерекшеліктері бар:

а) олар жекелеген, алдын - ала дайын құрамдас бөліктерден құралмайды, қайсыбір бастапқы құрамдас бөліктің (жасуша мен эмбрион тәрізді) біртіндеп және қайтымсыз бөлінуі арқылы басқа құрамдас бөліктер өніп шығады;

ә) олардың тұтастығын, құрылымын бұзбай, оған бірнәрсені енгізу, я болмаса алып тастау мүмкін емес. Барлық органикалық жүйелер қозғалмалы жүйелер болып табылады. Әдетте, олар салыстырмалы түрде ғана ашық жүйе болып саналады, ал шын мәнінде олар жабық жүйе. Ал гармониялық жүйелер нағыз ашық жүйелер болып табылады [75].

Сонымен қоса, деректерге сүйене отырып, жүйенің келесі түрі де бар екендігі анықталады. Ол - экономикалық жүйе, ол дегеніміз – экономикалық өнімді өндіру, бөлу, айырбастау, тұтыну барысында туындайтын негізгі экономикалық қатынастардың нысаны мен мазмұнын айқындайтын қағидаттардың, ережелердің, заң жүзінде баянды етілген нормалардың тарихи тұрғыда пайда болған немесе белгіленген, елде жұмыс істеп тұрған жиынтығы.

Экономикалық жүйе – бұл қоғамның белгіленген тұтастықты, қоғамның экономикалық құрылымын бейнелеуші өзара байланысты экономикалық элементтер жиынтығы; өндіріс туралы жинақталатын қатынас бірлігі, бөлу, айырбастау мен тұтыну, экономикалық игілік [76].

Енді осы тақырып аясында болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары келесілер деп белгіледік:

1) «Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері» пәнінің мазмұнына қосымша тақырыптар;

2) «Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері» бойынша оқу құралы;

3) «Кәсіптік педагогикадағы ғылыми зерттеу негіздері» бойынша электронды оқулық;

4) «Зерттеу негіздері» бойынша екі тілді анықтамалық-терминологиялық сөздік.

Жалпы зерттеу жұмысы шеңберінде ұсынып отырған педагогикалық шарттарымыз ғылымға деген қығызшылығы, қабілеті, талпынысы бар болашақ педагогтарға рет бойынша ұсынуды жөн көрдік.

Педагогикалық шарттарға тоқталмас бұрын жалпы осы белгіленген пәннің мақсатына, мазмұнына, студенттер не білуге міндетті, дағдылануға міндетті екеніне тоқталайық.

«Кәсіптік педагогикадағы ғылыми зерттеу негіздері» пәні базалық компонентінің таңдау бойынша пәндері қатарына жатады. 5B012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша оқытылатын студенттердің дайындалуына ұсынылады.

Пәннің мақсаты

Берілген пәнді оқыту мақсаты кәсіби оқыту мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізуге болашақ кәсіби оқыту педагогтарының даярлығын қалыптастыру болып табылады.

Пәннің міндеттері:

«Кәсіптік педагогикадағы ғылыми зерттеу негіздері» пәнінің негізгі міндеттері төмендегідей болып табылады және де берілген пәнді оқу нәтижесінде студенттердің міндетті:

- - шығармашылық әдіснамасы мен ғылыми таным негіздерін;
- - ғылыми зерттеудің бағытын таңдау негіздерін;
- - зерттеу нәтижелері мен мәліметтерін өңдеу негіздері;
- - педагогикалық тәжірибе логикасын;
- - ғылыми жұмыстарды рәсімдеу ережелері.
- Берілген пәнді зерделеу нәтижесінде:
 - *білуге міндетті:*
 - - ғылыми мәселелердің негізін;
 - - педагогикалық зерттеудің әдіснамалық мәселелері мен ғылыми әдістеменің негізгі ережелерін;
 - - теория мен тәжірибенің бірлік диалектикасын;
 - - зерттеулердің логикалық құрылымын;
 - - ғылыми-педагогикалық зерттеулердің ұйымдастырылуын және техникасын;
 - - зерттелетін сұрақтың жағдайын талдау әдістемесін, тәжірибе және ғылыми айғақтардың қалыптастыруын және жинақтауын;
 - - педагогикалық тәжірибені жүргізу және ұйымдастыру әдістемесін;
 - - ғылыми еңбектерді рәсімдеу ережелерін және эксперименталды мәліметтердің математикалық санақтық өңдеу әдістерін.
 - *дағдылануға міндетті:*
 - - педагогикалық құбылыстарды бақылап талдауға;
 - - әлеуметтік зерттеулердің негізін қолдануға;
 - - педагогикалық тәжірибені үйренуге және жалпылауға;
 - - педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыруға және өткізуге;
 - - зерттеулердің мәліметтерін өңдеу барысында математикалық әдістерді қолдануға;

- зерттеулердің нәтижесін өңдеуге, алынған мәліметтерді баяндама, мақала, курстық және дипломдық жұмыс түрінде жалпылауға және рәсімдеуге.

Жалпы пән бойынша жалпы мәлімет келтірілді, енді төменде педагогикалық шарттардың біріншісіне тоқталамыз, яғни бірінші ретте қолданыстағы тақырыптардың мазмұнына, ал содан кейін енгізілетін тақырыптарға тоқталамыз.

- педагогикалық шарттың біріншісі – **«Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері» пәнінің мазмұнына қосымша тақырыптар.**

Бағдарламаға енген қосымша тақырыптардың мақсаты – болашақ педагогтардың ғылыми зерттеу бағыты бойынша білімдерін тереңдету.

Қосымша тақырыптар 5B012000 – Кәсіптік оқыту мамандарын даярлау процесінде жүзеге асатын пән шеңберінде енгізіліп отыр. Неге, себебі осы пән шеңберінде қарастырылатын сабақтың мазмұнымен ғана шектелсек ол жеткіліксіз. Сол себептен біз әртүрлі сабақ формаларына (дәрістік, практикалық, СОӨЖ, СӨЖ) қосымша тақырыптарды енгізу жолын қарастырып, өзімізге қажетті зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыра аламыз. Енгізілген тақырыптарды және жалпы пәннің мазмұнын екінші тараудың 2.1 параграфында қарастырамыз.

Әр алты тақырыпты жан-жақты қарастырғаннан кейін, біз сөздікпен жұмыс тармағын енгіздік. Бірақ сөздікпен жұмыс тармағын жеке педагогикалық шарт ретінде төменде қарастырамыз, сонда оған толыққанды сипаттама береміз.

- педагогикалық шарттың екіншісі – **«Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері» оқу құралы.**

Самашова Г.Е., Егоров В.В., Құрымбаев С.Ф., Абиьгазин Б.И. және т.б. Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері. - Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2014. – 96 б.

Оқу құралын дайындаудағы мақсатымыз – пән аясында студенттердің дәрістік, практикалық, СОӨЖ, СӨЖ сабақтарды меңгеру барысында пайдалану.

«Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері» оқу құралы 5B012000 «Кәсіптік оқыту» мамандықтарының студенттеріне арналған. Оқу құралының мазмұнында кәсіби педагогиканың ғылыми-теориялық негіздері, кәсіпке баулу мазмұны, кәсіпке баулу формалары мен әдістері, кәсіпке баулудың қағидалары мен жүйелері, ғылыми зерттеудің негізгі кезеңдері, ғылымның қазіргі заман өміріндегі рөлі, ғылыми зерттеудің әдіснамасы, ғылыми қызметтің түрлері, ғылыми жұмыстағы психологиялық және әлеуметтік факторлар, эмпирикалық зерттеудің әдістері, эмпирикалық және теориялық зерттеу деңгейлерінде қолданылатын әдістер, теориялық зерттеудің әдістері және сұрақтар қарастырылған.

Ұсынылып отырған оқу құралын 5B012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығының студенттеріне, аталмыш мамандықтың магистранттарына, әр қилы мамандықта оқитын магистранттарға, жоғары оқу орнының оқытушылары, кәсіптік-техникалық колледждің мұғалімдері, сонымен қатар, мамандарды даярлау және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады. Ал

кейбір сұрақтары бойынша «Кәсіптік педагогика», «Инновациялық оқыту технологиялары» оқу пәндері шеңберінде пайдалануға да болады.

Ендігі кезекте жалпы электронды оқулық дегеніміз не, оның қандай түрлері бар, оған қандай талаптар қойылады, құрылымы мен мазмұны қандай, осы проблема бойынша қандай авторлар айналысады деген сынды сұрақтарға тоқтала өтейік.

Жалпы электронды оқулыққа қысқаша талдаудан кейін, келесі педагогикалық шарттарға көшеміз:

- педагогикалық шарттың үшіншісі – «Кәсіптік педагогикадағы ғылыми зерттеу негіздері» электронды оқулығы.

Самашова Г.Е., Егоров В.В., Абильгазин Б.И. және т.б. Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері. Электронды оқулық. № 2331. Астана, 2015.

Ұсынылып отырған электронды оқулықтың мазмұны келесі тақырыптарды қамтиды: *пән мазмұны, кіріспе*, онда қарастырылған сұрақтар - теория мен практика арасындағы қарама-қайшылықты анықтау, *кәсіби педагогикадағы ғылыми шығармашылық, ғылыми зерттеу немен сипатталады?; кәсіби педагогика бойынша ғылыми-педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру, ғылым танымның жозарғы түрі, ғылыми мәселелер* - зерттеу жоспары (тақырып бойынша), ғылым әдіснамасы; *кәсіби педагогикадағы зерттеу әдістері, ғылыми зерттеу әдістерінің жіктелуі* - зерттеу логикасы (тақырып бойынша), педагогикалық зерттеудің бағдарламасы, зерттеу аппараты (тақырып бойынша), мұрағат материалдарымен жұмыс; *Кәсіби педагогикадағы жеке мәселені зерттеу барысында қолданылатын әдістер* - аңдатпа, сын пікір, эксперимент мақсаты: зерттеу пәні, гипотезаны тексеру, педагогикалық зерттеудің эмпирикалық әдістері; *ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өңдеу және біріктіру әдістері* - педагогикалық байқауды ұйымдастыру және өткізу, педагогикалық зерттеулерде статистикалық әдістерді пайдалану, ғылыми есеп беру, реферат, аннотация; педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін рәсімдеу және жариялау - өңдеудің статистикалық әдістерін қолдану; редакторлау, басылымға дайындау. Электронды оқулықтың құрылымы мен толықтай мазмұнын зерттеу жұмысының екінші тарауында қарастырамыз.

Енді тікелей сөздіктің өзіне тоқталайық.

5) педагогикалық шарттың төртіншісі – «Зерттеу негіздері» бойынша екі тілді анықтамалық-терминологиялық сөздік [77].

Біздің ұсынып отырған зерттеу негіздері бойынша екі тілді анықтамалық-терминологиялық сөздіктің мазмұнын қарастырмас дұрын, жалпы сөздіктерге сипаттама бере кетейік.

Сөздік – жеке тілдің сөздік құрамының, әлеуметтік топ диалектісінің, жазушы шығармаларының лексикалық жиынтығы. Сөздік – тілдегі сөздерді, сөз тіркестерін, идиомдарды әліпби негізінде я тақырыптық тұрғыдан жүйеге түсіріп, олардың мағынасын ашатын, аудармасын түсіндіретін анықтамалық құралмасы. Сөздік кітап болып, басылып шығуы да, қолжазба ретінде көшіріліп, тарауы да мүмкін. Алайда компьютермен интернеттің пайда болуымен электронды сөздіктердің басымдылығы айқын болып келеді.

Сөздіктің түрлері өте көп. Қазіргі кезде компьютер мен интернеттің пайда болуымен электронды сөздіктердің басымдылығы айқын болып келеді. Сөздіктегі сөздер алфавит тәртібімен беріледі.

Тілдегі сөздер мен фразеологиялық тіркестерді жинап-теріп, оларды жүйеге келтіру жұмыстарын тексеретін тіл білімінің саласын лексикография дейді, яғни бұл сөздік жасаудың әдістемесі мен техникасын үйрететін ғылым деген сөз.

Алғашқы сөздік өзге тілдер сөздерін түсіндіру мақсатында ерте заманда жасалды. Грекияда б.з.б. V ғасырда, Үндістанда б.з. XII ғасырында (Хемачандра), Ресейде XIII ғасырдан бастап сөздіктер құрастырылды. Түркі халықтарының алғашқы сөздігі XI ғасырда жазылған Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ат-түрк» еңбегі саналады. Кейінірек екі тілді немесе көп тілді сөздіктер жасалды. Мысалы, араб-парсы, түрік-моңғол сөздерін салыстыру тұрғысынан Замахшаридың «Мұқаддимат әл-адаб» сөздігі (XII ғасыр), Әбу Хайяның «Китаб әл-идрак Ли-Лисан әл-атрак» атты қыпшақ тілінің грамматикасы мен сөздерінің жинағы (XIV ғасыр), Жамал әд-диннің араб-қыпшақ сөздігі ретінде құрастырылған «Бұғат әл-мұштак» (XV ғасыр) еңбектері. Қазақ тілінің сөздіктері 1860 жылдардан бастап жарық көре бастады. Сөздіктің әлеуметтік қызметінің маңызды ерекшелігі: дереккөзі ретінде жылдам ақпарат алуға болады; сөздердің мағынасы мен дұрыс қолданылуы туралы нормативтік бағыт береді, т.б. Сөздік жасаудың әдісін, теориясы мен тәжірибесін, технологиясын лексикография саласы зерттейді.

Сөздіктердің түрлері көп, шартты түрде оларды лингвистикалық филологиялық және анықтама сипатындағы энциклопедиялық сөздіктер деп бөледі. Энциклопедиялық сөздіктерде белгілі бір салаға қатысты ұғым, дерек, зат, құбылыстар сипатталса, лингвистикалық сөздіктер әліпбилік тәртіппен белгілі бір тілдің лексикасы мен фразеологиясын түсіндіруді мақсат тұтады. Мұндай сөздіктер әдеби тілдің әбден қалыптасып, халықтың тіл мәдениеті кемелденген тұста, сөз байлығын нормалық тұрғыдан сипаттау қажеттілігі туындаған жағдайда жасалады. Лингвистикалық сөздіктердің бірнеше түрлері бар: екі тілді не көп тілді аударма сөздіктер, т.б. Аударма сөздіктер бір тілдегі сөздерді басқа тілдің балама сөздерімен беріп, ұлттар арасында сөз алмасу үрдісін, өзара қарым-қатынас жасауды дамытса, түсіндірме сөздіктер сөздердің лексика-грамматикалық сипатын, экспрессивті-эмоционалды бояуын танытып, маңызды ақпараттық дереккөзін сақтаған рухани қазына ретінде қабылданады.

Көп елдерде ұлттық тілдің түсіндірме сөздіктерін жасау мемлекеттің тіл саясатының негізгі бөлігі ретінде арнайы мемлекеттік бағдарламаларға енеді. Синонимдер сөздігі сөздің экспрессивті-стилистикалық реңі мен мағынасын сол сөзге мағынасы жағынан жуық келетін басқа бір сөзбен түсіндіріп, синонимдік шоғыр жиынтығын құрайды. Омонимдер сөздік тұлғасы бір, мағыналары әртүрлі сөздерді, алантонимдер сөздігімағыналары қарама-қарсы сөздерді қамтиды. Фразеологиялық сөздіктер тілдегі тұрақты тіркестердің (идиомдар, фразеологизмдер) мағынасын түсіндіріп, стилистикалық сипатын айқындайды. Этимологиялық сөздіктер жеке сөздердің тарихын, шығу төркінін ашады. Орфографиялық сөздік сөздердің дұрыс жазылуын, ал орфоэпиялық

сөздік дұрыс айтылуын көрсетеді. Терминологиялық сөздіктер жеке ғылым салаларына байланысты терминдерді түсіндіреді, олардың түрлері кәсіп салаларына қарай ұдайы толығып отырады.

Лингвоелтану сөздігі белгілі бір тілде сөйлеушілердің ұлттық ерекшеліктерін сипаттайды. Топонимикалық сөздіктер жер-су аттарын түсіндіруге, қаламгер тілінің сөздігі оның шығармаларының көркемдігін, ұлттық тіл байлығын қолдану ерекшелігін тануға арналған. Мұнан басқа да диалектологиялық, ономастикалық, паронимдік, жиілік, жаңа атаулар және т.б. сөздік түрлері бар. Техниканың дамуына байланысты сөздік түзудің компьютерлік технологиясы жасала бастады. Компакт-дискімен таратылатын немесе компьютерлік жүйенің серверлерінде орналастырылған түрлі электрондық сөздіктер бар [78].

Сөздіктің түрлері өте, атап айтқанда: түсіндірмелі сөздік, этимологиялық сөздік, фразеологиялық сөздік, диалектологиялық сөздік, аударма сөздік, арнаулы сөздік, синонимдік сөздік.

Түсіндірмелі сөздік. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі – қазақ тіліндегі сөздердің мәнін ұғындыратын лұғаттық, анықтамалық құрал. Тіліміздің лексика-грамматикалық, мағыналық, стильдік үлгілерін көрсетеді. Сөздік екі рет жарық көрген:

1) екі томдық түсіндірме сөздік (1959-1961 жж., жалпы редакциясын басқарған – академик І. Кеңесбаев). Мұнда 18135 сөз, 3371 фразеологиялық тіркес қамтылған;

2) он томдық академиялық сөздік (1974-1986 жж., жалпы редакциясын басқарған – А. Ысқақов). Мұнда 66 мың 994 атау сөз, 24 мың 508 фразеологиялық тіркес қамтылған, барлығы 91 мың 502 лексикалық бірлік алынып, оларға 103 мың 708 мағыналық сипаттама берілген. Сөздердің қазақ тілінің бүгінгі қолданысында бар екендігін дәлелдеу үшін 1089 автордың 2597 кітабынан, 180 жеке кітап пен жинақтан, 12 аударма әдебиеттен, 17 оқулықтан, 14 журнал мен 7 газеттен – барлығы 2827 жазба нұсқадан жалпы саны 250 мыңға жуық мысал-үзінділер келтірілген.

Этимологиялық сөздік. Этимологиялық сөздік (грек. *etymon* – ақиқат, *logos* – сөз), белгілі бір тілдегі сөздердің шығу төркінін, олардың бастапқы дыбысталу түрі мен мағынасын анықтайды. Сөз тарихы, мағынасы тіл тарихымен, сол тілді жасаушы, қолданушы халық тарихымен, өткендегі тұрмыс-салтымен, мәдени-рухани өмірімен, өзге елдерге қарым-қатынасымен тығыз байланысты. Орыс тілі бойынша А.Преображенский, М.Фасмер, Н.М. Шанский, В.В. Иванов, Т.В. Шанская, т.б. этимологиялық сөздіктері бар. Түркітануда этимологиялық сөздіктің тарихы А. Вамберидің «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» (Лейпциг, 1878) еңбегінен басталады. 1969 жылы Хельсинкиде шыққан М.Рясяненнің «Түркі сөздерінің этимологиялық сөздік тәжірибесі», 1972 ж. Лондонда шыққан ағылшын ғалымы Дж. Клосонның «XIII ғасырға дейінгі түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі», қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі (1966), т.б. жарық көрген.

Фразеологиялық сөздік. Фразеологиялық сөздік белгілі бір тілдегі әртүрлі фразеологиялық оралымдарды қамтиды, олардың мағыналарын түсіндіреді.

«Орыс тілінің фразеологиялық сөздігі» (ред. бас. А.И. Молотков) 1967 жылы жарық көрді. Бұл сөздікте орыс тіліндегі 4 мыңнан астам фразеологиялық оралымдар қамтылып, олардың мағыналары талданған және айқындайтындай әдебиеттен мысал берілген.

Фразеологиялық сөздік бір тілдік түсіндірме сөздік түрінде де, екі тілдік аударма сөздік түрінде де жасалады. Фразеологиялық сөз тіркестері белгілі дәрежеде түсіндірме сөздіктерде де қамтылады. Фразеологиялық сөз тіркестерін, мақал мен мәтелдерді кең ауқымда қамтыған сөздік – В.И. Даль құрастырған орыс тілінің түсіндірме сөздігі.

Диалектологиялық сөздік. «Диалектологиялық сөздік» (кітап) – қазақ тілі диалектілерінің, оның ішінде, жеке сөйленістерінің лексикалық ерекшеліктері мен құрамында сирек кездесетін фонетикалық, грамматикалық құбылыстарынан мәлімет беретін сөздер қамтылған сөздік.

Сөздікте Қазақстан аумағында жиналған материалдармен қатар Қытай, Монғолия, Ауған, Иран, Ресей, т.б. шетелдердегі қазақ диаспорасының тілінен алынған деректер пайдаланылған. Сөздік тіл мамандарына, ғылыми қызметкерлерге, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, оқу-ағарту ісі мен мәдениет қызметкерлеріне және қалың көпшілікке арналған. Редакциялар алқасы: Ө.Айтбайұлы, С.Әбдрахманов, Ө.Кекілбаев және т.б.

Қазақ халқының ауызекі сөйлеу тілінде қыруар жергілікті ерекшеліктер бар. Бұлардың көпшілігі фонетика мен грамматикадан гөрі лексика саласында жиірек ұшырасады. Қазақ тіліндегі сөз таптарының барлық түрінен де жергілікті ерекшеліктер табылады. Бірақ бір сөз табы (зат есім, етістік, сын есімдер) диалектілік сөздерге өте бай, ал қалған сөз таптарында олар соншалықты көп емес деуімізге болады.

Ауызекі тілдегі сөз айырмашылықтарын жинап-теріп, жеке сөздік етіп шығару жалпы халық тілінің сөз байлығын жете білуге үлкен жәрдем етеді, тіл тарихын салыстырып зерттеуге себін тигізеді. Ара-тұра әдеби тілдің сөз қорын көбейтуге де белгілі мөлшерде қолғабыс жасайтындығы даусыз.

Тіліміздегі диалектілік ерекшеліктер негізінен көне тайпа тілдерінің қалдықтары болса, екінші жағынан, басқа тілдерден ауысқан кірме элементтер екендігі дәлелденген. 1937 жылдан бастап, қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді жинау қолға алынды. Сол экспедициялық материалдардың негізінде Ж.Досқараевтың «Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері» атты тұңғыш сөздігі 1955 жылы басылып шықты.

«Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігін» екінші рет профессор С.Аманжолов 1959 жылы шығарды. Бұған 4000-нан астам жергілікті тіл ерекшеліктері енген.

Аударма сөздік. Аударма сөздік – лингвистикалық (тілдік) сөздіктің бір түрі. Аударма сөздік екітілді немесе көптілді (ағылшынша-орысша-қазақша) болып келеді. Аударма сөздіктің негізгі объектісі белгілі бір тілдегі сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін екінші тілге тәржімалау. Тұңғыш аударма сөздік үлгілері өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап жарық көре бастады (А.Е. Алекторов, Краткий казахско-русский словарь, Приложение к книге «К мудрости ступенька», М., 1891; Т. Бонкин, Русско-киргизский словарь, Верный,

1913; В.В. Катаринский Краткий русско-киргизский словарь, Оренбург, 1897; В.В. Радлов Опыт словаря тюркских наречий, 4-изд., СПб., 1888-1905). Осы ғасырдың XX жылдарынан бастап орысша-қазақша сөздіктер жасауға айрықша мән берілді. 1925-26 ж. бірнеше аударма сөздіктер (казахско-русский словарь, Қызылорда, 1925; Орысша-қазақша әскерлер атаулары Қызылорда, 1926), ал 1936 ж. латын әліпбиі негізінде «Қазақша-орысша сөздіктер» ұдайы шығарылып тұрды. Аударма сөздіктердің бірнеше түрлері бар: бір тілдің сөздік құрамына, лексикалық байлығына негізделіп, сөздің негізгі мағынасы, семантикалық құрылымы, сөздің грамматикалық тұлғалары арқылы түрленуі, стильдік ерекшеліктері, сөзтіркесімділік қабілеті, осы сөз дәйек болатын тұрақты тіркестер жан-жақты қамтылатын екітілді сөздіктер; ғылымның белгілі бір саласына қатысты терминдік атаулардың екінші тілдегі баламасы көрсетілетін сапалық терминологиялық сөздіктер, сөздік құрамының белгілі бір шектеулі бөлігі ғана қамтылатын, арнайы бір топқа (мысалы, мектеп оқушыларына, тілді жаңа үйренушілерге) арналған тілашар сөздіктер және т.б. Аударма сөздік лексикография ғылымының принциптеріне сәйкес жасалады. Сөздер әліпби тәртібімен беріліп, оның тұсына стильдік белгілер (көне, тарихи, эмоциялық экспрессия) қойылады немесе түсініктемелер жазылады, сондай-ақ, техникалық әдістер (таңба-белгілер, курсив, қалың бояулы жазу) пайдаланылады [79].

Арнаулы сөздік. Сауаттылық сөздерді белгілі ережелерге сәйкес дұрыс жазумен ғана көрінбейді, оларды дұрыс айтып, дұрыс оқумен де бағаланады. Өйткені сөз біткеннің бәрі бірдей қалай жазылса, солай оқыла бермейді, көп ретте оларды қалыптасқан орфоэпиялық нормасының қалыптасуына негіз боларын оның бай ауыз әдебиеті екендігі сөзсіз.

Қазақ тіліндегі сөздердің айтылу нормалары көрсететін практикалық құрал ретінде Қ.Неталиеваның «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» 1977 жылы жарық көрді. Сөздікке тәжірибеде жиірек бұзылып айтылып жүрген 15 мыңға жуық сөздер мен сөз тіркестері енген. Автор емле ережесі бойынша жазылған сөздерді қалыптасқан әдеби тіл орфоэпиясы нормасына сәйкесті оқу, айтуды негізгі принцип етіп ұстаған. Қазақ тіліндегі сөздердің айтылу заңдылықтары үндестік заңдылықтарына негізделетіндігі айтылған. Яғни, сөйлеу процесінде сөз бен сөздің, дыбыс пен дыбыстың, түбір мен қосымшаның, буын мен буынның аралығында болатын құбылыстар сөздікке арқау болған.

Синонимдік сөздік. Өз тіліндегі мәндес сөздерді жинақтап, жеке сөздік етіп шығару тәжірибесі алдыңғы озық мәдениетті елдердің көбінде бар. Орыс халқы өз тіліндегі синонимдер сөздігін шығарумен екі ғасырдан астам уақыт бойы айналысып келе жатыр. Соның нәтижесінде үлкенді-кішілі әр алуан сөздіктер жарық көрді. Бұлардың әрқайсысының құрылысы да, көлемі де, жасау принципі де түрліше, бір-бірінен өзгешелігі болады.

Өнегелі халықтың осындай іс-тәжірибелерінен оқып үйрене отырып, (Ә. Болғанбаев) 1962 жылы тұңғыш «Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігін» шығарды. Бұған төрт мыңнан астам (1400 синонимдік қатар) сөз кірді. Сөздіктің соңында жұртшылықтың пайдалануына жеңілдік келтіру

мақсатымен, екі түрлі көрсеткіш (алфавит көрсеткіші мен синонимдік қатарлардың көрсеткіші) берілді.

Мәндес сөздер белгілі бір синонимдік қатарға топтастырылады. Белгілі бір ұғымның шегін ажыратпас бұрын, ең алдымен тілдегі әрбір сөздің өзіне тән мән-мағыналарын жете білу қажет. Сонымен қатар, сол білгенінді дәлелдейтін түрлі әдебиеттен алынған нақты тілдік материалдар болуы керек. Әрбір синонимдік қатарға топтасқан сөздер кездейсоқ түрде емес, белгілі заңдылыққа негізделіп, қайсысы бұрын, қайсысы одан кейін, қайсысы ең соңында тұруы керектігін анықтау керек. Әсіресе синонимдік қатарға негіз болатын доминант (тірек) сөзді іріктеп шығару оп-оңай емес. Доминант (тірек) сөз мағына жағынан тиянақты, ашық-айқын, стильдік реңі жағынан бейтарап, сонымен бірге, көп мағыналы емес, дара мағыналы сөз болуға тиіс. Бұлар синонимдік қатардың алдында тұрады, басқалары мағыналық жақындығына қарай, ілгері-кейінді бірінен кейін бірі тізіліп тұра береді. Көп мағыналы сөздердің әр мағынасы әртүрлі синонимдік қатарда жұмсалса, онда бір сөз неше мәртебе қолданылса, сонша рет сөздікке алынады. Мәселен, аталған сөздікте дүние деген сөз төрт түрлі сөзбен (әлем, өмір, жаратылыс, зат) синонимдік қатынасқа түскендіктен, төрт рет алынған [80].

Бұл жалпы біздің қарастырғанымыз ғылыми тұрғыда негізделген сөздіктердің түрлері. Ал біздің педагогикалық шарт ретінде ұсынып отырған сөздігіміз – ол анықтамалық-терминологиялық сөздік. Ол сөздіктің бұл сөздіктерден айырмашылығы – ұсынылып отырған сөздікте қамтылған ұғымдардың тек аудармасы ғана емес, сонымен қатар, ұғымдардың анықтамасы қамтылған.

Сөздіктің жалпы түрлеріне тоқталдық, енді біздің ұсынып отырған зерттеу негіздері бойынша екі тілді анықтамалық-терминологиялық сөздік 5B012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығында оқитын студенттерге, және 6M012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығында оқитын магистранттарға арналған. Бұл терминологиялық сөздікте ғылыми ұғымдар мен терминдер қамтылған.

Жалпы сөздіктердің түрлері төменде келтірілген (1.5-сурет).


Анықтамалық-терминологиялық сөздікті «Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері» пәні шеңберінде әр сабақта пайдалану үшін ұсынылады. Әр сабақта пайдалану болашақ педагогтардың ғылыми зерттеу бойынша сауаттылықтарын жоғарылатып, бойларына зерттеушілік білім, білік және дағды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сөздік әр қилы сабақ түрінде (дәрістік, практикалық, СОӨЖ, СӨЖ) қолдану үшін құрастырылып, әзірленген.

Сөздікте ұғымдар келесі ретте ұсынылады:

Автореферат (грек. *autos* - өзі және лат. *referre* – баяндау, хабарлау) автордың ғылыми еңбекті қысқаша баяндауы.

Андрототика – андрототика - үлкен немесе ересек адамды оқыту мәселесімен айналысатын ғылым.

Анкета жүргізу – анкетирование - ғылыми зерттеу әдісі, анкеталарды құрастыру, тарату, өту (франц.сөзі); сонымен қатар, халыққа санақ өткізуде, қоғам пікірін білуде қолданылады.



1.5-сурет - Сөздіктердің түрлері

Аннотация – **аннотация** (лат.сөзі) – басылым немесе қолжазба мазмұнының қысқаша сипаттамасы; жұмыста келтірілген сұрақтар туралы жалпы көрініс береді.

Анналдар - **анналы** (лат.сөзі) – ежелгі рим және орта ғасыр қол жазбалары. Кең мағынада – жыл бойынша мәнді оқиғаларды жазу.

Жалпы келесі ретте біз зерттеу аясында ұсынылып отырған 5В012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығы мысалында әзірленіп енгізілген болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша педагогикалық шарттарды келесідей формада ұсынамыз (1.6-сурет)

Біз ұсынып отырған педагогикалық шарттар келесі тармақтардан құралған, атап айтқанда: мақсаты, әдістер, компоненттер, мазмұны (педагогикалық шарттары), нәтиже.

Енді төменде осы тармақтардың әрқайсысына тоқталып өтейік:

- *бірінші тармағы*, ол болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру (мақсаты);

- *екінші тармағы*, ол әдістер, жалпы ғылыми зерттеудің бірқатар әдістері бар, ол әдіс түрлеріне төменде сипаттама беріп, қарастырамыз. Ал біз болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарында келесі әдістерді қолдана отырып жүзеге асырамыз - сауалнама,

педагогикалық эксперимент, талдау, салыстыру, әңгімелесу, баяндау, бақылау, өлшеу;

- *үшінші тармағы*, компоненттер – тұлғалық-мотивациялық, мазмұндық, зерттеушілік. Жалпы болашақ педагогтардың бойына зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасқандығын немесе қалыптаспағандығын тексеру үшін осы аталған компоненттер негізінде тағайындалған өлшемдер мен көрсеткіштер арқылы тексереміз;

- *төртінші тармағы*, ол педагогикалық шарттары, жоғарыда (1.3 параграфта) жалпы педагогикалық шарттар дегеніміз не, онымен айналысқан авторлардың реті, жалпы біздің ұсынып отырған педагогикалық шарттарымыздың мазмұны толықтай қамтылған;

- соңғы, *төртінші тармағы*, ол нәтижесі, яғни осыған дейінгі мақсаты, әдістер, компоненттер, мазмұны (педагогикалық шарттары) тармақтарын жүзеге асыру барысында біз «зерттеушілік құзыреттілігі қалыптасқан болашақ педагогты» аламыз.

Енді осы тармақтардың ішінен мақсат пен нәтиже арасындағы тармақтарға тоқталайық: олар – әдістер, компоненттер және мазмұн (педагогикалық шарттар).

Сонымен қатар, зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында бірқатар әдістер қолданылатыны белгілі. Сол себептен ғылыми зерттеу әдістерге, олардың оқу процесіндегі маңызына тоқталып өткенді жөн көрдік.

Ғылыми зерттеудің әдістері. Ғылымның қай саласында болмасын, әдіснамалық проблемалар бастапқы серпінді, жалпы ізденіс әдістемеге бағытталған болады. Әдіснамалық проблемаларды толық түсінбеу және нақты көрсете алмау салдарынан шатасуға, бұрыннан белгілі шындықты қайталауға, нақты шешілген мәселе мен әлі белгісіздің ара-жігін ажырата алмауға әкеліп соғады. Философиялық әдебиеттерде әдіснаманың жалпыға танымал анықтамасы жоқ. Оны кейде зерттеу тәсілдерінің жиынтығы ретінде, әлемді ғылыми тұрғыдан тану әдістері туралы білім алу мен ұйымдастыру тәсілдері туралы оқыту ретінде анықтай береді. Бірақ әдіснаманың шынайы мазмұны кеңірек.

Әдіс дегеніміз - адамның практикалық және теориялық қызметінің регулятивті қағидасының жүйесі болып табылады. Әрқилы әдістерді пайдаланудың нәтижесінде адам іс-әрекеті тиімді болуы мүмкін. Бұл бұрыннан белгілі шындықтар. Ағылшын философ-материалисті Ф.Бэкон әдістің орасан мәнін ажыратқан, оны қараңғы түнде жол көрсетуші, яғни жарықшаммен салыстырады. Ол ақсақ адамның өзі дұрыс жолмен келе жатса, қисық жолмен келе жатқан дені түзу адамның өзін басып озады, - деп дәл айтқан. Әйгілі неміс афористі Г.Лихтенберг адамдарды нені ойлау қажеттігін емес, қалай ойлау қажеттігін үйрету керек [81], - деп ескерген.

Зерттеу әдістері деп ғылыми-зерттеушілік міндеттерді шешу жолдарын айтуға болады. Олар ғалымның зерттеу объектісі туралы білімдерді алу құралы.

Педагогика ғылымының зерттеу әдістерін сипаттаудан бұрын нақты зерттеушілік міндеттерді шешу үшін оларды таңдау ережелеріне тоқталайық. Біріншіден, кез келген ғылыми проблеманы шешу үшін бір емес, бірнеше әдістер қолданылады және зерттеуші оларды зерттеп отырған құбылыстың

табиғатына сәйкестендіреді. Екіншіден, зерттеу әдісі зерттеу пәні мен зерттеу барысында алынатын өнімге адекватты болуы қажет [82].



1.6 - сурет - Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары

Зерттеу әдістері эмпирикалық (тікелей аудармасы сезім органдарымен қабылдау) және теориялық болып бөлінеді.

Зерттеудің теориялық әдістері. Зерттеудің теориялық әдістеріне келесі әдістер құрамы жатады: абстракциялау және нақтылау, теориялық анализ және синтез, индукция және дедукция, модельдеу, формализация, аксиоматиялық, әлеуметтік.

Осы аталып өткен зерттеудің әр әдісіне сипаттама беріп өтейік.

Абстрактіден нақтыға өрлеу ғылыми білімнің қозғалу жалпы формасы тәрізді, ойлаудың шынайылығын бейнелеу заңы. Осы әдіске сәйкес таным процесі салыстырмалы өзіндік кезеңге бөлінеді [83].

Бұл кезеңде сезімді-нақты өтуінің, шын мәнінде нақтыдан абстрактілі анықтамаларға өтеді. Біркелкі нысан бөлектенеді, бірқатар ұғымдар мен пікірлер көмегімен суреттеледі. Ол «буға айналғандай» тәрізді болады, абстракциялық ойлаудың тіркелуі, бір жақты анықтамалардың жиынтығына айналады.

Таным процесінің екінші кезеңі абстрактіден нақтыға өрлеу болып табылады. Оның мәні нысанның абстрактілі анықтамаларының, яғни санада абстрактіліден нысан жөніндегі орнатылған білімге, танымда нақтыға қозғалу ойында болып

табылады. Бұл кезеңде нысанның шығатын толықтығы қайта орнына келеді, ол өзінің көпқырлығында көрінеді – ойлауда [82].

Танымның екі кезеңі де бір-бірімен тығыз байланыста. Абстрактіліден нақтыға өту нысанды оймен алдын ала қарап шығусыз мүмкін емес. Абстракцияның қалыптасу процесі өз бетінше жеке нәрсе емес. Ол нысан туралы жүйеге білімді ашу барысында жалғасады. Және бір шетінен нақты нысан туралы мағлұмат абстракцияның жинағына саналы таным мақсатынсыз жүргізілмейді.

Сонымен, қарастырылып отырған әдіс таным заңы іспеттес, оған сәйкес ойлау нақтыдан шын мәнінде ойда абстрактіге өтеді, одан – ойлауда нақтыға ауысады.

Абстракциялау – ол қарастырылып отырған құбылыстарда негізгі ерекшеліктерге тоқталу мақсатында, жалпы негізгі деген құбылыстарды ерекшелеу [83].

Абстракция құбылыстардан «таза күйінде» нақты жағын ажыратады, яғни ол шын мәнінде кездеспейтін түрінде. Мысалы, «құбылыс» және «заң» болмайды, тек нақты құбылыстар және заңдар бар. Бірақта «құбылыс» абстрактілі ұғымын енгізусіз зерттеуші нақты педагогикалық құбылыстың біреуін де терең түсінуге қабілетті емес.

Нақтылау – абстракциялауға қарама-қарсы процесі, яғни нақты жалпы меншікті жауап беретін іздеу түрі. Нақтылау жалпыны жақсы түсіну үшін көмектеседі [84].

Зерттеуші абстрактілеу және жалпылау арқылы оған тікелей не белгісіз, сол арқылы қорытындылар жасайды. Ойлау операциялары арқылы ол құбылыстар арасындағы қарым-қатынасты және байланысты бекітеді. Ғылыми танымның мақсаты үшін идеалды нысандар пайдаланылады, олар шын мәнінде және практикада жоқ және олар мүлдем орындалмайды: нағыз қатты зат, нүкте, сызық, мүлдем қатты зат және т.б. Нысандарды ойша құрастыру идеализация деп аталады. Күрделі ойлау қызметінің нәтижесінде алынған идеалды нысандар ғылымда үлкен рөл атқарады. Олар күрделі жүйелерді жеңілдетуге көмектеседі, ол оларға зерттеудің математикалық әдістерін қолдануға, алдын - ала берілген дәлдік өндірістік есептеуге мүмкіндік береді. Идеализация арқылы нысандардың қасиеттері және қарым-қатынасы алынып тасталады, олар өтілетін процестің мәнін қарайлатады. Бұл мәнді байланыстарды және қарым-қатынасты, заңдардың формулировкасын анықтауды жеңілдетеді.

Анализ және синтез жалпы алғанда ғылыми тануды дамыту амалдары болып табылады. Анализ және синтез бүтінді ойша бөліктерге бөлу және керісінше бөліктерді біріктіру процесі. Олар өзара шарттасқан процестер. Оларды бір-біріне қарсы қоюға, бір-бірінен бөліп алуға және біреуін артық бағалауға болмайды [85].

Педагогикалық құбылыстарды және процестерді анализдеу – оларды ойша жеке-жеке бөліктерге бөлу болып табылады. Ол зерттеу объектісінің құрылымын, дамуының әртүрлі кезеңдерін, әр қырларын көруге мүмкіндік береді. Аналитикалық іс-әрекет барысында абстракциялау, салыстыру қолданылады. Бұл жағдайда тану күрделіден қарапайымға қарай жүреді. Анализ маңыздыны маңызды еместен, тұрақты қатынастарды тұрақты емес қатынастардан бөліп қарауға, ажыратуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық зерттеулерде анализ әртүрлі формаларда болады: жіктеу, қатынастар анализі, каузалдық және диалектикалық [84].

Жіктеу анализі ең қарапайым болып табылады. Ол зерттеудің бірінші, бастапқы кезеңінде қолданылады және құбылыстарды ұқсастық және қайталаушылық негізінде реттеуге және жіктеуге мүмкіндік береді.

Қатынастар анализі танудың күрделірек сатысы. Мысалы, қарапайым жіктеулік салыстырумен оқушылардың іс-әрекетінің ішкі сипатын аша алмаймыз. Ол үшін оны бөліктерге бөліп, олардың арасындағы қатынастарды зерттеу керек. Оқушының оқу іс-әрекетін зерттеуде олар бұл іс-әрекеттің мақсатын, функцияларын білу, мұғалімнің оң немесе теріс бағаларының оқу сипатына ықпалы, оқу міндеттерінің және оқушылардың таным процестерінің араларындағы тәуелділіктер және т.б. болуы мүмкін. Қатынастар анализі арқылы белгілі құбылыстардың дамуы процесін зерттеуге болады. Мысалы, оқушының тәртібін зерттеу үшін төмендегі гипотетикалық шарттарды құруымыз керек [84]: 1) оқушылардың жас ерекшеліктері; 2) сыныптың, мектептің әлеуметтік құрылымы; 3) оқушылардың мұғалімдерге деген қатынасы және т.б.

Дегенмен, қатынастар анализі себеп-салдар байланыстарын аша алмайды.

Құбылыстар қатынасы және сол қатынастар нәтижесінде олардың өзгеруі «функция» ұғымы арқылы белгіленеді. Қатаң функционалдық тәуелділік – бір құбылыстың өзгеруі екінші құбылыстағы нақты өзгерісті тудыратын, құбылыстар арасындағы өзара қатынас формасы [86].

Себеп-салдар байланыстарын ашуға каузалдық анализ мүмкіндік береді. Бірақ, каузалдық анализ құбылыстағы жалпы байланыстарды үзіп, себеппен салдарды жеке-жеке қарастырады [84].

Педагогикалық процесс күрделі динамикалық жүйе. Каузалдық анализ оның бір жағын, бір қырын ғана қарастырады. Педагогикалық процесс жүйесін түсіну үшін оның жалпы байланыстарын қарастыру қажет. Оған диалектикалық анализ мүмкіндік береді. Диалектикалық анализ – анализдің ең жоғары формасы.

Синтез – бөліктерді бүтінге біріктіру, бүтінді жеке элементтерден тұратын күрделі құрылым ретінде қарастыру.

Анализ және синтез диалектикалы өзара байланысқан. Анализ барысында алынған нәтижелерді схема, жоспар, бағдарлама түрінде синтездеуге болады.

Абстрактілеудің 2 түрін бөлуге болады [87]: қорыту және бөлектеу (изолирование).

Қорыту – көптеген біртекті заттар мен құбылыстары ортақ, бірдей белгілерді бөліп алу процесі.

Бөлектеу бір затты немесе құбылысты зерттеу процесі және оны талдау, ол үшін оның бір қасиетін бөліп алу қажет. Осы бөліп алу процесін бөлектеу деп атайды.

Индукция - жалқыдан жалпыға көшу. Индукцияда белгіліден белгісізге көшу жүреді, эксперименталдық фактілерге, практикаға сүйене отырып талдау жасалынады. Индукция – эмпирикалық деңгейден теориялық деңгейге көшу формасы [82].

Дедукция - жалпыдан жалқыға көшу. Дедукция- бір немесе бірнеше тұжырымнан логика заңдары және ережелері арқылы жаңа тұжырым жасау. (шындық ретінде алынған тұжырымнан бір жаңа тұжырым шығару).

Модельдеу – объектінің белгілі бір сипаттамаларын зерттеу үшін оларды арнайы жасалған объектіде құрастыру (воспроизведение). Модельмен оригиналдың қатынасы белгілі бір талаптарға сай болуы тиіс [82]:

- ғылыми тануда оригинал модельмен алмастырады;
- модель зерттеушіге ол туралы ақпарат береді.

Модель типтері: материалдық және идеалдық.

Күрделі құбылыстарды модельдеу олардың кездейсоқ қатынастарын ажыратуға мүмкіндік береді.

Формализация дегеніміз – кең мағынада әр қилы нысандарды белгілі формада әртүрлі «жасанды» тілдер арқылы, мысалы, математикалық логика тілі, мазмұнын және құрылымын бейнелеу әдісі болып табылады. Символиканы қолдану адамның шын мәнінде қажетті және әлдеқайда прогрессивті бейнелеу әдісі болып табылады. Берілген әдістің артықшылығы [89]:

- белгілі сала проблемасының көзқарасының толықтығын формальды түрде қамтамасыз етеді;

- формализация әдісі арнайы символиканы пайдалануға негізделген, оны енгізу білімді дәл және қысқа түрде тіркеуді қамтамасыз етеді;

- формализация жеке символдарға немесе жүйелерге белгілі мәндерді жазуға байланысты, ол терминнің көп мағыналылығына жол бермейді, және ол қарапайым тілдерге тән. Сол себептен формальды жүйелер талдауы дәлдікпен және қатаңдықпен, ал қорытындылар дәлелдеумен ерекшеленеді;

- формализация нысандардың белгілі модельдерін қалыптастыруға және шын мәніндегі заттарды және процестерді өтуге мүмкіндік береді. Осымен нысанды тікелей зерттеуге қол жеткізіледі, ол танымдық есептерді шешуде жеңілдік береді.

Формализация әдісінің сәттілігін айта келе, тиімділік нысанның мазмұнындағы негізгісі қаншалықты дұрыс белгіленгендігіне байланысты.

Аксиоматиялық әдіс ғылыми білімді ұйымдастырудың кең тараған тәсілдерінің бірі. Ғылыми теорияның және пәннің аксиоматиялық әдісінің тұрғызылуы білімді ешбір дәлелдеусіз қабылдауды ұйымдастыру, ал басқалары белгілі логикалық ережелерге сәйкес шығарылады. Дәлелдеусіз қабылданған ережелер аксиома деп аталады, ал шығыс білімі лемма, теория, заңдар және т.с.с. түрінде тіркеледі [86].

Аксиоматиялық әдіс ежелгі кездің өзінде кең пайдаланылған. Көбінесе оның ғылымдағы дәлелдеулері «Начал» Эвклидтің пайда болуымен байланыстырады. Бірақта, аксиоматия элементтері Эвклидке дейін де ғылымда қолданылған – Платон, Аристотель, Гиппократ және т.б. еңбектерінде. Ғылымның даму мөлшеріне байланысты бұл әдіс білімнің әр қилы салаларына енеді [88].

Аксиоматизация білімді реттейді, олардан керек емес элементтерін алып тастайды, білім жүйесінің бүкіл тұрғызылу процесін жеңілдетеді, екімағыналылықты және қарама-қайшылықты жояды. Басқа сөзбен айтқанда, аксиоматиялық әдіс ғылыми білімді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Педагогикалық зерттеулерде негізінен зерттеудің эмпирикалық әдістері (байқау, тәжірибемен алмасу және т.с.с.) қолданылады және оны педагогика теориясымен байланыстырады, ол педагогикалық жүйеде және әр қилы элементтердің байланыстарындағы жүйе астында кездеседі.

Жоғары келтірілген танымның әдістерінен басқа кәсіби педагогика бойынша да дәстүрлі-педагогикалық әдістер де пайдаланылады, яғни қазіргі заманғы педагогикаға педагогика ғылымының шыңында болған мұра арқылы берілген әдістер. Олар: Платон және М.Ф. Квинтилиан, Я.А. Коменский және Г.Пестолоцци қолданылған әдістер. Ал XIX ғасырдың соңында – XX ғасырдың басында эксперименталды педагогика кең етек жайды, оның көзге түсер тұлғалары неміс педагогы В.Лай (1862-1949 ж.ж.), Э.Мейман (1862-1915 ж.ж.), сонымен қатар, американдық педагогтары және психологтары С.Холл (1846-1924 ж.ж.), Э.Торндайк (1874-1949 ж.ж.) және т.б. Педагогикалық әдістердің дәстүрлі әдістеріне тәжірибені, бастапқы дерекнамалар, мектеп құжаттамасын және оқушылардың қызметінің азықтарын талдау, зерттеушілік әңгімелер және т.б. жатады. Соңғы жылдары зерттеудің әлеуметтік әдістері пайдаланылады – сауалнама жүргізу, тестілеу, рейтинг, компетентті бағалар әдісі, сонымен қатар, математикалық статистика әдістері [89].

Сол әдістердің мәнін қысқаша қарастырып өтейік.

Тәжірибені өту – ғылыми зерттеудің ежелден пайдаланылатын әдістерінің бірі. Бұл әдіс кең мағынада ұйымдастырылған зерттеліп отырған жүйелерде танымдық құбылыс, жалпыны ажырату деген мағына береді, ол зерттеліп отырған тарихи байланыстарды бекітуге бағытталған. Осы әдіс арқылы нақты проблемаларды шешу жолдары талданады, жаңа тарихи жағдайда мақсатты түрде бағытталған қорытындылар жасалады. Ол басқа да әдіспен жақын болып келеді – бастапқы деректерді өту, оларды кейде мұрағаттық деп те атайды. Түбегейлі ғылыми талдауға ежелгі жазба ескерткіштері, атқарушы акттер, жобалар, циркулярлар, есеп берулер, баяндамалар, қаулылар, съезд, конференция материалдары және т.б. жатады. Сол немесе басқа проблеманың даму тізбектілігі және мәнін анықтауға көмек көрсетілген барлық әдебиеттер қарастырылады [84].

Тәжірибені қарастыру және жалпылау сәтті болады, егерде ол теориялық жұмыспен жүйелі түрде сәйкес келсе.

Зерттеушілік әңгіме ғалымға қоғамның ойын және қарым-қатынасын анықтауға мүмкіндік береді, ол осы құбылыстардың мәні және себебі туралы терең түсінік алуға мүмкіндік береді. Әңгімелесу зерттеу әдісі ретінде әңгімелесушінің ішкі әлеміне енуге, сол немесе басқа әрекеттерінің себебін түсінуге мақсатты түрде бағытталғандығымен ерекшеленеді. Әңгімелер – бұл өте күрделі, әр уақытта объективті және сенімді емес әдіс. Сол себептен ол көбінесе басқа әдістер бойынша түсініксіз болған жағдайда, сол мәліметтерге қосымша әдіс ретінде пайдаланылады.

Әңгіменің нәтижесін жоғарылату үшін келесілерді пайдалану қажет [90]:

- әңгімелесушінің жеке қасиеттерін ескере отырып әңгіме жоспарын құру;
- зерттеушінің қызықтыратын сұрақтарын әр қилы ракурстарда және байланыстарда талдау;
- сұрақтарды түрлендіру, оларды сұқбаттасушыға ыңғайлы формада жасау;

- сұрақтар мен жауаптарда ситуацияны қолдана білу.

Әңгіменің өту барысы сұқбаттасушының келісуімен қазіргі заманғы технологиялар көмегімен жазылуы мүмкін.

Жоғарыда келтірілген әдістердің бір кемшілігі бар, оның көмегімен ғалым шектелген мәліметтер алады, бұл мәліметтер жеткілікті репрезентативті сипатта емес, себебі аз ғана оқу орындарына және оқушыларға тиісті. Сонымен қоса, сол немесе басқа сұрақтарды жаппай қарастыру қажеттілігі туындайды. Ол үшін педагогикаға әлеуметтанудан енген әдістер пайдаланылады, оларды әлеуметтік деп атайды.

Әңгіме оның зерттеушілік қызметі, әңгімеге әзірлену, қарым-қатынасқа түсу, нәтижелерді белгілеу.

Әңгіме, оның зерттеушілік қызметтері педагогикалық практикада дидактикалық әңгіме кеңінен мәлім. Оқу процесінде екі жақты немесе көп жақты қарым-қатынас түрі болып табылатын әңгіме оқушыны тұлға ретінде тану тәсілі және оқыту әдісі болып пайдаланылады. Әңгіменің тәрбиелік маңызы да белгілі. Әңгіменің зерттеушілік қызметін қарастырғанда оны психологиялық-педагогикалық заңдылықтармен тұлғаның ерекшеліктерін зерттеуде фактілерді анықтау құралы ретінде қабылдаймыз.

Әңгіме ақпарат көзі ретінде психологиялық-педагогикалық зерттеудің басқа әдістерімен байланыста болуы мүмкін. Олар бақылау, зертханалық және табиғи эксперименттер, сауалнама тарату, іс-әрекет өнімдерін талдау [90].

Бұл жағдайдағы әңгіменің тиімділігі негізінен педагогтың тәжірибесіне, оның педагогикалық, әсіресе психологиялық дайындық деңгейіне, теориялық білім дәрежесіне, әңгімені жүргізу шеберлігіне және тіпті тұлға ретінде тартымдылығына байланысты зерттеу мақсатының сипатына және әңгіменің дайындық деңгейіне байланысты. Оның нәтижесі де әртүрлі болады. Әңгімеге тартылатын оқушының тұлғалық ерекшеліктерін, қарым-қатынас қабілетін назардан тыс қалдыруға болмайы. Ол тұйық па, әлде, ашық па, педагогика сеніммен немесе күмәнмен қарай ма, әңгімеге әсерлене ме, әлде салғырт па, осының бәрі әңгіменің барысына және нәтижесіне әсерін тигізеді.

Зерттеушілік әңгіме жүргізу - әрбір педагог меңгеруге тиісті өнер болып табылады. Кез келген өнер тәрізді зерттеушілік әңгімені өткізудің және ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі бар. Зерттеудің мақсаты мен әңгіменің тақырыбы қабыспауы мүмкін. Педагог өзінің нені көздейтінін айқын білгені жөн. Бұл ережеге немқұрайды қарау әңгімені нәтижесіз сұқбатқа айналдырады. Зерттеушілік әңгіменің мақсаты мен мазмұнын алдын ала анықтаған кезде мынадай негізгі пункттерге назар аудару қажет: болжамдар жасау және әңгімеде оны тексеру әдісін анықтау, белгілерін ерекшелеу, бақылаудағы объектіде ондай ерекшеліктің болуы немесе болмауы алдын - ала жасалған болжамның ақиқаттығын немесе жалғандығын көрсетеді. Мұндай белгілер әртүрлі болуы мүмкін: әңгіме кезіндегі мінез-құлықтың жалпы сипаты, мысалы зерттелушінің жауаптан жалтаруы немесе еріксіз, үнсіз қалуы, мимикалық ерекшелігі [90].

Әңгімені ұйымдастыру барысында педагог оқушылармен қарым-қатынасқа түсуі, әңгімені қажетті бағытта өрбіту талап етіледі. Бір жақты әңгіме

айтылатын, жүргізуші сауал беріп, жауапкер оған жауап қайтаратын интервьюге қарағанда әңгіменің ерекшелігі мынада, онда сұхбат тығыз құрылым қатынастың нәтижесінде және өзара түсіністік жағдайында өрбиді. Қарым-қатынасқа түсу шеберлігі бірнеше қарапайым ережені сақтау негізінде жүзеге асады.

Сауалнама жүргізу – арнайы жасалған сұрақтар арқылы материалды жаппай жинау әдісі, оны сауалнама жүргізу деп атайды. Сауалнама жүргізу адам ашық түрде қойылған сұрақтарға жауап беруге негізделген.

Зерттеулерде сауалнамалардың әр қилы түрлері қолданылады; ашық, жауапты өз бетінше құрастыру және жабық, мұнда дайын жауаптардың біреуін таңдау қажет; атаулы, зерттелушінің тегі көрсетіледі және жасырын, онсыз жүргізіледі; толық және қысқартылған; пропедевтикалық және бақылаушы және т.б. Педагогтардың кеңінен пайдаланылатын сауалнама түрлерінің бірі – «полярылы» сауалнама, ол баллды немесе шкала арқылы беріледі. Оның принципі бойынша өзін-өзі бағалау және басқаларды бағалау мақсатында сұрау парақтары құрастырылады.

Рейтинг – құзыретті адамдар көмегімен тұлғаның қасиеттері анықталатын зерттеу түрі. Оған құзыретті бағалар әдісі жақын. Оның мәні тұлғаның құзыреттілігі (педагогтармен, оқу орнының әкімшілігі, өндірістік оқыту шеберімен және т.б.) бағаланады; осы баға негізінде зерттеуші сәйкес қорытындылар жасайды [82].

Топтық дифференциация әдісі кең түрде қолданылады (социометриялық әдіс), ол ұжымаралық қарым-қатынасты талдауға мүмкіншілік береді, және ол сандық параметрлерде мүшелердің әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынасын бекітеді. Осы әдіс жеке топтардың және топтағы жеке тұлғалардың статусы құрылымын бағалауға мүмкіндік береді, бұл әдіс құрылымдық талдау әдісі деп аталады [91].

Социометриялық әдіс көмегімен мүшелерге топ арасында бекітуге болады, бұл әдіс арқылы ұжымда кім құрметке ие, соны анықтауға болады. Бұл әдіс 1939 жылдан бастап кеңінен танымал болды, Дж.Морено оны әлеуметтік зерттеулерде қолдана бастады.

Оқушылар мынадай типті сұрақтарға жауап береді: «Кіммен жұмыс істегің келеді ...» (походқа бару, бір командада ойнау, емтихандарға дайындалу және т.с.с.). Әрбір сұраққа үш вариант жауап беріледі, мысалы, ең алғаш кіммен жұмыс істегің келеді, соны жазып бер. Бұл ұжым мүшелерінің орны, рөлі, статусы жөнінде айтуға мүмкіндік береді. Әдіс қарым-қатынасты қалыптастырудың әр қилы кезеңдерін сипаттауға мүмкіндік береді.

Социометриялық әдістің ерекшеліктерінің бірі – социоматрица және социограмма арқылы алынған мәліметтерді көрнекі формада алу мүмкіндігі ұсынылады, сонымен қатар, нәтижелерді сандық түрде өңдеу.

Тестілеу – сынақтан өтуші зерттеулер барлық мақсатты түрде бағытталған, біркелкі, қатаң түрде бақылау жағдайында өтетін, зерттелуші процестің өту сипатын объективті түрде өлшейтін бақылау түрі.

Тестілеу – зерттеудің жаңа әдісі емес. XIX ғасырдың 80-90 ж.ж. зерттеушілер адамдардың жеке ерекшеліктерін тест арқылы зерттей бастаған (Ф.Гальтон, А.Кеттел және т.б.) [92].

Тест дегеніміз стандартты формада құрастырылған тапсырмалар жиынтығы, қарастырылатын құбылыстардың салыстырмалы бағасын өткізу кезінде сенімділік және валидтілік талаптарын қанағаттандырады, сонымен қатар, дидактикалық және психологиялық зерттеулерде ми дамуын және қабілетін бағалауға мүмкіндік береді.

Оқу сәттіліктерін, интеллектуалды даму, қалыптасу дәрежесін тағы да басқа бірқатар қасиеттерді тест арқылы өлшеу немесе тексеру зерттеудің ажырамас бөлігі болып табылады.

Әдістердің басқа түрлеріне қарағанда тестілеу дәлдігімен, қарапайымдылығымен ерекшеленеді, мұнда сонымен қатар, автоматтандыру мүмкіндіктері де бар.

Зерттеудің эмпирикалық әдістері [93]. Эмпирикалық зерттеу әдістерін В.И. Загвязинский екі топқа бөледі:

Жеке әдістер. Оларға жататындар: әдебиеттерді, құжаттарды және іс-әрекет нәтижелерін зерттеу, бақылау, сауал-сұрақ (әңгімелесу, интервью алу, сауалнама), эксперттік бағалау әдісі, тестілеу.

Бір немесе бірнеше жеке әдістерді қолдану негізіндегі кешенді әдістер: мониторинг, педагогикалық тәжірибені зерттеу және қорыту, педагогикалық эксперимент.

Енді эмпирикалық зерттеудің түрлеріне тоқталайық. Олар: бақылау, байқау, салыстыру, өлшеу, эксперимент және т.б.

Педагогикада жиі қолданылатын зерттеу әдістерінің бірі – ол бақылау. Бақылау – зерттелетін педагогикалық құбылысты мақсатты түрде қабылдау арқылы нақты фактілер жинау.

Ғылыми педагогикалық бақылауға қойылатын талаптар [92]: 1) бақылау алдын - ала белгіленген нақты мақсат бойынша жүргізіледі; 2) бақылау алдын - ала ойластырылған және жазылған жоспар бойынша жүргізіледі; 3) зерттелетін белгілер саны минимум болуы керек және оларды нақты анықтау қажет; 4) бақылаушы қателіктердің пайда болу мүмкіндігін және оларды болдырмау жолдарын алдын - ала ойластыруы керек.

Педагогикалық бақылауды дайындаудың және жүргізудің келесі кезеңдерін көрсетуге болады [91]:

- 1) бақылау объектісін таңдау, мақсатын анықтау;
- 2) бақылау жоспарын құру, құжаттарды дайындау (бақылау хаттамасы бланктерін, бақылаушыға нұсқаулар, құрал-жабдықтар және т.б.);
- 3) бақылау мәліметтерін жинау (жазбалар, хаттамалар, кестелер және т.б.);
- 4) бақылау нәтижелерін өңдеу және рәсімдеу;
- 5) бақылау нәтижелерін талдау және қорытынды жасау.

Бақылау түрлері: іштей (бақылаушы бақыланатын топ мүшесі болады) және сырттай; тұтас және таңдаулы.

Байқау дегеніміз - белсенді таным процесі, ол сезім мүшелерінің жұмысына сүйенеді. Бұл қарапайым әдіс, эмпирикалық әдістердің құрамына енеді.

XIII ғ. өзінде белсенді емес және ғылыми, белсенді байқау түрлерін ажыратқан.

Күнделікті өмірде және ғылымда байқау субъектілердің сезіміне, еркіне байланысты емес нәтижелерге алып келеді.

Байқаудың нысаны оқу процесіндегі оқушылардың немесе оқу топтарының іс-әрекеттері, оқушылардың жұмысының орындалуы, оқушылардың тәртіптерінің өзгеруі, мұғалімдердің іс-әрекеттері, оқытудың әдістері және т.б. педагогикалық құбылыстар болуы мүмкін.

Байқауды әртүрлі қасиеттері бойынша былай жіктеуге болады:

1) байқау жиілігі бойынша тұрақты, қайталанушы және қалыпты (бір ретті) деп бөлуге болады [90]:

- тұрақты – бір пән бойынша белгілі уақыт аралығындағы сабақты байқау;
- қайталанушы – нақты уақыт аралығында;
- қалыпты байқауда нәтижелер бір-ақ сабақта тіркеледі.

Соңғы байқау түрі өте сирек кездеседі.

2) нысандарды пайдалану көлемі бойынша жаппай (сплошной) және жаппай емес (не сплошные) байқау болып бөлінеді:

Мағлұматтарды алу тәсілі бойынша байқауды тікелей және жанама деп бөлуге болады. Тікелей байқауда зерттеуші байқау кезіндегі барлық байқау фактілерін тіркейді. Жанама байқауда пәннің немесе процестің өзі байқалмайды, ал оның нәтижесі байқалады [83].

Сонымен, байқау мәліметті алудың ең негізгі әдістерінің бірі болып табылады, ал байқаушылық ізденушінің негізгі қасиеттерінің бірі болып табылады.

Салыстыру – танымның кең тараған және жан-жақты әдістерінің бірі болып табылады. Яғни, «барлығы салыстырумен танылады» - «все познается сравнением» афоризмі оған дұрыс дәлелдеме.

Нысандарды тану үшін оларды мәнді, мағыналы қасиеттері бойынша салыстыру қажет. Ал мәнді емес қасиеттері бойынша салыстырсақ, онда ол адамды шатастырады және нәтижесіз болады.

Өлшеу тарихи тұрғыда салыстыру операциясынан туындаған. Бірақта өлшеуге қарағанда салыстыру әлдеқайда күшті және жан-жақты таным құралы болып табылады.

Өлшеу дегеніміз қандайда бір көлемнің санды мәнін анықтау процедурасы. Өлшеу тікелей және жанама болады. Тікелей өлшеуде нәтиже өлшеу процесінің өзінен алынады, ал жанама өлшеуде тікелей өлшеу нәтижесінде алынған басқа көлемдерді білу негізінде математикалық жолмен анықталады [92].

Ал педагогикалық өлшеу дегеніміз дағдыны, ынтаны, білімді анықтау процесі болып табылады. Оның мәні сан ғана емес, адам атауы да болуы мүмкін. Өлшеу қасиетіне байланысты өлшеуді тікелей байқау немесе аппаратура арқылы орындайды.

Оқу жұмысының нәтижесін бағалау өлшеу болып табылады, оның нәтижесі – ол баға.

Эмпирикалық әдіс ретінде өлшеуде байқау және салыстыру әдістері тәрізді орын алады. Бұл салыстырмалы элементарлы әдіс сияқты, ол эксперименттің құрамды бөлігіне кіреді – бұл эмпирикалық зерттеудің күрделі және мәнді әдісі.

Эксперимент дегеніміз нысанды өту әдісі болып табылады, мұнда ізденуші жасанды жағдай жасау жолымен қажетті қасиеттерді анықтау үшін, саналы түрде табиғи процестерді өзгертеді [83].

Эксперимент эмпирикалық танымның күрделі және тиімді әдісі. Мұнда байқау, салыстыру, өлшеу нәтижелері қолданылады.

Эксперимент дегеніміз зерттеу мақсатына сәйкес жаңа жағдай жасау жолымен педагогикалық құбылыстарға белсенді түрде әсер ету.

Педагогикалық эксперименттің түрлері: айқындаушы және қалыптастырушы, ол өз кезегінде оқытушы (үйретуші), бақылаушы және салыстырмалы деп бөлінеді.

Эксперимент үш кезеңнен тұрады [84]:

- білімнің, ынтаның және дағдының бастапқы бақылауы;
- сынақтан өтілетін қандайда бір факторға әсер ету;
- білімді, дағдыны және дағдыны қорытынды бақылауы.

Экспериментті өткізу орны бойынша табиғи және зертханалық педагогикалық эксперимент ажыратылады. Табиғи экспериментті орыс психологы А.Ф. Лазуровский (1874-1917 ж.ж.) ұсынды. Мұнда ізденуші педагогикалық құбылыстарды талдай отыра, педагогикалық жағдайларды жасауға ұмтылады.

Табиғи экспериментте байқау жағдайының табиғилығы сақталады және эксперимент дәл болады. Табиғи экспериментте эксперименттен өтушілер педагогикалық зерттеуге ұшырағаны байқалмайды – ол эксперимент өткізудің табиғилығын қамтамасыз етеді.

Зертханалық эксперимент зертханада өтеді. Ол педагогикалық зерттеуде жиі қолданылмайды. Табиғи эксперимент зертханалық экспериментке қарағанда құнды, себебі ол табиғи жағдайда өтеді. Бұл әдістің кемшілігі – оның жасандылығында, яғни педагогикалық процестердің өту барысын жояды, яғни дұрыс емес нәтижелерге әкеледі [81].

Жалпы зерттеу жұмысымызда эксперименттік жұмыс ұйымдастырылады, сол себептен жұмыстың екінші тарауында жалпы эксперимент жайлы толық мәлімет келтіріп кеткен жөн деп шештік.

Эмпирикалық зерттеудің жоғарыда аталған әдістерінен басқа осы әдістер құрамына енетін сауал-сұрақ әдістері де бар. Олар кез келген білім беру мекемесінің оқу процесінде сабақ барысында, сабақтан тыс уақытта кеңінен пайдаланылады. Ол әдістер тобына келесі әдістер жатады - әңгімелесу, интервью алу, сауалнама жүргізу.

Әңгімелесу – қажетті ақпаратты алу мақсатымен қолданылатын зерттеудің жеке немесе қосымша әдісі. Әңгімелесу алдын - ала жасалған жоспар бойынша анықтауды қажет ететін белгіленген сұрақтар бойынша жүргізіледі. Әңгімелесу еркін формада өткізіледі.

Сауал-сұрақ әдістерінің бірі интервью алу. Интервью алу барысында зерттеуші жоспарланған сұрақтар алдын - ала белгіленген қатаң бір ретпен қойылады.

Интервью және оны жүргізу ерекшелігі. Әлеуметтанушылар жиі пайдаланатын интервью әдісі әңгіменің жан-жақты дамытылған және техникалық жаратандырылған түрі болып табылады. Әңгіме педагогикалық зерттеудегі басты әдістердің бірі болып табылады. Бірақ, әдетте ол қандайда бір ерекше әдіс қолданылмай жүргізілгендіктен адамдардың белгілі бір мәселе жөніндегі қарапайым әңгімесіне ұқсайды. Мұндай әңгіме ғылыми эксперименттің әдеттегі тәжірибесі ретінде интервьюден ерекшеленеді.

Топтық интервью бір мезгілде адамдардың шағын тобымен (мысалы, отбасымен, мұғалімдер немесе оқушылар тобымен) жүргізілуі, оны

ұйымдастыру үшін әдетте табиғи жағдай: жұмыс үсті, үй немесе пәтер, т.б. жер таңдалады. Зерттеуші біріншіден қандайда бір проблемаға адамдардың қызығушылығын білгісі келгенде топтық интервью жүргізеді. Бұл ретте әңгімеге қатысушылардың эмоциялық әсері есепке алынады. Екіншіден, топтық интервью қандайда бір таласты мәселені шешу үшін қолданылады [88].

Жауаптарының сипатына қарай интервью стандартты (формальды, бұқаралық) стандартты емес (еркін шығармашылық) және терең психоталдамалы, клиникалық) болып бөлінеді.

Стандартты интервью алдын - ала әзірленген сауалдар бойынша жүргізіледі. Стандартты немесе шығармашылық интервью тақырып таңдауда және әңгімелесу түрін анықтауда белгілі бір еркіндікті ұстанады [84].

Психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік зерттеуде сауалнамалау барған сайын кеңінен қолданылуда. Біздің зерттеу жұмысымызда сауалнама қолданылады, сол себептен сауалнамаға кеңінен тоқталғанды жөн көрдік. Қоғамдық пікірді, адамдардың бір-біріне деген эстетикалық, моральдық және т.б. көзқарасын білу қажет болғанда бұл әдіс аса пайдалы.

Сауалнама алу – зерттеудің мәліметтерді жаппай жинау әдісі. Сауалнама алуға қойылатын талаптар [94]: оның қолданылуының мақсаттылығы; қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік беруі; сұрақтардың түсінікті болуы және бір-біріне қарама-қайшы келмеуі; сауалнама сұрақтары жауап берушіде теріс эмоция туғызбауы; жауап берушінің дайындық деңгейін ескеру.

Сауалнама түрлері: ашық, жабық және аралас.

Ашық сауалнамада сұрақтарға жауаптарды жауап берушінің өзі құрастырса, жабық сауалнамада дайын жауаптардың біреуін таңдайды. Аралас сауалнамада сұрақтар ашық және жабық түрде болады.

Сауалнаманың алғашқы сұрақтары жауап берушідегі эмоционалдық толқуды төмендетуі, оның қызығушылығын арттыруы тиіс. Сауалнамадағы ұзын күрделі ұйымдастырылған сұрақтар, жауаптарды бағалаудың ұзын шкалалары, ақпараттың көптігі, сұрақтар санының көптігі оның құндылығын төмендетеді. Респонденттің құзыреттілігін немесе шын жауап беріп отырғандығын тексеру үшін сұрақтарды басқа түрде қайта қоюға болады. Бірақ олар өте шектелген болуы тиіс.

Жауаптардың шындығын жоғарылатуға бірнеше әдістемелік талаптарды сақтау көмектеседі. Оның бірі - егер сұрақ туралы пікірі қалыптаспаса респондентке жауап беруден бұлтару мүмкіндігін тудыру. Ол үшін «жауап беруге қиналамын», «әр кезде әр қалай» және т.б. жауап түрлерін қарастыру керек.

Сауалнамалық әдіс әңгімеге қатты ұқсайды. Екеуінде де сауал қойылып, оған жауап қайтарылады. Әңгімеден сауалнаманың ерекшелігі мынада, сауалнама бастан аяқ қатаң логикалық құрылымды ұстанады. Мұнда, сұрақтар арнайы іріктеліп алынады, тіпті жауаптардың да мүмкін болатын стандартты варианттары анықталады. Дербес жүргізілетін әңгімеден сауалнаманың тағы бір ерекшелігі оған адамдар барынша мол тартылады. Сауалнама үшін тікелей қарым-қатынас орнатудың қажеттігі шамалы, сұрақтарды почтамен де жіберуге болады. Егер сауалнама құрылған болса жұмысты жүргізу үшін (әңгіме тәрізді) мамандық деңгейі жоғары ұйымдастырушының қажеттігі шамалы. Студенттер, оқушылардың өздері, жұмысшылар, мұғалімдер, дәрігерлер, т.б. сауалнамалық

сауалдың белсенді ұйымдастырушылары бола алады. Бұқаралық сауалды жүргізу үшін біз сауалнаманың қандай түрін пайдалануымыз қажеттігін анықтап алуымыз керек. Сауалнаманың құрылымы мен сипаты сұрау салынатын адамдарға берілетін сауалдардың мазмұны мен түрі бойынша анықталады. Сондықтан, сауалнаманы құрудағы ең басты қиыншылық сұрақтарды іріктеу және құру, олардың орындылығын және сенімділігін тексеру болып табылады.

Мазмұны бойынша сұрақтарды екі үлкен топқа бөлеміз. Сұрақтардың мазмұны мен зерттеушінің қызығу объектісі сай келетін тура сауалдар: мысалы, сізге мұғалім мамандығы ұнай ма? Бұл жағдайда зерттеушіні қызықтыратын мәселе, яғни, мамандыққа деген көзқарас сұрақтың мазмұнына енгізілген. Егер қойылатын сұрақтың мазмұны мен зерттеушінің қызығу субъектісі әртүрлі болса, біз жанама сауал беруге ден қоямыз. Мысалы, сіз мұғалім мамандығы ең жақсы кәсіптердің бірі деген тұжырыммен келісесіз бе деген сұраққа жауапкердің келісуі немесе келіспеуі, тіпті болмаса келісу дәрежесі мамандыққа деген қарым-қатынасын жанама түрде ғана көрсетеді. Жанама сұрақтарды іріктеу және оларды құру сауалнама құрылымындағы ең үлкен проблемалардың бірі болып табылады. Іріктелген сұрақтардың өзін сауалнама парағына кіргізбес бұрын ыждағаттылықпен тексеру қажет. Өйткені бұл жанама сауалдар зерттеушіні қызықтырып, мәселеге мүлдем қатыссыз болуы мүмкін [95].

Еркін сауалнамадағы ашық сұрақтар. Егер сауалнамадағы сұрақтарға жауап беруге шектеу қойылмаса, қайтарылуға тиісті жауаптардың варианттары анықталмаса, мұндай сұрақтарды ашық сұрақтар деп атау қабылданған. Ашық сұрақтар, әдетте еркін сауалнаманың негізін құрайды. Мысалы, “өзінің таңдап алуды мақсат еткен кәсіптің атын жазыңыз?” деген сауалға респондент (жауап қайтаратын адам) өзіне мәлім кез келген мамандықты көрсетуі мүмкін. Еркін сауалнамалар пікірлерді дәл өлшеудің құралы бола алмайды. Пікірлерді жобалап білу мақсатында ғана еркін сауалнамалар пайдаланылады [94].

Құпия сұрақтары бар сауалнамалар. Мұндай сауалнамаларда құрастырушылар алдын - ала әзірленген қайтарылуға тиісті жауаптардың белгілі бір варианттарын әзірлейді. Мәселен, «мына тізімдегі мамандықтың қайсысын таңдап алар едіңіз?» деген сауалмен бірге «қажеттісінің астын сызыңыз» деген ескертпе қатар жүреді. Ашық сұрақтардан құпия сұрақтардың тағы бір ерекшелігі – олар статистикалық өңдеуге жылдам көнеді. Өйткенмен ондағы жауаптардың аз вариантты болуы респонденттерге қолайсыздық туғызады. Егер ол, тізімнің ішінен өзі таңдап алуға тиісті мамандықты көре алмаса, сауалнамаға жауап қайтара алмайды. Мұндай жағдайда, нұсқау респонденттің өз жауабына рұқсат ететін ереже қарастырылуы керек.

Осы зерттеудің әдістерінің бірқатарлары ЖОО, кәсіптік колледждердің, кәсіби лицейлердің және т.б. оқу орындарының оқу процесінде күнделікті пайдаланылып отырады.

Енді осы жоғарыда келтірілген педагогикалық шарттардың тиімділігін анықтау кезінде біз оқу процесінде оқытылатын «Кәсіптік педагогикадағы ғылыми зерттеу негіздері» (2011, 2012 жж. жұмыс оқу жоспарлары) пәніне сабақ мазмұны, бізге қажетті зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру үшін қосымша тақырыптар енгізілді. Сонымен қатар, осы пәнге арналып оқу құралы, терминологиялық сөздік, электронды оқулық жасалғандығын жоғарыда көрдік

және олардың мазмұнын қарастырып өттік. Енді осы біздің ұсынып отырған педагогикалық шарттарымыздың тиімділігін анықтау мақсатында педагогикалық эксперимент жүзінде тексереміз, яғни олардың тиімділігін анықтаймыз.

Енді төменде осы өзіміздің ұсынып отырған болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық шарттардың мазмұнын қарастырдық, екінші тарауда жалпы эксперимент дегеніміз не, оның құрылымы қандай, оны ұйымдастырудың жолдары, оны өткізудің нәтижесін қарастырамыз.

Buketov University

2 Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік жұмыс

2.1 Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік жұмыстың ұйымдастырылуы

Енді өзіміздің зерттеу тақырыбыз бойынша 5B012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығы мысалындағы болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын эксперимент жүзінде тексереміз. Жалпы студенттердің ғылыми зерттеуге деген қызығушылықтарын анықтау мақсатында біз 5B012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығының студенттеріне сауалнама өткіздік. Жалпы сауалнама дегеніміз не, оны қандай мақсатта өткізеді, мазмұны қандай сынды сұрақтарға жоғарыда жауап бергенбіз. Енді біз жалпы сауалнаманың мазмұнына тоқталып, алған жауаптарымыз бойынша талдау жасап көрелік (2.1-кесте).

2.1-кесте - Сауалнама сұрақтары

№	Сұрақтар
1	«Ғылым» ұғымын қалай түсінесіз?
2	«Ғылыми зерттеу» дегеніміз не?
3	Ғылыми зерттеудің бүгінгі қоғамдағы орны мен мәні неде?
4	Ғылым мен зерттеу ұғымдарының өзара байланысы неде?
5	«Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері» курсының мақсаты неде?
6	Пән мазмұнына келтірілген тақырыптар аясында зерттеудің толық негіздері бойынша білім алынады ма?
7	Осы пәнге қатысты қандай нормативті құжат бар?
8	Зерттеу жұмысының студенттерге қажеттілігі неде?
9	ЖОО-да студенттерді зерттеу жұмысына қызықтырудың қандай жолдары бар?
10	Студенттер арасында ұйымдастырылатын конференцияларға қатыстыңыз ба?
11	Студенттер арасында ұйымдастырылатын конференцияларға қатысқыңыз келеді ме?
12	Сіз ғылыми мақала жаздыңыз ба?
13	Ғылыми мақаланы жазу технологиясын білесіз бе?
14	Сізді ғылым жолы қызықтырады ма?
15	Студенттерді ғылымға тартуда қандай формалар ұсынар едіңіз, оны сипаттаңыз.

Бірінші «Ғылым» ұғымын қалай түсінесіз?» - деген сұраққа 25% студент қана толығырақ жауап берді. Олар бұл ұғымды ЖОО оқу орнының оқу процесінде конференцияға қатысу және пән шеңберінде кездесетіндігін сипаттаған. Ал студенттердің басқасы ол ұғымды, тек пән аясында ғана естігендерін келтірген.

Ал екінші «Ғылыми зерттеу» дегеніміз не?» деген сұраққа, тек оның анықтамасын теориялық тұрғыда ғана білетіндіктерін айтқан және ғылыми

зерттеуді оқытылып жүрген пәнде ғана қарастырғандарын тағы да қайталаған (97%).

Үшінші «Ғылыми зерттеудің бүгінгі қоғамдағы орны мен мәні неде?» - деген сұраққа студенттердің 73% жалпы бүгінгі таңда ғылымның адам өмірінде алатын орны мен маңызы аса зор екенін негіздеген, біздің болашағымыз да сол ғылыми зерттеуде деп келтірген.

Төртінші «Ғылым мен зерттеу ұғымдарының өзара байланысы неде?» деген сұраққа жалпы ғылыммен айналысатын категориядағы студенттер ол ұғымдар бір-бірімен ажырамас бірлікте деп жауап берген. Яғни, ол студенттердің 25%. Ал сол пайыз арасындағы студенттердің 15% жалпы зерттеу ол ғылымның нысаны деп қарастыру қажет екенін бекіткен.

Бесінші сұрақ бойынша «Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері» курсының мақсаты неде?» студенттердің негізгі бөлігі (95%) жауап берген, оның ішінде, 67% осы аталмыш пәннің нақты мақсатын толық сипаттаған, ал қалған 28% толық емес жауап берген, яғни пәннің мақсаты жалпылама суреттелген.

Алтыншы «Пән мазмұнына келтірілген тақырыптар аясында зерттеудің толық негіздері бойынша білім алынады ма?» сұрағына жалпы пән мазмұнының күрделі екенін атап өтіп (30%), кейбір сұрақтар аясында тақырыптарды кеңірек ашу қажет сияқты деп белгілеген (42%).

Жетінші «Осы пәнге қатысты қандай нормативті құжат бар?» деген сұраққа студенттердің 13%, тек «Заң туралы» Конституцияны ғана жазған, ал студенттердің 50% ол нормативті құжаттан басқа «Ғылым туралы» заңның бар екенін келтіріп, оның негізгі деген тармақтарына қысқаша тоқтала кеткен.

Сегізінші «Зерттеу жұмысының студенттерге қажеттілігі неде?» деген сұраққа бірқатар студенттер (67%) оның қажет екенін жазып, ал зерттеуге деген қызығушылығы жоқ немесе білім деңгейлері төмен студенттер (23%) ол туралы білімдері таяз екенін мойындап, тереңірек қарастыру жолдарын ұсынады.

Тоғызыншы «ЖОО-да студенттерді зерттеу жұмысына қызықтырудың қандай жолдары бар?» деген сұраққа студенттердің ғылымға қызықтыра отырып тартудың жолдары бар екенін айтып (37%), оны үнемі қадағалау жүзеге асырылуы тиіс екендігін айтады (53%).

Оныншы «Студенттер арасында ұйымдастырылатын конференцияларға қатыстыңыз ба?» деген сұраққа аудиторияда отырған студенттердің 25% ғана жалпы конференциялар ұйымдастырылып, оны жүзеге асыру қажеттілігі бар екенін шегеледі.

Он бірінші «Студенттер арасында ұйымдастырылатын конференцияларға қатысқыңыз келеді ме?» сұрағында жалпы төменгі курстан (1, 2) бастап ғылымға деген қызығушылық танытып, конференцияларға қатысып, ғылыми мақалалар жазып жүрген студенттердің контингенті ғана (13%) «қатысқымыз келеді» деп жауап берді.

Он екінші «Сіз ғылыми мақала жаздыңыз ба?» деген сұраққа алдыңғы (11 сұрақ) сипатта жауап алдық. Бірақ олар практикалық сабақ шеңберінде барлық студенттер ғылыми мақала жазғандарын жасырмады.

Он үшінші «Ғылыми мақаланы жазу технологиясын білесіз бе?» сұраққа студенттердің 87% ғылыми мақаланы жазу технологиясын, яғни ғылыми мақаланы жазу бойынша ақпаратты пән шеңберіндегі курста өткендерін келтірген.

Он төртінші «Сізді ғылым жолы қызықтырады ма?» деген сұраққа бірқатары қызықтыратынын мойындады (55%), бірақта бүгінгі таңда заман талабына сай мамандықтар бойынша жұмыс істегілері келетіндерін сипаттаған. Себебін олар ғылым саласындағы, яғни болашақ педагогтардың заман талабына сай еңбекақы алмайтындықтарын ашық жазған.

Он бесінші «Студенттерді ғылымға тартуда қандай формалар ұсынар едіңіз, оны сипаттаңыз» сұрағына жалпы ғылыммен айналысқысы келетін студентке ЖОО-да мүмкіндіктер де, уақыт та жеткілікті екендігін мазмұндаған. Яғни, ғылымға тартудың бастапқы жолы ретінде студенттер реферат жазуды, содан соң курстық жұмыстарды ғылыми тұрғыда жазуды да қарастыруға болатындығын келтірген.

Анкета жүргізу нәтижесі бойынша болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі, яғни білімдері, біліктері, дағдылары (ББД) және алған ББД тәжірибеде пайдалануы заман талабына сай емес, сонымен қатар, ғылыми зерттеу бағытын жеткілікті деңгейде меңгеруге мүмкіндіктердің төмен екендігі анықталды.

Сонымен қатар, бұл сауалнамадан басқа төменде қарастырылатын ЭО-ның негізінде болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттіліктері бойынша білімдерін, біліктерін және дағдыларын анықтау үшін бастапқы тестік тапсырмалар ұйымдастырылды және практикалық тапсырмалар жасалды [96].

Енді төменде біздің пән бойынша енгізілген тақырыптар бойынша тақырыптық жоспарға тоқталамыз (2.2-кесте).

Пәннің мазмұнына тоқталмас бұрын біз жалпы пәннің мақсаты мен міндеттеріне тоқтала кеткенді жөн көрдік:

Пәннің мақсаты

Болашақ кәсіптік оқыту педагогының бойына кәсіби білім беру проблемалары бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу қабілетін қалыптастыру.

Пәннің міндеттері

Осы пәнді оқыту нәтижесінде студенттер:
түсінік алуы керек:

- ғылымның қоғамдағы орны мен маңызы;
- жалпы ғылым туралы түсінік алу.

білуі керек:

- ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдіснамасын;
- ғылыми-педагогикалық зерттеудің логикасын.

Ескерту: кестеде қара әріптермен және (*) белгімен белгіленген, ол біздің қосымша ретінде енгізген тақырыптарымыз болып табылады.

2.2-кесте - Пәннің тақырыптық жоспары

Тарау, тақырып атаулары	Сабак түрлері бойынша көлемі, сағ.				
	дәріс	практикалық	зертханалық	СОӨЖ	СӨЖ
1. Пән мазмұны. Кіріспе.	1		-		
Теория мен практика арасындағы қарама-қайшылықты анықтау			1	*	
Кәсіби педагогикадағы ғылыми шығармашылық				3	3
Ғылыми зерттеу немен сипатталады?					
Сөздікпен жұмыс			*		
Ғылымның бүгінгі қоғамдағы рөлі					*
Сөздікпен жұмыс			*		
2. Кәсіби педагогика бойынша ғылыми-педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру. Ғылым танымның жоғарғы түрі. Ғылыми мәселелер	2				
Зерттеу жоспары (тақырып бойынша)			1		
Ғылым әдіснамасы				3	3
Ғылыми қызметтің қоғамдық дамудағы рөлі				*	
Сөздікпен жұмыс			*		
3. Кәсіби педагогикадағы зерттеу әдістері. Ғылыми зерттеу әдістерінің жіктелуі	4				
Зерттеу логикасы (тақырып бойынша)			1	3	3
Педагогикалық зерттеудің бағдарламасы					
Зерттеу аппараты (тақырып бойынша)			2		
Ғылыми зерттеудің кезеңдері	*		*		
Мұрағат материалдарымен жұмыс				3	3
Сөздікпен жұмыс			*		
4. Кәсіби педагогикадағы жеке мәселені зерттеу барысында қолданылатын әдістер	3				
Аңдатпа, сын пікір			2		
Эксперимент мақсаты: зерттеу пәні, гипотезаны тексеру				4	4
Әдебиетпен жұмыс			2		
Педагогикалық зерттеудің эмпирикалық әдістері				4	4
Сөздікпен жұмыс			*		
Менің өмірімде ғылымның алатын орны					*
5. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өңдеу және біріктіру әдістері	3				
Педагогикалық эксперименттің кезеңдері: айқындаушы және қалыптастырушы	*		*		
Педагогикалық байқауды ұйымдастыру және өткізу			2		

2.2-кестенің жалғасы

Педагогикалық зерттеулерде статистикалық әдістерді пайдалану				3	3
Педагогикалық зерттеуде сауалнамаларды құрастыру және қолдану әдістемесі	*		*		
Эксперимент мақсаты: зерттеу пәні, гипотезаны тексеру				*	*
Ғылыми есеп беру, реферат, аннотация				4	4
Сөздікпен жұмыс			*		
6. Педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін рәсімдеу және жариялау.	2				
Өңдеудің статистикалық әдістерін қолдану			2		
Редакторлау, басылымға дайындау				3	3
Зерттеу тақырыбы бойынша мақала			*	*	*
Сөздікпен жұмыс			*		
БАРЛЫҒЫ:	15		15	30	30

істей алуы керек:

- студенттерді ғылыми-педагогикалық зерттеу көздерімен өзіндік жұмысқа бағдарлай алу;

- ғылыми бағыт бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағытын ажырата білу.

практикалық машықтануы керек:

- ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдістері, ұғымдық аппараты туралы білімдермен қаруландыру;

- ғылыми бағыт бойынша ғылыми аппарат құрастыруды үйрену;

- белгілі тақырыпта ғылыми мақаланы жазу дағдысын қалыптастыру;

- студенттерде мұғалімнің ғылыми еңбегіне қызығушылық және педагогикалық проблемаларды психологиялық, қоғамдық және арнайы ғылымдарлық білімдерді қолдана отырып, шығармашылық тұрғыдан шешу іскерліктерін қалыптастыру.

Пәннің белгіленген мақсаты мен міндетінен кейін жоғарыда кесте мазмұнында келтірілген дәрістік тақырыптарға қысқаша түрде аннотация келтіріп өтейік.

1 Пән мазмұны. Кіріспе. Пәннің мақсаты мен міндеттері. Ғылым және ғылыми шығармашылық туралы ҚР Конституциясы. Ғылымның даму заңдылықтары. Ғылымның жіктемесі.

2 Кәсіби педагогика бойынша ғылыми-педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру. Ғылым танымның жоғарғы түрі. Ғылыми мәселелер. Педагогикалық зерттеудің бағытын және нысанын таңдау. Оқушыларды тәрбиелеу проблемасын зерттеу.

3 Кәсіби педагогикадағы зерттеу әдістері. Ғылыми зерттеу әдістерінің жіктелуі. Педагогикалық құбылыстарды теориялық талдау және синтез.

Педагогикалық байқау. Педагогикалық эксперимент. Эксперименттің түрлері. Эксперименттің логикасы.

4 Кәсіби педагогикадағы жеке мәселені зерттеу барысында қолданылатын әдістер. Зерттеу әдістерін кешенді пайдалану проблемалары. Тұлғаны зерттеу. Оқушылардың жұмысқа деген қабілеттілігін зерттеу. Оқу материалының құрылымын зерттеу.

5 Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өңдеу және біріктіру әдістері. Кәсіби педагогикада статистикалық әдістерді пайдалану. Зерттеу нәтижелерінің ауытқуы. Каталогтармен, карточкалармен жұмыс істеу, әдебиеттермен тиімді жұмыс істеу. Электронды картотекамен жұмыс істеу. Ақпаратты талдау және өңдеу.

6 Педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін рәсімдеу және жариялау. Зерттеу нәтижелерін тарату және бағалау. Ғылыми-педагогикалық зерттеу нәтижелеріне қойылатын нормативті талаптар. Педагогикадағы ғылыми хабарламалардың формалары. Ғылыми есеп беру. Аннотация. Сын пікір жазу.

Ендігі ретте біз өзіміздің енгізген қосымша тақырыптарымызға тоқтала кетейік (2.3-кесте).

2.3-кесте

<i>1-ші тақырып аясында:</i>	
Тақырыбы	Сабақ түрі
Теория мен практика арасындағы қарама-қайшылықты анықтау	СОӨЖ
<i>2-ші тақырып аясында:</i>	
Ғылыми қызметтің қоғамдық дамудағы рөлі	СОӨЖ
Сөздікпен жұмыс	Зертханалық сабақ
<i>3-ші тақырып аясында:</i>	
Ғылыми зерттеудің кезеңдері	Дәрістік сабақ
	Зертханалық сабақ
Сөздікпен жұмыс	Зертханалық сабақ
<i>4-ші тақырып аясында:</i>	
Сөздікпен жұмыс	Зертханалық сабақ
Менің өмірімде ғылымның алатын орны	СӨЖ
<i>5-ші тақырып аясында:</i>	
Педагогикалық эксперименттің кезеңдері: айқындаушы және қалыптастырушы	Дәрістік сабақ
	Зертханалық сабақ
Педагогикалық зерттеуде сауалнамаларды құрастыру және қолдану әдістемесі	Дәрістік сабақ
	Зертханалық сабақ
Эксперимент мақсаты: зерттеу пәні, гипотезаны тексеру	СОӨЖ
	СӨЖ
Сөздікпен жұмыс	Зертханалық сабақ
<i>6-ші тақырып аясында:</i>	
Зерттеу тақырыбы бойынша мақала	Зертханалық сабақ
	СОӨЖ
	СӨЖ
Сөздікпен жұмыс	Зертханалық сабақ

Пән бойынша қосымша тақырыптар

Енді ретте жалпы зертханалық жұмыстарды орындау бойынша әзірленген әдістемелік материалдарға, әр зертханалық сабақтың мақсатына, орындалатын тапсырмаларға, негізгі теориялық мәліметтерге, есеп беру мазмұны мен бақылау сұрақтарына тоқталамыз.

№ 1 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

ТАҚЫРЫБЫ: Ғылыми шығармалардың негізгі түрлері

Жұмыс мақсаты: Ғылыми шығармалардың негізгі түрлерімен танысу.

Тапсырмалар:

- 1 «Ғылыми шығармалар және оларға тән қасиеттер» тақырыбы бойынша жана терминдердің сөздігін (гlossарий) құрастыру.
- 2 Өз рефератының түрін анықтаңыз.
- 3 Таңдалған ғылыми зерттеудің тақырыбы бойынша реферат жазыңыз.
- 4 Өз жолдасыңның рефератына андатпа (аннотация) және сын пікір (рецензия) жазыңыз.
- 5 Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.
- 6 Есеп беруді рәсімденіз.

НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР

Материалдардың мазмұнына және олардың мақсат бағытына байланысты ғылыми шығармалардың әдеби түрі әртүрлі болуы мүмкін. Бұл реферат және баяндама тезистері, ғылыми есеп беру және ғылыми тақырыпқа арналған баяндама, басылым мақаласы және сын пікір, монография немесе кітапша, автореферат және андатпа, оқу құралы және диссертация.

Осындай ғылыми шығармалардың әрқайсысының композициясының өзіндік ерекшелігі бар. Шығарманың композициясына оның бөлімдері, тараулары, параграфтарының ішкі логикалық өзара байланысы енеді. Нақты материалдың дұрыс ұйымдастырылуы ғылыми шығармаға үйлесімділік пен ұқсастық нышанын береді, осы тұста мазмұны мен пішіні біртұтастықты құрайды.

Барлық ғылыми әдеби өнімдердің көлемдері шартты түрде бірліктермен өлшенеді – баспа (авторлық) беттер. Бір басылым сөздер арасындағы арақашықтық пен тыныс белгілерін қосқанда 40000 басылым белгілерінен тұрады. Бір басылым беті – бір арақашықтықтан (интервалдан) кейін терілген машиналық мәтіннің шамамен 16 беті.

Ғылыми жұмыстың бастапқы түрлерінің бірі реферат болып табылады. Реферат (лат. тілінен *refero* – баяндама, мәлімдеме) – құжаттармен немесе оның бөлігімен алғашқы танысуға қажетті негізгі нақтылы мәліметтерін және қорытындыларын кірістіретін құжаттың мазмұнының қысқаша сипаттамасы, және оған бағытталуының маңыздылығының анықтамасы.

Реферат мақсаты – рефератталатын жұмыстың мазмұны туралы хабарлау ғана емес, сәйкесінше ғылым және өнеркәсіп саласындағы туындаған

проблемалар туралы түсінік қалыптастыру. Рефераттаудың объектісі болып тек ғылыми немесе өнеркәсіптік әдебиет болып табылады. Реферат көлеміне де талап қойылады. Мысалы, рефератты журналда рефераттың орта көлемі – 1000 басылымды белгі, ал жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласында 500-ден 2500 белгіге дейін. Рефераттар, әдетте басылымға шығарылмайды.

Рефераттардың келесі түрлері ажыратылады:

1 Шолулық (обзорный) (немесе тақырыптық) – нақты тақырып немесе белгілі бір проблема бойынша қысқаша критикалық баяндама, ал кей жағдайда басылымға шыққан еңбектер бойынша ғана.

2 Әдістемелік – белгілі бір зерттеудің әдістері мен тәсілдерін жүйелі түрде қарастыру, талдау және оларды бағалау.

3 Ақпараттық – белгілі бір тақырып негізінің қандайда бір ғылыми кеңестің, конференцияның, мәжілістің қорытындылары туралы ақпарат жасау, бағалау мақсатымен қысқаша баяндамасы.

4 Биографиялық – ғылым немесе техника саласы қайраткерлерінің (немесе ғылыми мектептің) өмірін сипаттау, білім мен техникалық прогреске қосқан үлесін бағалау.

5 Полемикалық (полемический) – ғалымдардың әртүрлі көзқарастары қалыптасқан аз зерттелген пікірталасты тақырып бойынша туралы хабарлама.

Реферат жоспары:

- тақырыптың теориялық және практикалық мағынасын бір, максимум бір жарым бетте сипатталатын қысқаша кіріспе;

- мазмұны (мәтіндік бөлімі) – рефератталған мәліметтердің және олар бойынша ескертпелердің негізін қарастыру;

- қорытынды. Бұл бөлімде болуы мүмкін: оқырманның назарын аудару үшін жұмыстың негізгі тезистерінің қайталануы, рефераттың авторы жасаған жалпы қорытынды; қарастырылған сұрақ бойынша ары қарай қарастыру бойынша ұсыныстар және т.с.с.

- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

- қосымша.

Мәтінде қарастырылатын проблема бойынша пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде болуы тиіс.

Рефераттың орта көлемі машиналық мәтіннің 8-12 бет (қосымшасыз).

Тезистер көбінесе баяндаманың немесе хабарламаның негізгі мәліметтері туралы түсінік қалыптастыру үшін құрылады.

Ғылыми есеп беру. Ғылыми есеп беруді қалыптастырудың жалпы талаптары мен ережелері МЕСТ-ке сәйкес сипатталады.

Ғылыми есеп беру келесі элементтерді қамтиды: мұқаба бет; авторлар тізімі; қысқаша реферат; мазмұны (бөлімдеу); жұмыстың негізгі бөлімі; пайдаланылған әдебиет тізімі; қосымшалар.

Есеп берудің рефераты есеп берудің негізгі мазмұнын қысқаша баяндамада сипатталуы тиіс: көлем, иллюстрация және кестелердің саны және мінездемесі, кілтті сөздердің тізімі, орындалған жұмыстың негіздемесі, зерттеудің әдістері, зерттеудің қорытындыларын пайдаланудың қысқаша қорытындылары және мүмкіндіктері. Есеп берудің негізгі бөліміне мыналар енеді: кіріспе; ғылыми

жұмыстың аяқталған кезеңдерінің жоспары мен бағдарламасының баяндамасы; берілген тақырып бойынша ғылыми әдебиеттің аналитикалық шолуы; жұмыстың таңдалған бағытын негіздеу; жүзеге асырылған жұмыстың әдістемесін және мазмұнын, оның ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын сипаттайтын есеп берудің тараулары; зерттеудің нәтижелерін қорытындылайтын және жауабын таппаған сұрақтарды белгілейтін қорытындылар және нәтижелер. Қосымшаларға есеп берудің қосымша материалына енетін материал: сандық мәліметтердің кестелері; зерттеу жұмысында пайдаланылған нұсқаулардың, басшылықтардың, сауалнамалардың, бақылау жұмыстарының, тесттердің және т.с.с. мысалдар; қосымша сипаттағы иллюстрациялар.

Ғылыми баяндама – мазмұны бойынша ғылыми есеп беру іспеттес. Осы тұста зерттеліп отырған проблеманы толық қамтуы мүмкін, тек логикалық аяқталған бөлімін, аспектісін ғана сипаттауы мүмкін.

Ғылыми баяндамаға мыналар жатады: қысқаша кіріспелі ескертулер арқылы тақырыптың ғылыми-тәжірибелік мағынасы; тақырыптың мәні, негізгі ғылыми ұсыныстар, қорытындылар және ұсыныстар.

Әдістемелік нұсқау. Осындай құралдың негізі – ол педагогикалық үрдісті жетілдіру үшін, зерттеу нәтижелері негізінде құрастырылған теориялық-әдістемелік нұсқаулар болып табылады.

Әдістемелік нұсқаулар мынадай түрлерге бөлінеді:

- қандайда бір оқу сабағының, курсының немесе курстар циклінің оқыту әдістемесі;

- көбінесе, белгілі бір жеке тараудың әдістемесі келтіреді, тақырыптың, оқу бағдарламасының немесе оның бірнеше тарауы бойынша әдістемелік нұсқаулар;

- физика және басқа да білім салаларында оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытумен байланысты білім беру үрдісінің дамытуының кейбір аспектілерін сипаттайтын әдістемелік нұсқаулар.

Ғылыми мақала, журналда немесе еңбектер жиынтығында басылуға арналған, көлемі қатаң шектелген (машиналық мәтіннің 8-10 бет) және графикалық немесе иллюстрациялық материалдар саны шектеулі болуы тиіс.

Журнал мақаласы негізіне келесі жоспар негізге алынуы тиіс:

1 Кіріспе. Кіріспеде автор таңдалған тақырыпты негіздейді, оның ғылыми қызығушылығын толығымен қарастырады.

2 Жұмыс мақсаты. Автор осы жұмыста орындалатын тапсырмаларды қарастырады, олардың орындалу жолдарын анықтайды, зерттеу пәнін сипаттайды.

3 Жұмыстың эксперименталды және зерттеу бөлімдерін жүзеге асыру әдістемесі. Әдістеменің өзінің толық сипатталуы.

4 Жұмыстың ғылыми (теориялық) бөлімі. Берілген тақырып бойынша оқылған әдебиетке қысқаша талдау беріледі, жұмыстың эксперименталды бөліміне тікелей қатысты үрдістерді сипаттайтын процестер мен құбылыстарды сипаттайды.

5 Зерттелген нәтижелердің талдауы. Осы бөлімде автор тәжірибе барысында қол жеткізген нәтижелерді талдайды.

6 Қорытынды. Автор тәжірибе барысында алынған нәтижелері бойынша өзінің қорытындысын алдыңғы бөлімдегі теориялық материалмен салыстыра отырып талдауын көрсетеді.

Жұмыс пайдаланылған әдебиеттер тізімімен аяқталады.

Ғылыми мақаланы жазу барысында жасалған жұмыс туралы қорытындылар маңызды (талдау негізінде қорытылған ойды түйіндеу).

Қорытындыларды түзетудің талаптары:

1 Қорытындылар нақты пікірлер ретінде болуы тиіс (не туралы айтылып жатыр және не мәлімделінеді).

2 Өзіндік тұжырымдар нақты және қысқа беріледі.

3 Өзіндік нәтижелер басқа авторлардың нәтижелерінен қалай ерекшеленетіндігі айтылады.

4 Барлық аспектілер бойынша қорытындының жаңашылдылығы дәйектелген және сыни сұрақтармен негізделінуі тиіс.

5 Нәтиженің шынайылығы негізделеді (қабылданған және қалыптастырылған алғышарттардан және формальды логиканың заңдары мен ережелері негізінде жұмысқа енгізілген түсініктер анықтамасы талқыланады).

6 Алынған нәтижелер көмегімен шешілетін ғылыми-тәжірибелік тапсырмалар аталады.

Сын пікір (рецензия) – бір немесе бірнеше ғылыми шығарма сын тұрғысынан қарастырылатын, зерттеулер және баяндама жасауының талдауы келтіріледі (Қосымша В, Г).

Монография – қандайда бір проблема немесе тақырып толыққанды және жан-жақты зерттелінетін ғылыми еңбек.

Монография келесі құрылымдық бөлімдерден тұрады: кіріспе; қандайда бір тақырыптардың немесе проблемалардың бірі толық және жан-жақты қарастырылады; әрбір бөлім (тарау) бойынша; қорытынды; пайдаланылған әдебиеттер тізімі; глоссарий; қосымшалар.

Әдістемелік нұсқаулар – қазіргі ғылыми мәліметтерді қандайда бір саладағы белгілі бір тәсіл мен технологияларды практикалық тұрғыда пайдалануға ұсынылатын тәжірибелік нұсқаулар, зерттеулер немесе практикалық әрекеттің әдістемесі, едәуір кеңейтілген баяндамасы.

Кітапша (брошюра) – проблеманы талқылау, даму тарихын, жұмыс нәтижелерін, қорытынды және нұсқауларды, беруді кірістіретін бір проблеманы толық және ретті қарастыру.

Таңдаулар (обзоры) – белгілі бір білім саласындағы заманауи жетістіктер туралы ықшамдалған хабарлама.

Андатпа (аннотация) – кітаптың, мақаланың, қолжазбаның қысқаша сипаттамасын, олардың негізгі мазмұнын, сонымен қатар, қандай оқырмандарға арналғандығы туралы мағлұматтардан тұрады.

Автореферат – автордың өзімен жасалған баспаханалық әдіспен шығарылған (әдетте 150-200 данасымен) ғылыми еңбектің қысқаша баяндамасы.

Диссертация (лат. тілінен *dissertatio* – талқылау, зерттеу) – диссертант ғылыми дәрежені иелену үшін ұсынылатын және белгілі бір ЖОО немесе диссертациялық Кеңесінің мәжілісінде қорғалатын ғылыми зерттеудің арнайы формасы.

ЕСЕП БЕРУ МАЗМҰНЫ. Есеп беру теориялық мағлұматтардың қысқаша конспектісін, орындалған тапсырмалар, бақылау сұрақтарына жауап беру.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

- 1 Ғылыми шығармалардың қандай түрлерін білесіздер?
- 2 Ғылыми мақала ғылыми баяндамадан немен ерекшеленеді?
- 3 Аңдатпа дегеніміз не?
- 4 Сын пікір дегеніміз не?
- 5 Диссертацияны қорғауға кімнің құқығы бар?
- 6 Автореферат не үшін жазылады?

№ 2 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

ТАҚЫРЫБЫ: Зерттеу жоспары (тақырып бойынша)

Жұмыс мақсаты: зерттеу тақырыбының ғылыми және тәжірибелік мәнінің, жаңашылдылығының, көкейкестілігін бағалаудың әдістемесін зерделеу.

Тапсырмалар:

- 1 Дипломдық жұмыс негізі болуы мүмкін зерттеу тақырыбын таңдау және дәлелдеу.
- 2 Зерттеудің таңдалған тақырыбы бойынша әдебиеттерге ғылыми талдау жасау, зерттеу жоспарын құрастыру.
- 3 Бақылау сұрақтарына жауап.
- 4 Есеп беруді қалыптастыру.

НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР

Зерттеу – жаңа ғылыми білімдерді қалыптастыру үрдісі немесе әдісі, әлем танымын кеңейту. Өздігінен ғылыми жұмыстың түп сұрағы болып тақырып таңдауы табылады – ол оның сәтті орындалуының жартылай кепілділігі.

Ғылыми зерттеудің тақырыбы актуалды, жаңашылдылығымен ерекшеленуі тиіс, заманауи ғылымның әлі шешілмеген маңызды проблемаларын шешуге бағытталуы тиіс. Заманауи қоғамның талаптары тәжірибе сұрақтарына жауап беруді міндетті етеді, ғылыми зерттеудің әртүрлі тақырыбын айтып отырады. Осы тұста ғылыми зерттеулердегі тікелей тәжірибелік арнайы теориялық талаптамаларды кідіртпеуі керек, басқаша айтқанда отандық ғылымды жетелейтін, әлемдік ғылымда жетекші орындарды бекітетін проблемалар аясын «терең теориялық зерделеуді» бөгемеуі тиіс.

Ғылыми зерттеудің тақырыбын таңдау үшін келесі әдістерді пайдалануға болады:

- 1 Ғылым мен техниканың жетістіктерінің образдарымен танысу. Дәл осылай, кезінде, Мария Склодовская-Кюри ғылыми ақпаратты табу мақсатымен журнал қарап отырып, алдын ала француз физигі Анри Беккерелмен айтылған қара қағаздан өту кейбір элементтердің жандыратын уран мен тұздарының қандайда бір сәулелерді жіберу құбылысына назар аударған болатын.

Мария Склодовская-Кюри аз зерттелген салаға бар зейінімен кірісті. Белгілі болғандай, 1898 жылы өзінің жолдасы Пьером Кюримен қоса жаңа радиобелсенді элементтерді – полоний және радийді ашады [97].

Қазіргі таңда көптеген журналдар жаңа ғылыми және техникалық жетістіктерге критикалық пікірлер басуда, яғни жас зерттеушілерге аз зерттелген саладағы бағытты көрсетуде.

2 Ғылым мен техниканың аралас салаларында зерттеулердің жаңа қорытындыларымен танысу. Әртүрлі ғылымдардың түйіскен жерінде көптеген жаңа және маңызды жаңалықтар ашылуда. Осы аралас салаларды ғылымдағы ақ іздер деп босқа атамаған.

Бионика, металлохимия, инженерлі психология, техникалық эстетика, плазмохимия және т.б. секілді жаңа ғылымдар қатарының дамуы білімнің аралас салаларында, әлі зерттелмеген құбылыстар, теориялық және тәжірибелік тұрғыда маңызды салаларда проблемаларды қарастырудан туындайды.

3 Зерттеудің, машиналарды құрастырудың жаңа әдістерді, технологиялық әдістерді ғылым мен техниканың заманауи жетістіктері негізінде өнеркәсіптің белгілі бір саласында пайдалану, әдістемелік зерттеулер жоғары теориялық деңгейде, экономикалық және техникалық жақсы қарастырылған, қолданбалы мәні бар жағдайында жүзеге асырылатын болса, ғылыми зерттеу тақырыбы болуы мүмкін.

Академик И.П. Павлова түйіндемесі бойынша «... ғылым әдістемемен жасалатын сәттілікке байланысты нүктелермен жылжуда. Алға біз әдістеменің адымымен өрге бізге енді көкжиектен астам зат көрінбейтін ертерек ашылған саты жоғары сияқты көтерілеміз» [97].

4 Ескі жетістіктерді едәуір жаңа әдістер, жаңа көзқарастар, жаңа фантастикалық құралдарды пайдалана отырып қарастыру. Тарихта ескі жетістіктерді жаңа тұрғыдан қарастыру ерекше жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік берген жағдайлардың керемет мысалдары баршылық. Айта кетерлігі, грек геометрі Евклидтің аксиомаларын атақты орыс математигі Н.И. Лобачевскийдің түбегейлі қарастыруы. Бұл жайт евклидтік емес геометрия саласын ашуға, математикадағы жаңа саланың қалыптасуын тудырды. А.Энштейн пікірінше, егер біз ғылымды өзімізге үйреншікті түсініктерге келтіргіміз келсе, оны қайтадан қарастыру керек [97].

5 Зерттеушінің өзі қатысқан, экспедициялы зерттеулерді және жаңа статистикалық, тәжірибелік, сипаттамалы және басқа да ведомство сипатты, мысалы, геология-минерологиялық ғылымдар, биология, медицина, және басқа да салалардың материалдарын жан-жақты анализдеу және салыстыру; әрине осы материалдар иелерінің және құзырлы орындардың рұқсатымен және басылымның ережелерімен сәйкес пайдаланылуы тиіс.

6 Теориялық тұрғыда аз зерттелген тәжірибенің маңызды сұрақтарын анықтауға мүмкіндік беретін өнеркәсіптік өндіріс саласындағы ірі мамандармен, өнер, техника, ғылым салаларының қайраткерлерімен пікір алмасу.

7 Қорғалған диссертациялар каталогын қарастыру.

Таңдалған тақырып атауы анық және зерттеу мәнін толықтай сипаттауы тиіс.

ЕСЕП БЕРУ МАЗМҰНЫ. Сабақ бойынша есеп беру бақылау сұрақтарына жауаптардан және теориялық мәліметтер бойынша қысқы конспектіден тұруы керек.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

- 1 Зерттеу дегеніміз не?
- 2 Ғылыми зерттеу тақырыбы дегеніміз не?.
- 3 Ғылыми зерттеу тақырыбын таңдау неге тәуелді?
- 4 Ғылыми зерттеу тақырыбын таңдау үшін қандай тәсілдерді қолдануға болады?

№ 3 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

ТАҚЫРЫБЫ: Зерттеу логикасы (тақырып бойынша)

Жұмыстың мақсаты: студенттерде ғылыми әдістер туралы негізгі түсініктер қалыптастыру.

Тапсырмалар:

- 1 Негізгі теориялық мәліметтерді зерделеу.
- 2 Тәжірибелік сабақтың тақырыбы бойынша білімдер қорының логикалық сызбасын қалыптастыру.
- 3 2.4-кестесін толтыру.

2.4-кесте - Ғылыми зерттеу әдістері

Ғылыми зерттеу деңгейі	Әдіс	Әдіске тән қасиеттер
------------------------	------	----------------------

4 Бірнеше автордың авторефераттарын ала отырып зерттеу әдістеріне және түрлеріне талдау жасау.

5 Бақылау сұрақтарына жауап беру.

6 Есеп беруді рәсімдеу.

НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР

Әдіс түсінігі нақтылы игерудің тәжірибелік және теориялық әдістер мен амалдардың қосындысын білдіреді.

Әдіс адамды қойылған мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін және пайдалана отыратын принциптер, талаптар, ережелермен жабдықтайды.

Әдістемелеу – әдістер туралы ғылым. Оның мақсаты болып танудың пайда болуын, негізін, нәтижелілігін және басқа да сипаттамаларын тану табылады.

Ғылыми танудың әдістерін әдетте олардың жалпылығы дәрежесімен, яғни ғылыми зерттеу процесі кезінде пайдалану кеңдігі дәрежесімен бөлістіріледі. Жалпылама, жалпы философиялық әдістер: диалектикалық және метафизикалық. XIX ғасырдың ортасынан бастап диалектикалық әдіспен ығыстырыла бастады.

Ғылыми танудың эмпирикалық деңгейі нақты қалыптасқан, сезімтал қабылданатын зерттеулермен сипатталады. Осы деңгейде зерттелінетін

нысандар, құбылыстар туралы бақылау, әртүрлі өлшеулерді және тәжірибелерді жүзеге асыру арқылы ақпарат жинақтау процесі орындалады.

Ғылыми танудың теориялық деңгейі танудың рационалды сатысында жүзеге асырылады. Берілген деңгейде зерделеніп жатқан нысандар, құбылыстар туралы едәуір терең, нақтылы байланыстарды қарастыру жүзеге асырылады.

Ғылыми тану әдістерінің үшінші тобына тек белгілі бір ғылым немесе қандайда бір нақтылы құбылыстың аясында пайдаланылатын әдістер жатады. Осындай әдістер жеке ғылыми деп аталады. Қандайда бір жеке ғылым (биология, химия, геология және т.б.) тек сол салаға ғана тән зерттеу әдістері болады.

Кез келген әдіс материалды нақтылықтың тануының сәтті болуын алдын - ала анықтамайды. Сонымен қатар, ғылыми әдісті тану процесінде дұрыс пайдалана алу маңызды.

Ғылыми тану әдістерінің жіктемесі. Эмпирикалық танудың жалпы ғылыми әдістері

Бақылау – сыртқы әлемнің заттар мен құбылыстарының сезімді көрінуі. Айналадағы нақтылықтың нысандар туралы кейбір бастапқы ақпаратты алуға мүмкіндік беретін эмпирикалық танудың бастапқы әдісі.

Ғылыми бақылау ерекшеліктердің бір қатарымен сипатталады:

- мақсат бағыттылық;
- жоспарлылығымен;
- белсенділігімен.

Зерттеудің жүргізілуі әдісіне байланысты бақылаулар тікелей немесе тікелей емес болуы мүмкін. Тікелей бақылау кезінде қандайда бір қасиеттер, нысанның жақтары көрініп, адамның сезім мүшелерімен қабылданады.

Тікелей емес бақылаулар бақыланатын және бақыланбайтын құбылыстар арасында орнататын қандайда бір кейбір теориялық мәліметтерге міндетті түрде жүгінеді.

Бақылаулар ғылыми тануда маңызды эвристикалық рөлге ие болуы мүмкін.

Тәжірибе – эмпирикалық танудың едәуір күрделі әдісі. Зерттеушінің зерттелініп жатқан нысанның жақтарын, қасиеттерін, байланыстарын анықтау және зерделеуге бағытталған белсенді, мақсат бағытталған және қатаң бақыланатын әрекет ету.

Тәжірибе өзіне эмпирикалық зерттеудің басқа әдістерін де (бақылау, өлшеу) кірістіреді, және өзіне ғана тән бірқатар ерекшеліктері бар. Біріншіден, тәжірибе әртүрлі факторлар, қабаттасулардың алдын - ала отырып нысанды зерделеуге мүмкіндік береді. Екіншіден, тәжірибе барысында нысан кейбір жалған, экстремалды жағдайда шарттарға орналастырылуы мүмкін. Үшіншіден, тәжірибе жасаушы процеске белсенді араласуы мүмкін, оның көрсететін нәтижелеріне әсерін тигізе алады. Төртіншіден, көптеген тәжірибелердің маңызды артықшылығы болып қажет ететін орындалуын, дайындығын және жүзеге асырылуы, өз кезегінде олар кейбір шарттардың орындалуын талап етеді:

Зерттеушілік тәжірибелер нысанның жана белгісіз қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Тексерушілік тәжірибелер қандайда бір теориялық қалыптасуларды тексеру, тұжырымдау және дәлелдеуге бағытталған.

Жүзеге асырылу әдістемесінен және алынған нәтижелеріне байланысты тәжірибелерді сапалы және сандық деп бөлістіруге болады. Сапалық тәжірибелер іздеушілік сипатта болады және нәтижесі сандық түрде болмайды. Олар зерттелініп жатқан құбылысқа факторлардың әсерін анықтауға мүмкіндік береді. Сандық тәжірибелер зерттелініп жатқан құбылыста нақты сандық байланыстарды анықтауға бағытталған. Тәжірибелі зерттеудің нақтылы тәжірибесінде аталған екі түрде жүзеге асырылады, әдетте, танымның даму сатылары түрінде.

Өлшеу – бұл зерттелініп жатқан нысанның, құбылыстың белгілі бір қасиеттерін, жақтарын, сандық мәндерін қандайда бір арнайы техникалық құралдардың көмегімен анықтауға негізделген процесс.

Өлшеулердің ғылым үшін маңызын көптеген көрнекті ғалымдар атап айтқан, Д.И. Менделеев «ғылым өлшеуді бастағаннан басталады» деп тұжырымдаған [98].

Өлшеу процесінің маңызды жағы болып оның әдістемесі табылады. Ол өлшеулердің белгілі бір принциптері мен құралдарын кірістіретін әдіс-тәсілдердің жиынтығы болып келеді.

Автоматты ақпараттық – өлшеуіш жүйенің жұмысы барысында электронды есептеуіш техника субъектісі болады (зерттеушінің болуы міндетті емес).

Өлшеу нәтижесі өлшеу бірліктерінің белгілі бір саны ретінде көрсетіледі. Өлшеу бірлігі – нысанның немесе құбылыстың өлшенетін жағы салыстырылатын белгілі бір эталон.

Өлшеулердің бірнеше түрі бар – статикалық және динамикалық

Теориялық танымның жалпы ғылыми әдістері. Тану процесі қандайда бір жалпылама түсініктерге, анықтамаларға, яғни ғылыми абстракцияларға әкелетін нақты, сезімталды қабылданатын заттар мен құбылыстарды, олардың сыртқы қасиеттері, байланыстарын қарастырудан басталады.

Абстрагирлену процесінде нақты нысандарды сезімталды қабылдаудан олар туралы ойлаудағы абстрактілі қалыптастыруға өту (кету) жүзеге асырылады.

Ғылыми тануда кеңінен таралған мысалы, түрлендіру абстракциясы және ерекшелеу абстракциясы. Түрлендіру абстракциясы қандайда бір заттардың жиынтығын түрлендіріп, оларды ерекше топқа біріктіру нәтижесінде пайда болатын түсінік. Ерекшелеу абстракциясы материалды әлемнің заттарымен байланысты кейбір қасиеттерді, қатынастарды жеке түсініктерге ерекшелеуді білдіреді.

Зерттеуші абстракциялыдан нақтылығы оралу нәтижесінде оның мазмұнының барлық байлығы бойынша бүтін сурет алады.

Идеализациялық зерттеу мақсаттарына сәйкес зерттелініп жатқан нысанға ойша қандайда бір өзгертулерді енгізуді мензейді.

Идеализацияны қажетті жағдайда пайдалану керек, яғни зерттеу жататын нысандар теориялық құралдарға, оның ішінде, математикалық талдау үшін тым күрделі болғанда, кейбір оларсыз бола алмайтын бірақ тәжірибеге күрделілік

туындатқанымен кері әсерін тигізбейтін байланыстарын алу керек жағдайларда идеализацияға жарамды.

Үлгілеу нақты нысандарды, теориялық нақтылықтарды сипаттайтын мазмұндарды зерделеуден назарын ауыстыруға мүмкіндік беретін әлеуметтік символиканы пайдалануға және оның орнына кейбір белгілердің жиынтығын пайдалануға мүмкіндік беруге негізделген ғылыми танудағы ерекше тұрғы түсініледі.

Кез келген формальды жүйені құру үшін қажетті:

- а) әліппені беру, яғни белгілердің белгілі бір тізімі;
- б) тапсырма: осы әліппенің бастапқы белгілерінен «сөздер», «формулалар» алынуы мүмкін ережелер;
- в) берілген жүйенің бір сөздерінен, әліппесінен басқа сөздер мен формулаларға өтуге мүмкіндік жасайтын ережелерді қалыптастыру.

Нәтижесінде зерттеулерді ғылыми үлгі бойынша тек формальды, қысқа және белгілі жалған тіл ретінде белгілі жүйе қалыптастырылады, бірақ қандайда бір теорияның үлгіленуі оның мазмұнды жағын ескере отырып, құралуы мүмкін.

Индукция дегеніміз жеке сілтемелер негізінде жалпы қорытынды алуға әкелетін формальды-логикалық ой түйіндемеге негізделген тану әдісі.

Ғылыми тануда пайдаланылатын келесі әдістер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) бір ғана ұқсастық әдісі;
- 2) жалғыз ерекшелік әдісі;
- 3) ұқсастықтың және ерекшеліктің біріктірілген әдісі;
- 4) бірге келетін өзгерістер әдісі;
- 5) қалдықтар әдісі.

Жоғарыда аталған әдістер, құраушысы Ф. Бекон, тәжірибелі түрде бақыланатын нысандар мен құбылыстар арасындағы эмпирикалық байланыстарды анықтауға басты себебі [81].

Дедукция қандайда бір жалпы ортақ мәліметтерді білу негізінде жеке қорытындыларды алу.

Танудың эмпирикалық және теориялық деңгейлерде пайдаланылатын жалпы ғылыми әдістері.

Талдау деп нысан жеке зерттеу мақсатымен бөліктерге бөлу (ойша немесе нақтылай). Осындай бөліктер ретінде нысанның қандайда бір заттық элементтері немесе оның қасиеттері, сипаттары, қатынастары және т.б. болуы мүмкін.

Талдау нысанды танудағы қажетті саты.

Аналогия – деп жалпы нысандардың қандайда бір қасиеттердің, сипаттардың немесе қатынастардың ұқсастығын айтады. Аналогия бойынша дұрыс ой түйіндемені алу ықтималдылығы салыстыру дұрыс жасалған сайын жоғары болады:

- 1) салыстырмалы нысандардың ортақ қасиеттерінің саны көп болса;
- 2) оларда табылған нақты ұқсастықтарының маңыздысы;
- 3) осы ұқсас қасиеттерінің өзара заңдылықты байланысы тереңірек танылса.

Аналогия әдісі ғылымның әртүрлі салаларында қолданылады: математикада, физикада, химияда, кибернетикада, гуманитарлы пәндерде.

Аналогия бойынша қорытындының бірнеше типтері бар, бірақ олар үшін ортақ болып тікелей зерттеуге тек бір нысан жататындығы болса, ал қорытынды басқа нысан туралы жасалатындығы. Бірінші нысан – үлгі, ал басқасы – түп нұсқа.

Үлгілеу деп нысанның түпнұсқасының және зерттеу барысында алмастыратын нысандарды арасындағы біртаңбалы сәйкестігіне және өзіне үлгі құрылуын кірістіретін, алынған мәліметтердің үлгіленетін нысан – түп нұсқаға ауыстыруға негізделген үлгіленетін нысанның зерттелінуі мензелінеді.

Ғылыми зерттеуде пайдаланылатын үлгілердің сипаттамасына байланысты үлгілеу бірнеше түрге бөлінеді.

1 Ойша үлгілеу.

2 Физикалық үлгілеу.

3 Белгілік үлгілеу.

4 Электронды-есептеуіш машиналардағы (ЭЕМ) сандық үлгілеу.

Сандық үлгілеу зерттелініп жатқан құбылыстың физикалық жағдайы белгісіз, өзара әрекеттесудің ішкі механизмі танылмаған жағдайда аса маңызды.

Үлгілеу әдісі үздіксіз дамуда: ғылымның прогресіне байланысты үлгілердің бір типтерінің орнына басқасы келеді. Осы уақытта тек бір нәрсе өзгеріссіз болып қалады: үлгілеудің ғылыми тану әдісі ретінде маңыздылығы және актуалдылығы.

ЕСЕП БЕРУ МАЗМҰНЫ. Есеп беру теориялық мәліметтердің қысқаша конспектіні, орындалған тапсырмаларды, бақылау сұрақтарына жауапты кірістіруі тиіс.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Әдіс дегеніміз не?

2. Әдістеме ғылымы нені зерттейді?

3. Ғылыми тану деңгейлерін атаңыз және оларды қысқаша сипаттаңыз.

4. Бақылау әдісін сипаттаңыз.

5. Тәжірибе түрлерін атаңыз және олардың мәнін айтыңыз.

6. Қандайда бір ғылым саласының әдісін басқа салада пайдалану мүмкін бе?

7. Өлшеу әдісін сипаттаңыз және қайда пайдаланатындығын айтыңыз?

8. Аналогия дегеніміз не, оның жаратылыстану саласындағы рөлі қандай?

9. Үлгілеу жаратылыстану зерттеулерінде не үшін пайдаланылады?

10. Индукция әдісі қандай жағдайларда пайдаланылады?

11. Қандай тапсырмаларды жүзеге асырған жағдайда дедукция дәлелдеудің басты құралы ретінде пайдаланылады?

№4 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

ТАҚЫРЫБЫ: Әдебиетпен жұмыс

Жұмыс мақсаты: Дереккөздермен жұмыс жасау әдістемесімен танысу, таңдалған тақырып бойынша әдеби дереккөздермен жұмысты жүзеге асыру.

Тапсырмалар:

1 Теориялық мағлұматтармен өз беттеріңізше танысу.

2 Практикалық сабақ тақырыбы бойынша жаңа терминдер сөздігін (гlossарий) құрастыру. 2.5-кестені толтыру.

2.5-кесте - Жаңа терминдер сөздігі

№ к/р	Жаңа түсініктер	Мазмұн
1.	Феноменологиялық талдау	Ғылым феномені ретінде және қандайда бір құбылыстың, процестің, жүйенің талдауы, олардың құрамының сипаттамасы және олардың ортақ сипаттамасы

3 Тандалып алынған тақырып бойынша библиография құрастыру.

4 «Әдеби деректермен жұмыс істеу кезеңдері» 2.6-кестесін толтыру.

2.6-кесте - Әдеби деректермен жұмыс істеу кезеңдері

№ к/р	Жұмыс кезеңдері	Кезеңнің мазмұны	Орындалу туралы белгі
1	Шығармамен жалпы танысу	-дереккөздің басылу жылы мен басылып шыққан орнымен; авторымен (авторларымен); аннотациясымен (андатпасымен) танысу; -мазмұнымен, кіріспесімен, қорытындысымен және әдебиеттер тізімімен танысу; -әдеби дереккөзбен танысып шығу.	
2	Бөлімдері және тарауларын мұқият оқып шығу	-едәуір маңызды мәтін ерекшеленеді; -кілттік сөздер және олардың арасындағы байланыс орнатылады.	
3	Шығарма мәтінін таңдамалы оқу	-белгіленген мәтін оқылып шығады; -мәтіннің жалпы проблемамен байланысы орнатылады.	
4	Оқылған мәтіннің жоспарын құру	-проблема қойылады (орнатылады); -оны шешу жолдары қарастырылады. (негізгі және қосымша).	
5	Қызығушылық тудырған материалдарды мәтіннен жазып алу	-жұмыс дәптері екіге бөлінеді – оң және сол; -сол жақ бөлігінде шығармадан алынған мәтін жазылады; -оң жағында – өзіңіздің пікіріңіз бен ескертулеріңізді жазыңыз; -жазбаның құндылығы орнатылады	

2.6-кестенің жалғасы

6	Картотеканы рәсімдеу	Келесілер құрастырылады: -библиографиялық картотека (дереккөздің библиографиялық сипаттамасы кәртiшкесi); -жазбалар кәртiшкесi (кәртiшке тақырыптық бөлім атауынан тұрады, оған мазмұн және жазба мәтін тиісті); -рефераттар картотекасы (кәртiшке библиографиялық сипаттама және бір дереккөздің әртүрлі тақырыбындағы рефераттардан тұрады); -шетелдік әдебиеттер картотекасы (кәртiшке түпнұсқаның тілінде және атау аудармасы және шет тіліндегі терминдерін қамтиды).	
7	Оқылғанды басқа дереккөзбен салыстыру	- қасиеттер мен негіздемелер бойынша ұқсастық пен ерекшеліктерді бекіту (артықшылықтар немесе кемшіліктер); - нақты материалдың жіктемесі жүзеге асырылады.	
8	Оқылған шығарма мәтінін тіркеу және бағалау	- алынған материалдың топтастырылуы, сәйкестігі және салыстырмалы түрде жүзеге асырылуы; - мәтін реттеледі (редакторланады); - жұмыс дәптерінде «таза» жазба жүзеге асырылады; - ол қандай тарауға жататындығы ойластырылады, себебі берілген мәтін болашақ дипломдық жұмыстың фрагменті болуы мүмкін.	
9	Жазбаның дұрыс орындалуы қадағаланады	берілген шығарма бойынша жазбаның дұрыс жасалуының толық реттелуі және рәсімделуі жүзеге асырылады	

1 Шығармамен жалпы танысу - дереккөздің басылу жылы мен басылып шыққан орнымен; авторымен (авторларымен); аннотациясымен (аңдатпасымен) танысу;

- мазмұнымен, кіріспесімен, қорытындысымен және әдебиеттер тізімімен танысу;

- әдеби дереккөзбен танысып шығу.

2 Бөлімдері және тарауларын мұқият оқып шығу-едәуір маңызды мәтін ерекшеленеді;

- кілттік сөздер және олардың арасындағы байланыс орнатылады.

3 Шығарма мәтінін таңдамалы оқу - белгіленген мәтін оқылып шығады;

- мәтіннің жалпы проблемамен байланысы орнатылады.

4 Оқылған мәтіннің жоспарын құру - проблема қойылады (орнатылады);

- оны шешу жолдары қарастырылады.

5 Қызығушылық тудырған материалдарды мәтіннен жазып алу - жұмыс дәптері екіге бөлінеді – оң және сол;

- сол жақ бөлігінде шығармадан алынған мәтін жазылады;
- оң жағында – өзіңіздің пікіріңіз бен ескертулеріңізді жазыңыз;
- жазбаның құндылығы орнатылады (негізгі және қосымша).

6 Картотеканы рәсімдеу

Келесілер құрастырылады:

- библиографиялық картотека (дереккөздің библиографиялық сипаттамасы кәртiшкесі);
- жазбалар кәртiшкесі (кәртiшке тақырыптық бөлім атауынан тұрады, оған мазмұн және жазба мәтін тиісті);
- рефераттар картотекасы (кәртiшке библиографиялық сипаттама және бір дереккөздің әртүрлі тақырыбындағы рефераттардан тұрады);
- шетелдік әдебиеттер картотекасы (кәртiшке түпнұсқаның тілінде және атау аудармасы және шет тіліндегі терминдерін қамтиды).

7 Оқылғанды басқа дереккөзбен салыстыру - қасиеттер мен негіздемелер бойынша ұқсастық пен ерекшеліктерді бекіту (артықшылықтар немесе кемшіліктер);

- нақты материалдың жіктемесі жүзеге асырылады.

8 Оқылған шығарма мәтінін тіркеу және бағалау - алынған материалдың топтастырылуы, сәйкестігі және салыстырмалы түрде жүзеге асырылуы;

- мәтін реттеледі (редакторланады);
- жұмыс дәптерінде «таза» жазба жүзеге асырылады;
- ол қандай тарауға жататындығы ойластырылады, себебі берілген мәтін болашақ дипломдық жұмыстың фрагменті болуы мүмкін.

9 Жазбаның дұрыс орындалуы қадағаланады берілген шығарма бойынша жазбаның дұрыс жасалуының толық реттелуі және рәсімделуі жүзеге асырылады

5 Бақылау сұрақтарына жауап беру.

НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР

Әрбір жас зерттеуші жалпы алғанда ғылыми әдебиетпен жұмыс жасау әдістерімен, библиографиялық іздестіру амалдарымен, ғылыми әдебиетті оқудың өнімділігімен және жазбаларды ғылыми ақпаратты жинақтау үшін пайдалана білу және т.с.с. әдістерін меңгеру маңызды.

«Библиография» термині түсініктің көпжақтылығын сипаттайды. Библиографияның білім саласы және ғылыми насихаттау әрекеті ретінде Л.Н. Троповский анықтамасы бойынша басылымның едәуір кеңінен пайдалану мақсатында оны есепке алу, жүйелендіру және бағалауды жүзеге асыру керек [98].

Ғылыми әдебиетті оқу – әрдайым жауапты іс. Ғылыми шығарманы тез және өнімді оқу – өнер. Әрбір жас зерттеушіге осындай қабілетті меңгеру керек. Кітапты немесе ғылыми мақаланы оқу келесі реттік амалдарды орындаудан жүзеге асырылады:

- 1) мазмұны бойынша шығармамен жалпы танысу;
- 2) ғылыми еңбекті шолып шығу;

3) материалдың орналасу реттілігі бойынша оқу;
4) белгілі бір тарауды немесе бөлімді таңдап оқу;
5) «партитурлы» оқу, яғни мәтін мазмұнымен бір бет көлемінде бір мезетті танысу. Оқудың осындай әдісі жаңа кітап немесе мақаланың мәтінінің толықтай зерделеуді қажет етпеу үшін арнайы бір ғылымның саласын меңгеру керек;

6) толық шығарма бойынша конспект құрастыру немесе қандайда бір материалдарды көшіру;

7) ғылыми шығармадан алынған материалдарды реттеу;

8) оқылған материалды ойластыру, оны сыни бағалау және ғылыми еңбек бойынша жазу.

Әдеби дереккөздермен жұмыс кезінде конспект жасаудың және ғылыми мәтіндерді өңдеу әдістерінің түрі көп.

Теориялық мәтін оның мазмұнының құрылымын ескере отырып конспектіленеді.

Эмпириялық мәтін оның құрылымының спецификасын ескере отырып конспектіленеді.

Конспектілеудің келесі түрлері таралған: жазбалар, жоспар құру, тезистер, андатпа, сын пікір.

Конспектілеудің технологиялық әдістері: дәйексөздерді жазып алу; өз сөзімен қайта айту; идея және теорияларды ерекшелеу; сыни ескертулер; анықтаулар; едәуір қарапайым және түсінікті тілге аудару; өзіндік анықтаулар; пікірлерді салыстыру; мәтінді кесте, суреттер, құрылымды-логикалық сызбалар жасау; байланыс және қатынастарды сипаттау; қосымша ақпарат енгізу және т.с.с. қайта түрлендіру.

Конспектілеу шарттары: ықшамдылық (бастапқы мәтіннің 1/8 бөлігі); мақсаттық бағыт; аналитикалығы; ғылыми нақтылығы; түсініктілігі.

Тәжірибеде мәтіндерді өңдеудің келесі әдістері бар:

- талдау әдісі – мәтіннің декомпозициясы, талдау түріне байланысты оның жеке элементтерін анықтау және олардың арасында байланыс орнату, олардың арасынан жүйе арнаушысын жіктеп алу;

- қайта құрылымдау әдісі – бұл әдіс зерттеушіге автордың мәтінін өзгеріске ұшыратпай өзінің пікір көзқарастарына сәйкес бағалауға түсінуге құқық береді.

- аксиоматикалық әдіс – авторлық мәтінді аксиоматикалық деп қабылданған зерделеніп жатқан ғылыми мәтіннің кейбір нұсқаларының негізінде құрастыру.

- апперципирлеу әдісі – қандайда бір дереккөзден алынған және аксиома ретінде қабылданған, пайдаланып жатқан материалды осы тақырыппен байланысты өзіндік толықтыру қосу.

- дескриптивті әдіс – зерделеніп жатқан объекті, құбылысты, үрдісті, сапаны сөздер - дескрипторлар көмегімен сипаттау «оларды ғылымда едәуір нақтылай түсетін сөздер».

- диахроматиялық әдіс – қандайда бір идеяларды, ғылыми мектептерді олардың тарихи пайда болуы, қалыптасуы және даму тұрғысынан зерттеу.

- аспектті талдау – ғылыми мәтінді белгілі бір көзқараспен, белгілі бір теория немесе идея призмасы арқылы, қандайда бір оқу негізінде зерттеу.

- герменевтикалық талдау – авторлық мәтіннің тың, астарлы мағыналарын анықтау әдісі.

- голографиялық талдау – барлық байланыстар мен қатынастарда, қоршаған ортамен қозғалысы мен қатынасындағы бүтіндік құбылыстың анализі.

- контент-талдау – ғылыми мәтінде қандайда бір термин түсініктердің және олардың тұрақты пайдалануын, басқа түсініктермен пайдалану жиілігімен үйлесімділігін анықтауға мүмкіндік беретін әдіс.

- критикалық талдау – ғылыми мәтіннің күшті және әлсіз тұстарын анықтауға мүмкіндік береді.

- толыққанды талдау – белгілі бір пәннің әртүрлі ғылымдарда зерттелінуі;

- концептуалды талдау – ғылыми мәтінді белгілі бір теория немесе концепция тұрғысынан анализдеу, сонымен қатар, автормен қол жеткізілген зерделенулер және нәтижелерді концептуалды негіздерді анықтау;

- шолушылық талдау – қандайда бір тақырып бойынша әдеби дереккөздердің анализі негізінде жүйелендірілген ғылыми мәліметтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді;

- проблемалы талдау – проблеманы зерттелуі сатысындағы айнымалының анализі.

- жүйелі анализ – зерттеудің пәнінің оның барлық ішкі және сыртқы байланыстары мен қатынастарында қарастыру.

- салыстырмалы талдау – зерттеудің екі немесе одан да көп объекттеріне тән әртүрлі қасиеттерді және қателерді салыстыру және анықтау (идеялар, пікірлер, шешімдер және т.б.);

- құрылымды талдау – зерттеу пәнінде немесе тәжірибе барысында құбылыстардың жеке топтарын немесе қандайда бір қасиеттері бойынша бірдей адамдарды ерекшелеу.

- феноменологиялық талдау – қандайда бір ауқымды құбылыстың, үрдістің жүйенің ғылым феномені немесе олардың ғылыми құрамын және едәуір ортақ мінездемелерінің анализі

- функционалды талдау – зерттеу объектісінің басқа да құбылыстар және едәуір кең объект көлемінде функцияларын айқындау.

Ғылыми жұмысты жазу барысында дәйектеудің белгілі бір реті қалыптасқан. Тәжірибеде жұмыс сипаттамасына байланысты дәйектерді атаудың әртүрлі әдістері пайдаланылады: жолма жол сілтемелер; мәтін ішіндегі сілтемелер; мәтіннен кейінгі сілтемелер.

Жолма жол сілтемелері мақалаларда, ғылыми-таратылымды жұмыстарда, баяндамаларда және т.б. пайдаланылады.

Мәтін ішіндегі сілтемелер талданып жатқан дереккөз туралы мәліметті орындалып жатқан жұмыс соңындағы библиографиялық тізімге кірістіру мүмкін болмағанда немесе ол негізгі мәтіннің бір бөлімі болса пайдаланылады.

Мәтіннен кейінгі сілтемелер – бұл дәйектердің дереккөзін жұмыс соңындағы немесе әрбір абзацқа келтірілген тізімде сілтеме арқылы көрсету. Диссертацияда дәйектерді пайдалану бағытты болуы тиіс және дұрыс түзетілуі тиіс.

Мұрағаттық, қолжазбалық дереккөздерге немесе жолма жол ескертулер сілтемесін жасағанда көрсетілуі тиіс: құжат қайда сақталғандығы, қордың атауы және нөмірі, жазба нөмірі, құжат және бет нөмірі.

Зерттеуді жүргізу барысында ретті нөмірлеу туындайды. Әдебиетті топтаудың бірнеше әдісі бар. Қазіргі таңда әдебиетті топтастырудың келесі түрлері танымал: әліппелік; әдебиеттің мәтінде келтірілуіне байланысты; монографиялық сипаттағы жұмыстың бөлімдері бойынша; жүйелік; топографиялық; хронологиялық, дереккөздердің түрлері бойынша.

Сонымен, дәйектеудің қандай түрі таңдалса да бір ережесі ұстану керек: библиографиялық сілтемелердің реттелуі бүкіл ғылыми жұмыс бойынша біркелкі жүзеге асырылуы тиіс.

ЕСЕП БЕРУ МАЗМҰНЫ. Есеп беру теориялық мағлұматтардың қысқаша конспектісін, орындалған тапсырмалар, бақылау сұрақтарына жауаптарды қамтуы тиіс.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ.

- 1 Библиография дегеніміз не?
- 2 Кітап немесе ғылыми мақалаларды оқудың әдістерін атаңыз.
- 3 Ғылыми мәтіндерді өңдеудің әдістерін және оларға тән ерекшеліктерді атаңыз.
- 4 Дәйексөздер (цитаталар) деген не?
- 5 Жұмыс сипатына байланысты дәйексөздердің дереккөздерін белгілеу тәсілдерін атаңыз.

№5 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

ТАҚЫРЫБЫ: Ғылыми мақаланы жазу технологиясы

Жұмыс мақсаты: студенттерді ғылыми мақаланы жазу технологиясын қалыптастыру.

Материалдық қамтамасыз ету: тәжірибелік тапсырмаларды орындау үшін әдістемелік нұсқаулықтар, ғылыми мақалалар жиынтығы.

Тапсырмалар:

- 1 Әдістемелік нұсқаулықтардың негізгі мәліметтерімен танысу.
- 2 Ғылыми бағыт таңдау.
- 3 Ғылыми бағыт бойынша материал жинау.
- 4 Ғылыми мақаланың тақырыбын белгілеу.
- 5 Төменде берілген алгоритм бойынша ғылыми мақала жазу.
- 6 Жазылған ғылыми мақаланы талапқа сай рәсімдеу.

НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР

Ғылыми мақала, журналда немесе еңбектер жиынтығында басылуға арналған, көлемі қатаң шектелген (машиналық мәтіннің 8-10 бет) және графикалық немесе иллюстрациялық материалдар саны шектеулі болуы тиіс.

Журнал мақаласы негізіне келесі жоспар негізге алынуы тиіс:

- 1 Кіріспе. Кіріспеде автор таңдалған тақырыпты негіздейді, оның ғылыми қызығушылығын толығымен қарастырады.

2 Жұмыс мақсаты. Автор осы жұмыста орындалатын тапсырмаларды қарастырады, олардың орындалу жолдарын анықтайды, зерттеу пәнін сипаттайды.

3 Жұмыстың эксперименталды және зерттеу бөлімдерін жүзеге асыру әдістемесі. Әдістеменің өзінің толық сипатталуы.

4 Жұмыстың ғылыми (теориялық) бөлімі. Берілген тақырып бойынша оқылған әдебиетке қысқаша талдау беріледі, жұмыстың эксперименталды бөліміне тікелей қатысты үрдістерді сипаттайтын процестер мен құбылыстарды сипаттайды.

5 Зерттелген нәтижелердің талдауы. Осы бөлімде автор тәжірибе барысында қол жеткізген нәтижелерді талдайды.

6 Қорытынды. Автор тәжірибе барысында алынған нәтижелері бойынша өзінің қорытындысын алдыңғы бөлімдегі теориялық материалмен салыстыра отырып талдауын көрсетеді.

Жұмыс пайдаланылған әдебиеттер тізімімен аяқталады.

Ғылыми мақаланы жазу барысында жасалған жұмыс туралы қорытындылар маңызды (талдау негізінде қорытылған ойды түйіндеу).

Қорытындыларды түзетудің талаптары:

1 Қорытындылар нақты пікірлер ретінде болуы тиіс (не туралы айтылып жатыр және не мәлімделінеді).

2 Өзіндік тұжырымдар нақты және қысқа беріледі.

3 Өзіндік нәтижелер басқа авторлардың нәтижелерінен қалай ерекшеленетіндігі айтылады.

4 Барлық аспектілер бойынша қорытындының жаңашылдылығы дәйектелген және сыни сұрақтармен негізделінуі тиіс.

5 Нәтиженің шынайылығы негізделеді (қабылданған және қалыптастырылған алғышарттардан және формальды логиканың заңдары мен ережелері негізінде жұмысқа енгізілген түсініктер анықтамасы талқыланады).

6 Алынған нәтижелер көмегімен шешілетін ғылыми-тәжірибелік тапсырмалар аталады.

Ғылыми мақаланы жазудың жуықты алгоритмі:

- бірінші кезеңде мектепке дейінгі мекемелердің іс жүзіндегі қарама-қайшылығын ашу, оның шешілуіне педагогтың шығармашылық ізденуі бағытталған; педагогтың өз практикасында міндеттер қалыптасады, содан соң олардың жасалу (тәжірибе жасалу үстінде) жағдайлары сипатталады;

- негізгі бөлім – іс-тәжірибені суреттеу. Мұнда іс-тәжірибенің басталуын көрсету, оны қозғалыста суреттеу, мақсатқа жету жолында қиыншылықтар мен кедергілерді анықтау, оларды жеңу тәсілдері. Мұнда негізгі көңілді жаңаны суреттеуге және талдауға бөлу керек;

- қорытынды бөлімде қол жеткізген нәтижелер бейнеленуі тиіс. Мұнда жұмыстың әдістемесінің артықшылығы, нәтижелер бойынша қорытындылар беріледі (оң, теріс сәттер белгіленеді). Қорытындыларға сәйкес жұмыстың болашағы қалыптасады.

- мақала соңында авторлардың пайдаланылған әдебиеттер тізімі келтіріледі, онда кітап атауы, автор, баспа, басылып шыққан жылы, беттер нөмірі немесе саны жазылады.

Жазылған ғылыми мақаланы талапқа сай рәсімдеу

1 Автордың аты-жөні, тегі.

2 ЖОО атауы, тобы.

3 Ғылыми мақаланың атауы.

4 Ғылыми мақаланың мәтіні.

5 Мәтінде әдебиеттерді пайдалану реті бойынша сілтемелер жасау ([1]).

6 Пайдаланған әдебиеттер тізімін МЕСТ-ке сәйкес рәсімдеу.

№6 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

ТАҚЫРЫБЫ: Теория және тәжірибе арасындағы қарама-қайшылықты анықтау. Ғылыми мақаланы талдау технологиясы

Жұмыс мақсаты: ғылыми танымның сәйкес пішіндері мен формалары мен әдістерінің негізін және ерекшеліктерін зерделеу. Проблема, сұрақ, идея, принцип, заң секілді түсініктермен танысу.

Материалдық қамтамасыз ету: тәжірибелік тапсырмаларды орындау үшін әдістемелік нұсқаулықтар, ғылыми мақалалар жиынтығы.

Тапсырмалар:

1 Әдістемелік нұсқаулықтардың негізгі мәліметтерімен танысу.

2 Ғылыми мақаланы талдау үлгісін негізге ала отырып кез келген ғылыми мақалаға талдау жасау (Қосымша В).

3 Талданатын мақаланың негізгі проблемасын, идеясын белгілеу.

4 Бақылау сұрақтарына жауап беру.

НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР

Ғылыми таным аса күрделі құрылымға ие, көптеген әртүрлі элементтерден тұрады. Ғылымның «микроскопиялық» деңгейінде формальды қасиеттері бойынша ажыратылатын түсініктер, пікірлер және ой түйіндер секілді элементтерін ерекшелеуге болады. Осы деңгейде ғылыми және ғылыми алдындағы тану жүзеге асырылатындықтан ғылыми таным спецификасын білдірмейді. Осы себеппен түсініктер, пікірлер және ой түйіндемелер қарастырылмайды.

Ғылыми танымға, гипотеза, теория, үлгі болып табылатын ірі «блоктардың» пайдаланылуы тән. Ғылыми танымның осы түрлері тек сыртқы формальды тұрғыдан жоғары аталғандардан ерекшеленеді, және дәл солар заманауи ғылымға тән. Сол себепті осы пішіндердің қысқаша сипаттамасы келтіріледі.

Одан басқа, ғылыми танымның пікірлерден тек формальды тұрғысынан ғана емес (мысалы, теория немесе үлгі), функционалды ерекшеленетін қарастырылады. Дегенмен, өзінің ғылыми танымдағы функциялары мен білімдерді ұйымдастыруында аталған пішіндер әрқелкі келеді. Осы себепті

олардың таным үрдісіндегі роліне, бір-бірімен қатынасы және ғылыми білімнің едәуір жоғары пішіндеріне зейін қойылады.

Ғылыми зерттеу әрдайым бір-бірінен кейін келетін проблемалар тізбегі болады. Ғылымның проблемалық құрамы оның жалпы мазмұнына қосымша бөлім болып кіреді, дегенмен проблемалар облысы мен аяқталған білім облысы бір-бірінен ажырамастай өзара байланысты болады.

Проблема тек болашаққа емес, сонымен қатар, өткен шаққа да қарасты. Бір жағынан онда берілген мезетке қол жеткізілген білімнің жеткіліксіздігі, осының негізінде нақтылықтың жаңа құбылыстарын түсіндіре алмайды. Басқа жағынан, проблема, шектеулі түрде болса да өзінің негізделуіне тіреледі. Сонымен, проблема дегеніміз білімнің даму түрі, білімнің ескі түрінен жаңасына ауысу түрі. Ол ескі білімінің жеткіліксіздігің дәйектелгені, ал жаңасы дамыған түрін қабылдамаған кезінде пайда болады.

Көп жағдайда проблеманы сұрақпен шатастырады, осы тұста, проблема – бұл маңызды күрделі сұрақ деп ерекшелейді. Бұл түсінік дұрыс емес. Әрбір проблема сұрақпен байланысты, бірақ әрбір сұрақ проблема емес деп айтуға да болады. Проблема сұрақта өзінің негізделген мазмұнын негіздейді, әрбір проблеманың түйінді пунктісі болып орталық сұрақ табылады. Күрделі проблема бірнеше жеке проблемаларға бөлістіріле отырып, сәйкесінше жеке сұрақтармен белгіленеді. Дегенмен, проблеманың сәйкес сипаты болып оның шешілімі үшін, оны сипаттайтын жауаптар алу үшін қалыптасқан білімдер аясынан асу керек. Сұраққа қатысты болса, жалпы айтқанда, сол сұраққа жауап беру үшін ескі білімде жеткілікті болуы мүмкін. Осындай сұрақ – оның толық маңыздылығы мен күрделілігі тұсында ғылым үшін проблема болып табылмайды.

Проблема қалай туындайды және дамиды? Бәлкім, проблеманың туындауындағы бастапқы пункт болып ғылымдағы «проблемалық жағдай» табылуы мүмкін, яғни, адамдардың белгілі бір тәжірибелік немесе теориялық әрекеттері мен осы әрекеттерді жүзеге асырудың жолдары мен құралдарын арасындағы қарама-қайшылық, проблемалық жағдайдың қорытынды пункті болып тәжірибе табылады. Біздің белгілі бір объект туралы біліміміздің жеткіліксіздігін білген уақытта және «теріс» баға бере отырып, тәжірибе жаңа проблемалардың тууына әкеп соғады. Осы тұста ғылымның салыстырмалы дербестікке, өзінің дамуының ішкі логикасына және соңғы уақытта жанама түрде шартталған проблемалық жағдайларды қалыптастыратын өзінің ішкі қарама-қайшылықтарына ие. Осылайша математикада, теориялық физикада және т.б. көптеген проблемалары болады.

Сонымен қатар, тек проблема мен сұрақты ғана емес, және проблеманы және проблемалық ойды ажырата алу керек. Ойда шешілу жолдары мен әдістері айтылмай, тек қойылады. Ой деңгейінде, «алдын ала» проблемалар, яғни, шешілуі үшін теориялық және тәжірибелі тұрғыдағы алғышарттар дайын болмаған проблемалар. Осы уақытта проблеманың дамуы – оның шешілуі. Проблема және оның шешілуі – сапалы түрде әртүрлі үрдестер болғанымен «бірінші – проблеманы қалыптастыру, одан кейін – шешілуі» секілді шекті өткізуге болмайды. Проблеманы белгілеу дегеніміз оның шешілуінің бастамасы

деп саналады, проблеманың нақтылау үрдісі алға басқан сайын – оның шешілу жолы да алға басады. Осы тұста проблемалық ойдың дамыған проблемаға өсуі, проблеманың шешілу жолындағы баға беру, тек зерттеушіге ғана емес, ғылымның даму деңгейі мен зерттеу объектісінің даму деңгейі маңызды болып табылатын маңызды факторларға да тәуелді.

Проблеманы белгілеу объект туралы білімнің толықсыздығы мен анықсыздығымен тығыз байланысты болғанымен қатар, М. Планк бойынша, ғылымның алдамшы проблемасының туындауына әкеп соғады. Сонымен мысалы, мәңгі қозғалтқыштың жасалуы, басқа да алдамшы проблема ретінде ғылыми прогресс қалыптастыратын және алып тастайтын проблемалар секілді [99].

Алдамшы проблемалар фактілер мен заңдарға қарама-қайшы келетіндігімен ерекшеленеді. Солайша, мәңгі қозғалтқышты жасау энергияны сақтау заңына сәйкес энергия шығынысыз мәңгі қозғалуды алу – орындалмас және дәлелденбеген арман болып табылатын заңына қарама-қайшы келеді.

Сонда алдамшы проблемалар қайдан шығады? Демек, бұл жағдайға маңызды болып табылатын келесі факторлар әсер етеді:

1 Зерттеушінің сұрақтар қойып олардың шешілуіне қызығушылығына негізделген психологиялық принциптер. Осы тұста зерттеуші шынайы проблемалар мен қоса алдамшы проблемаларды да мақсат етіп адасуы да мүмкін (яки ғылым осындай алдамшы проблемалар үшін әлі дамымаған).

2 Проблеманың шынайылығы немесе алдамшылығы туралы сұрақтың шешілуі проблемалық ой деңгейінде шешілуіне негізделген логикалық себептер. Ол үшін проблеманың кеңінен қарастырылымы, оның терең шешілуі – яғни практиканың идеямен аппробациясы жүзеге асырылатын үрдіс жүзеге асырылуы тиіс.

3 Негізінде қойылатын белгілі бір ақпараттың проблемаға қатысты белгісіздік, толықсыздық болып табылатын гносеологиялық себептер.

Барлық аталған жайттар алдамшы проблемаларды ғылымнан толығымен алып тастаудың мүмкін еместігін көрсетуде. Ғылымның дамуы бір алдамшы проблемаларды жойса, екіншісін тудырады. Алдамшы проблемаларды тек негативті құбылыс ретінде қабылдау дұрыс емес. Кейде олардан шынайы маңызды проблемалар да туындауы мүмкін. Макс Планк мәңгі қозғалтқыш түсінігінен энергия түсінігі пайда болды деп жазған. Кейде алдамшы проблемаларды шешу барысында шынайы ғылым үшін маңызды проблемаларды ашуы мүмкін [99].

Идеялар, әсіресе жаңа және фундаментальдылары ғылымда ерекше орын алатындығы белгілі. Ғылым алдында кенет және өнімді идеялар туындаған уақытта қандай мүмкіндіктер ашылатындығы белгілі. Дегенмен, идея түсінігіне қарамастан философиялық әдебиеттерде идея түсінігі толығымен қарастырылмайды. Алдында ол әлеуметтік тұрғыда, идеологияның қалыптасу заңдылықтарын анықтау тұрғысында және т.с.с. қарастырылған болатын. Соңғы уақытта идея гносеологияның орталық категорияларының бірі ретінде қарастырылуда.

«Идея» түсінігі, бәлкім, ертерек философтармен енгізілген болатын. Демокритте атомның барлық заттардың бірінші негізі ретінде қабылданатындықтан таза онтологиялық мәнге ие. Осы тұста, осылайша берілетін идеялар мәңгі, өзгерместей қалыптасқан.

Платон көзқарасы да идеяны материалды емес идеалды негіздерді түсінген, онтологизммен ерекшеленеді. Осы діни мәндер де, Платон бойынша, заттар туралы білімдер емес, ал табиғаттағы образдар, заттардың «идеалды» үлгілері [100].

Кант бойынша, идея – бұл (бостандық, ажалсыздық, құдай) сезгіш тәжірибеде тиісті қандайда бір затқа қатысы жоқ ақылдың ұғымы [100].

Заманауи түсініктер бойынша, идея – қандайда бір нәрсенің мазмұнын анықтайтын негізгі ой, түсінік, ниет, жоспар.

Принцип (лат. principium – бастау, негіз) қандайда бір теорияның, ілімнің, ғылымның, көзқарастың, саяси түсініктің негізгі бастама күйі: адамның нақтылыққа деген қатынасы, тәртібінің нормалары; құрылғының немесе қандайда бір машинаның, аспаптың негізі және т.б.

Заң – табиғаттағы және қоғамдағы құбылыстар арасындағы қажетті, қалыптасқан, қайталанбалы қатынас. Заң түсінігі негіз түсінігіне туыстас. Заң берілген кластың, топтың барлық құбылыстарына тән ортақ байланыстар мен қатынастарды бейнелейді. Заңды тану ғылымның мақсатын құрайды.

ЕСЕП БЕРУ МАЗМҰНЫ. Тәжірибелік сабақ бойынша есеп беру бақылау сұрақтарына жауапты кірістіруі тиіс. Оқытушы тапсырмасы бойынша ғылыми мақаланың анализі, оның негізгі проблемасы және идеясы жазылады.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

- 1 Ғылыми зерттеу дегеніміз не?
- 2 «Проблема» ұғымының мағынасын ашыңыз.
- 3 Заң деген не? Идея деген не?

№7 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

ТАҚЫРЫБЫ: Зерттеу аппараты (тақырып бойынша)

Жұмыс мақсаты: ғылыми зерттеуді жоспарлау әдістемесін зерделеу, таңдалған тақырып бойынша жоспарлауды жүзеге асыру.

Тапсырмалар:

- 1 Теориялық мәліметтерімен өздігінше танысу.
- 2 Таңдалған тақырып бойынша жоспарлауды жүзеге асыру, библиография құру.
- 3 Тәжірибелік сабақ тақырыбы бойынша жаңа терминдер сөздігін (глоссарий) құру. 2.7-кестені толтыру.

2.7-кесте - Жаңа терминдер сөздігі (глоссарий)

№ р/б	Жаңа түсініктер	Мазмұны
1	Зерттеу тақырыбының маңыздылығы	Жаңа білімде ғылым мен тәжірибенің қажеттілігі

4 Педагогикалық ғылымдар кандидаты ғылыми дәрежесін иеленудің бірнеше авторефераттарын анализдеу: зерттеудің әдістемелік және теориялық негізін, зерттеу көздерін ерекшелеу, дұрыс бағытталуды анықтау. Зерттеу әдістерін бағалау. Оларды бүтіндік және функционалды тұрғысынан бағалау.

5 Бақылау сұрақтарына жауап беру.

НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР

«Жұмыс істей алу – алтыннан қымбат» орыс мақалы дұрыс айтылған. Біріншіден, автор өзінің зерттеуінің мақсаты мен тапсырмасын, оның негізгі мәні, жаңашылдығы, оның теориялық және тәжірибелік құндылығы неге негізделгендігін анықтауы тиіс.

Тапсырманы жоспарлау өзіндік ғылыми жұмысты рационалды ұйымдастыру үшін маңызды. Жақсы ойластырылған жоспар, қойылған мақсаттарды қатаң тәртіппен орындау, өзіндік бақылау және жоспарды жүзеге асыру – қандай болмасын жұмыстың нәтижелі орындалуының кепілі. Жұмыстың жүйелілігі, мақсаттылық, қойылған мақсаттарды орындаудағы нақтылық пен табандылық алынған нәтижелердің критикалық және қарапайым бағалануы қандайда бір физикалық еңбек секілді ақыл-ой еңбегінің де жақсы нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

Зерттеушіге орындалатын тапсырманы өзіне логикалық тәртіптілігін анықтауы, берілген уақытта бар назары мен зер сала отырып кез келген жұмыста маңыздысын, қорытындысын анықтап үйренуі тиіс. Осыдан, екінші ретті тапсырмаларға назар аудармау керек емес. Керісінше, зерттеудің негізгі бөлімдерін жүзеге асыра отырып, «ұсақ-түйек» деп аталатын, жұмыстың қосымша бөлімдерін, тарауларын ескеру керек.

Зерттеудің қойылған басты түзуінен ауытқымай кішісінде үлкенін қарап емес, көре ажырата алу – ғалымның маңызды қасиеті. Оны әрбір зерттеушіде әр уақытта дамыту керек.

Ғылыми зерттеуге қатысты тапсырмаларды орындаудың келесі сатыларын немесе этаптарын бөлістірген жөн:

- 1 Дайындық жұмысы.
- 2 Ғылыми – зерттеушілік жұмыс.
- 3 Баяндама, реферат, ғылыми мақаламен жұмыс.
- 4 Өзінің ой-пікірлерін талқылауға дайындық.

Бәрінен бұрын әрбір зерттеушінің алдында дайындық жұмысын жоспарлау қажеттілігі туындайды

Дайындық жұмысын аяқтап болғаннан соң зерттеуші ғылыми – зерттеу жұмысының жоспарлауын және орындалуын кірістіретін екінші этапқа кірісуі мүмкін.

Кейде жұмыс жоспарын зерттеу бағдарламасы деп те атайды. Ол зерттеудің жүйелілігі мен реттілігін анықтайды. Ғылыми – зерттеушілік жұмыстың негізгі бөлімі болып зерттеу әдістемесі табылады, яғни ғылыми-зерттеу жұмысының әдістері, тәсілдерінің жиынтығы және өзара байланысы.

Жоспарды құру барысында зерттеудің үшінші сатысын құрайтын ғылыми аппаратын қалыптастыру керек. Бірінші кезекте зерттеу тақырыбының актуалдылығын негіздеу болады. Зерттеудің көкейкестілігі деп нақтылы бір проблеманы, тапсырманы, немесе сұрақтың шешілуі үшін нақтылы уақытта оның маңыздылық дәрежесі түсініледі. Ғылыми және тәжірибелік көкейкестілік бөлістіріледі. Педагогика саласындағы зерттеулердің көбісі фундаменталды – қосымша сипатқа ие. Зерттеуді актуалды деп есептеуге болады, егер: а) тақырып зерттелуі тәжірибенің өзекті талабына сай; б) осы актуалды тапсырманың шешілуі үшін құралдары жоқ ғылымдағы бос аумақтарды толтыруға мүмкіндік береді.

Актуалдылық негізінде тұтас объект құрамындағы алынған қарама-қайшылықтарға жауап бермеу, келіспеушілік ретінде түсінілетін қарама-қайшылық қалыптастырылады. Анықталған қарама-қайшылық теорияда да, тәжірибеде де пайдалана алады. Одан басқа, қарама-қайшылық бұл:

- өзіндік қозғалыстың көздері ретіндегі қарама-қайшы қойылған және өзара байланысты негіздердің өзара қатынасы.

- бір (пікір, ой, іс әрекет) өзімен сәйкес келмейтін екіншісін жоятын негіз.

Келесі логикалық саты – проблеманы қалыптастыру. Проблема – шешілуді, зерттеуді қажет ететін күрделі сұрақ, мәселе. Ғылыми тұрғыда, проблема – тану үрдісінде туындайтын сұрақ немесе шешілуі тәжірибелік немесе теориялық қызығушылық пайда болатын сұрақтардың тұтас жүйесі. Проблеманың себептері болып көбінесе тәжірибеден туындайтын қиыншылықтар сұрақтар болады. Сол себепті нақтылы тәжірибелік тапсырмалардың анықталуын сипаттайтын, оларды шешу қарастыру қажеттілігі туындайды. Тәжірибелік тапсырмадан ғылыми проблемаға өту үшін екі үрдіс жасалуы тиіс: а) берілген тәжірибелік тапсырманы орындау үшін қандай ғылыми білімдер қажет екендігін анықтау; б) осы білімдер ғылымда бар екендігін орнату.

Ғылыми зерттеудің алдында проблемалық ситуация аталатын ғылым мен тәжірибенің ерекше күйі орналады, яғни сәйкес келетін объектінің теориясы өзінің толықсыздығы салдарынан жауап бере алмайтындықтан туындайтын сұрақтар. Дәл осындай қарама-қайшылық зерттеудің қорғаушы күші болып табылады. Пробемалық ситуация ғылыми проблеманы туындатады.

Зерттеудің проблемасын қалыптастырудың негізгі талаптары келесіге негізделген. Ол келесідей болуы тиіс: тәжірибенің талаптары мен ғылымның шектелген мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылық.

Сонымен, проблема зерттеудің проблемасы орнатылған қарама-қайшылықтан, одан шығарылған ғылымға ғана қатысы бар және ғылым тілінде тану жазықтығына жатқызылған қажеттілігінен туындайды. Зерттеуші проблеманы қоя отырып келесі сұраққа жауап береді: алдын ала оқытылғаннан білімнен тағы нені меңгеруге болады?

Содан соң зерттеудің мақсаты анықталады, яғни зерттеуші өзінің жұмысынан қандай нәтиже алынатындығын айқындайды. Мақсат қысқаша және нақты анықталған, мағыналық тұрғыда зерттеушінің не жасайтындығын сипаттай отырып негізгісін бейнелейді (ізделініп жатқан нәтиже, проблеманың

ізделінетін шешімі). Зерттеудің дұрыс анықталған мақсаты оның негізгі мағынасын ашады.

Зерттеудің мақсатынан кейін оның нысаны (объект) мен пәні анықталады.

Ойлаудағы объектті адекватты көрсету танымның бастапқы берілгендерін түрлендіру, ал объекттің идеалды қалыптастырылуы субъектпен белгілі бір танымдық іс-әрекетінің, логикалық операцияларды пайдаланудың нәтижесі.

Субъектпен қалыптастырылатын білімдер объектпен қатынаста болады, тәжірибелік материалдың іс-әрекет арқылы тексерілуі.

Зерттеудің объектін таңдай отырып біз не зерттеп жатырмыз деген сұраққа жауап береміз. Мысал үшін зерттеудің объектін қалыптастырылуын келтіреміз: «орта мамандандырылған мекемесіндегі білім беру үрдісі» немесе «мұғалімнің тәрбие жұмысына дайындығы» және т.б.

Зерттеу пәні – зерттеуші объекттің маңызды, едәуір мағыналы қасиеттерін бөлістіре отырып тұтас объектті зерттейтін аспект. Тәжірибеде зерттеудің пәнін ерекшеленудің екі әдісі таралған:

- аспектті әдіс: зерттелінетін объектті қарастырудың жаңа тұрғысы немесе оның жаңа «проекциясы»;

- объектті әдіс: зерттелінетін объекттің бір бөлігі табылатын немесе оның шегінен шықпайтын және теориясы толық емес, немесе мүлдем жоқ, болатын нақтылы сферасы.

Зерттеудің пәні көбінесе тақырыппен сай келуі мүмкін немесе айтылуы бойынша онымен мағыналас болуы мүмкін; оның шешімі және ғылыми тәжірибелілігі; тәжірибеде шешілу бағыттары.

Зерттеудің объектін мен пәні ғылыми үрдіс категориясы ретінде өзара жеке және жалпы болып қатынасады. Объектте зерттеудің пәні болып табылатын бөлігі ерекшеленеді.

Зерттеудің мақсаты, объектсі және пәні қалыптасқаннан кейін қандайда бір құбылыстарды түсіндіру үшін гипотеза құрала бастайды. Гипотеза – бұл шынайы мағынасы белгісіз, анықталмаған ғылыми сөйлем. Ол зерттеуші өзіне қойған сұраққа жауап болуы мүмкін, және зерттелініп жатқан объекттер арасындағы байланыстардан тұрады.

Ғылыми гипотеза ғылыми теорияға ауысып кетуі мүмкін, зерттеудің реті мен нәтижесі туралы ғылыми негізделген болжам ретінде қалыптасқан гипотезаны қалыптастыру зерттеудің едәуір күрделі этаптарының бірі болып табылады.

Сонымен, гипотеза ары қарай дамуының себебі, оның келесі гипотезаны дәлелдеп және оны факт, концепция теория болатын немесе теріске шығарса, ары қарай жаңа гипотеза тұжырымдалатын эксперименталды, кейде теориялық та дәлелдеуін қажет ететін ары қарай дамуына негізделетін ғылыми танымның дамуының маңызды әдістерінің бірі болып табылады.

Зерттеуші гипотезаны қалыптастыра отырып алдына қойылған мақсатқа қалай жететіндігі туралы тұжырымдама жасайды. Ғалым өзінің мақсатқа жету үшін не жасау керектігін өздерінің жиынтығы тұсында сипаттайтын зерттеуінің логикасын бейнелей отырып, жеке зерттеушілік тапсырмалар қатарын бөлістіреді.

Зерттеудің тапсырмалары оның жалпы мақсатынан логикалық түрде шығады және зерттеушінің негізгі этаптары ретінде қарастырылады. Тапсырмалардың мазмұны мен саны зерттеудің және нәтижесінде алдағы зерттеудің де, оның ішінде болашақтағы тәжірибенің де пәнін толық қарастыру үшін жеткілікті болуы тиіс, айтылған гипотезаға ғылыми тұжырымдалған жауап алуы тиіс.

Зерттеудің мақсаттары зерттеуші өзіне қойған жоспардағы нәтижелер, мақсаттар тұрғысынан жұмысты сипаттайды. Зерттеу мақсаттары болуы мүмкін: (концепцияның, әдістің, көзқарастың, білім берудің мазмұнын және т.с.с.) сипаттау, анықтау, өңдеу, тұжырымдау, қосу, жүйелеу, нақтылау, анализ.

Көбінесе осындай тапсырмалардың тұжырымдамасы тізіп айтылады. Зерттеуде келесілермен байланысты тапсырмалар орнатылады:

1) зерттелініп жатқан объектінің құрылымын, табиғатын, мәнін анықтаумен, қарастырумен, әдістемелік тұжырымдаумен;

2) қандайда бір заттың нақты күйі, динамикасы, ішкі қарама қайшылықтарының анализімен;

3) түрлендіру, үлгілеудің әдістерімен, тәжірибелік-эксперименталды тексеріспен;

4) зерделеніп жатқан құбылыстың, үрдістің және т.с.с. яғни, зерттелінетін объекті басқару проблемаларымен жұмысының тәжірибелік аспектілерімен дамытудың нәтижелілігін жоғарылатудың жолдары мен құралдарын анықтау.

Зерттеушімен анықталған тапсырмалар зерттеудің нақты жалпы жоспарын сипаттамайды. Онда зерттеуші өзіне қойған мақсатты сәтті және толыққанды жетуі үшін жасауды жоспарлайтын нәрселер сипатталуы тиіс. Олардың логикалық ретте сипатталғаны дұрыс.

Зерттеушілік тапсырмаларды қалыптастыру үрдісінде, көбінесе тәжірибе жасау қажеттілігі туындайды. Педагогикалық зерттеуде тәжірибелердің келесі түрлері пайдаланылады: тұжырымдайтын, қалыптастыратын және бақылайтын.

Тұжырымдайтын тәжірибе негізгі қалыптастырушы алдында нақтылы бастапқы күйді орнату мақсатымен жүзеге асырылады.

Төртіншісі, зерттеудің басты сатысы ұсынылған гипотезаның тұжырымдалғандығын тексеру үшін қажетті материалды жинақтау болып табылады.

Бесінші сатыда жинақталған материалдар статистикалық тұрғыда өңделінеді: жеке зерделенетін құбылыстар туралы алынған мәліметтер негізінде зерттелініп жатқан комплексті толық сипаттайтын мәліметтерді анықтайды.

Зерттеудің нәтижелерін жинақтаудан кейін алынған мәліметтер қажетті сенімді еместігі анықталады және материалдардың қосымша жинақталуы қажеттілігі туындайды.

Жұмыстың алтыншы сатысы нақты мәліметтердің анализі, біріктіру және түсіндірілуінен құралады.

Ғылыми зерттеудің жетінші сатысы автор жұмыс барысында қажетті деп санайтын материалдардың көрсету техникасын кірістіреді.

Қорытындысында зерттеудің жеке дұрыс реттелген сатыларының өзара байланысынан зерттеушілік жұмыстың объективті нәтижелері және ғылыми еңбектің әдебиеттік сипатталуы байланысты.

ЕСЕП БЕРУ МАЗМҰНЫ. Есеп беру теориялық мәліметтердің қысқаша конспектіні, жасалған тапсырмаларды, бақылау сұрақтарына жауапты кірістіруі тиіс.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

- 1 Ғылыми зерттеудің жалпы логикалық сызбасын (схема) атаңыздар.
- 2 Зерттеу көкейкестілігі дегенді қалай түсінесіз?
- 3 Зерттеу проблемасы қалай анықталады?
- 4 Зерттеу мақсаты нені білдіреді?
- 5 Зерттеу объектісі деген не және оны неліктен таңдағаныңызды дәлелдеңіз?
- 6 Зерттеу объектісі мен пәнінің өзара байланысы.
- 7 Зерттеу гипотезасы және оны реттеу талаптары
- 8 Зерттеу міндеттері және оны жазу талаптары.

Зертханалық сабақтар бойынша берілетін тапсырмалардың ретін қарастырып өттік, енді осы пән аясында берілетін СОӨЖ бойынша тапсырмаларға (СОӨЖ тақырыбының атауы, сабақтың мақсаты, сабақтың түрі, тапсырманың мазмұны, ұсынылатын әдебиеттер) сипаттама беріп өтейік (2.8-кесте).

2.8-кесте - Студент пен оқытушының өздік жұмысының тақырыптық жоспары (СОӨЖ)

СОӨЖ тақырыбының атауы	Сабақтың мақсаты	Сабақтың түрі	Тапсырманың мазмұны	Ұсынылатын әдебиеттер
1 Кәсіби педагогикадағы ғылыми шығармашылық.	Студенттердің білімін жетілдіру	Өз бетінше жұмыс жүргізу	Тақырып бойынша баяндама	Негізгі және қосымша әдебиеттермен жұмыс
2 Ғылым әдіснамасы.	Студенттердің білімін жетілдіру	Топпен бірлескен жұмыс жүргізу, бірігіп талдау	Ғылыми зерттеу әдістерін қарастыру, талдау, дамыту	Негізгі және қосымша әдебиеттермен жұмыс

3 Педагогикалық зерттеудің бағдарламасы.	Студенттердің білімін жетілдіру	Топпен бірлескен жұмыс жүргізу, бірігіп талдау	Бірлескен баяндама	Негізгі және қосымша әдебиеттермен жұмыс
4 Мұрағат материалдарымен жұмыс.	Студенттердің білімін жетілдіру	Топпен бірлескен жұмыс жүргізу	Мұрағат материалдарын талдау және реттеу.	Негізгі және қосымша әдебиеттермен, мұрағат материалдарымен жұмыс
5 Эксперимент мақсаты: зерттеу пәні, гипотезаны тексеру.	Студенттердің білімін жетілдіру	Шағын топтағы жұмыс	Білімді кешендік тексеру	Негізгі және қосымша әдебиеттермен, диссер. жұмыс және автереферат. жұмыс
6 Педагогикалық зерттеудің эмпирикалық әдістері.	Студенттердің білімін жетілдіру	Топпен бірлескен жұмыс жүргізу	Тақырып бойынша негізгі баяндама	Негізгі және қосымша әдебиеттермен жұмыс
7 Педагогикалық зерттеулерде статистикалық әдістерді пайдалану	Студенттердің білімін жетілдіру	Топпен бірлескен жұмыс жүргізу	Статистикалық зерттеу әдістерін өту және оларды пайдалану	Негізгі және қосымша әдебиеттермен жұмыс

2.8-кесте жалғасы

8 Ғылыми есеп беру, реферат, аннотация.	Студенттердің білімін жетілдіру	Топпен бірлескен жұмыс жүргізу	Шағын топтар бойынша баяндама	Негізгі және қосымша әдебиеттермен, диссер. жұмыс. және автереферат. жұмыс
9 Редакторлау, басылымға дайындау	Студенттердің білімін жетілдіру	Топпен бірлескен жұмыс жүргізу	Құжаттарды талаптарға сай рәсімдеу	Негізгі және қосымша әдебиеттермен жұмыс

СОӨЖ аясында берілетін тапсырмаларды қарастырып өттік, енді осы пән шеңберінде берілетін СӨЖ-ге арналған бақылау тапсырмаларының тақырыптарына тоқтала кетейік.

Студенттің өзіндік жұмысына (СӨЖ) арналған бақылау тапсырмаларының тақырыптары

- 1 Ғылыми зерттеу немен сипатталады?
- 2 Эмпирикалық және теориялық зерттеудің негізгі сипатының ерекшеліктерін атаңыз.
- 3 Зерттеушілік бап – түрлері және тағайындалуы.
- 4 Жүйелі бапқа кең сипаттама беріңіз.
- 5 Қандай ғылыми баптарды сіз білесіз, олардың әрқайсысының мәні және тағайындалуы.
- 6 Әдіс ұғымына контент-талдау жасау.
- 7 Ғылыми зерттеу әдісін қалай түсінесіз?
- 8 «Ғылыми қызметтің қоғамдық дамудағы рөлі» тақырыбына әңгімелесуге дайындалу.
- 9 Ғылыми зерттеу тақырыбын таңдау және құрастыру.
- 10 Зерттеудің көкейкестілігі, мақсат және міндеттері, нысан және зерттеу пәні.
- 11 Ғылыми зерттеу тақырыбын таңдау, оны негіздеу
- 12 Ғылыми жұмыстың фундаменталды міндеттері.
- 13 Қосымша ғылым жұмысының сипаты
- 14 Ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша көкейкестілікті, мақсат және міндеттерді анықтау.
- 15 Теориялық зерттеудің әдістерін сипаттаңыз (абстрактілеу, нақтылау, идеализация және формализация, аксиоматиялық, тәжірибені өту, тестілеу, сауалнама жүргізу, рейтинг, социометриялық, құрылымдық талдау әдісі).

Жоғарыда біз жалпы біздің пән бойынша тақырыптық жоспарға, ол пәннің мақсаты мен мазмұнына, дәрістік материалдарға, зертханалық сабақтардың мазмұнына, СОӨЖ және СӨЖ тапсырмаларына тоқталдық.

Біз жалпы «Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері» пәнінің мазмұнына қосымша тақырыптар енгіздік, олардың жалпы сипаттамасы мен мазмұнын жеткілікті деңгейде қарастырып өттік. Келесі кезекте жалпы осы аталмыш пән бойынша электронды оқулық әзірледік, оны осы зерттеу жұмысында педагогикалық шарттардың бірі ретінде алдыңғы тарауда қарастырғанбыз. Электронды оқулық турасында жалпы мәліметтерді қарастырып, содан соң жалпы өзіміздің әзірлеген электронды оқулығымызға тоқталамыз.

Қазіргі таңда оқу курстарын енгізу үшін ақпараттық технологиялар белсенді түрде құрастырылып, оқу процестеріне енгізіліп отыр. Оқу процесіндегі оқу пәндерінің әр қилы бағыттарынан электронды оқу құралдары құрастырылып, өңделуде.

Электронды оқулықтарды жоғары оқу орнының оқу процесінде электронды оқулықтар (ЭО) белсенді түрде қолданылады. Электронды оқулықтарды

пайдалану және құрастыру проблемасымен Э.Азимов, К.С. Ахметов, С.А. Христочевский, А.Г. Федоров сынды авторлар өз еңбектерінде осы мәселені қарастырған.

Бүгінгі заман талабы – ол компьютер желісіне ыңғайланған бір жүйеге келтірілген әрі, мобильді болуы тиіс. Алдыңғы талапқа сәйкес оқулықтың тұрақты құрылымы болуы керек. Ал мобильді оқулық негізгі мазмұндық құрылымын бұзбай, жаңа білімді жылдам қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек. Дәл осы айтқан мобильдік талапты орындау – ол электронды оқулықтың ерекшелігін негіздейді.

А.Г. Федоровтың сипаттауы бойынша *электронды оқулық (ЭО)* туралы зерттеушілердің пікірі әркез бір арнада тоғысады. электронды оқулықты теориялық, анықтамалы-ақпаратты, практикалық материалдар және тапсырмалар жиынтығы ретінде қарастырады [101].

Э.Азимовтың пікірінше, электронды оқулық компьютерлі дискіде оқытудың жаңа құралы іспеттес. Ал, ол аудио, бейне, мәтінді және графикалық ақпаратты елестету және сақтау, студенттің (оқушының) компьютерде интерактивті тәртіпте жұмыс істеуіне есептелген, мұнда оқушы оқу ақпаратымен өзіне ұнайтын формада, белгілі бір жүйеде таныса алады [102].

Ал біздің пікірімізді келтірер болсақ, жалпы *электронды оқулық дегеніміз* - компьютерлік дискіден оқылатын және дискіде сақталатын білім берудің жаңа жолы, мұнда студентке аудио-, бейне -, мәтіндік және графикалық мәліметтер ұсынады.

ЭО-ның артықшылығы оның құрылымдық өзгешелігінде, ол міндетті түрде гипермәтінді құжат ретінде болады. *Гипермәтін* – «тірі» интерактивтік оқу материалын құру мүмкіндігі және олар материалдың әртүрлі бөлігінде сілтемемен жабдықталған. Гипермәтін оқытушыға материалды көп фрагменттерге бөліп және оларды гиперсілтемелермен логикалық жалғауды үзбей дамытуға мүмкіндік береді. Осы ретте әр студент «өзінің» оқулығын құруға мүмкіндік алады, сонымен қатар, ол оның дайындық деңгейіне, материалды тез ұғуына, оның қызығушылығын арттыруға және тағы да басқа пайдалы қасиеттеріне өз пайдалылығын тигізеді [103].

ЭО-ны оқу процесіне енгізудің мақсаты - оқыту процесінің барлық формаларында басқару тиімділігін жоғарылату болып табылды. Алдыға қойған мақсатқа техникалық құралдардың сәйкес келуі, өңдеу сапасы ЭО-ның қызмет ету тиімділігін қарастырады.

ЭО-ның негізгі функциялары ретінде келесілерді атап өтуге болады, олар [103]: оқу ақпаратын сақтау; диалог жүргізу және көмек көрсету; студенттің (оқушының) жауабын талдау; оқу ақпаратын ұсыну; оқу әрекетінің нәтижелерін тіркеу, сақтау және өңдеу.

Электронды оқулықты рәсімдеудің ережелері гипермәтіндік құжаттар үшін дәстүрлі Web-дизайнның талаптарына негізделіп жасалады. Олардың ішіндегі негізгілері мыналар [104]:

1 Таңдалып алынған курс бойынша ақпарат дұрыс жүйеленуі тиіс

2 Оқу курсының құрылымды элементтерінің негізгі тақырыбы гипермәтінмен, суреттермен, аудио- және бейне-комментарийлермен немесе бейнесуреттермен сәйкес келуі керек

3 Күрделі суреттер жылдам көмекпен курсордың синхронды қозғалуымен қамтамасыз етілуі тиіс

4 Ақпаратты іздеу уақытын қысқарту мақсатында мәтіндік бөлім жан-жағынан көптеген гиперсілтемелермен сүйемелденуі тиіс

5 Экран бетіндегі мәтіндік бөлік қысқа болуы тиіс. Тізбені және кестелерді, қолдануға болады, себебі оларға бірден көңіл бөлінеді және оларда ақпарат көптеу болады

6 ЭО-да қолданылатын түстердің түстік гаммасы бір стильде болуы тиіс.

Электронды оқулықтарды жүзеге асыру бағдарламасы құжаттардың гипермәтінді элементтеріне негізделген. ЭО-ны жасау элементтеріне оның келесі түрлерін ажыратуға болады:

- ЭО-да стандартты қосымшаларды (WORD, Power Paint және т.б.) қолдану;

- ЭО-да HTML-форматында стандартты браузерлерді қолдану;

- ЭО-да HTML-форматында жеке браузерлерді қолдану;

- мультимедиалық оқулықтар.

Ал, біздің ұсынып отырған дәстүрлі түрде білім беру мекемелірінің оқу процесі барысында дәстүрлі технологиялар түріне айнала білген – HTML-форматы [101].

Ақпараттық технологиялармен ұсынылған құралдар білім беру жүйесінде қолданылады және ол жоғары оқу орнында оқыту міндеттеріне есептелген. Электронды курстарды, автоматты оқыту жүйелерін жасау және құрастыру әлі де болса көкейкесті проблемалардың бірі болып табылады. Педагогикалық құндылық, электронды курстардың және автоматты оқыту жүйелерінің сапасы қойылатын талаптар жинағының ескерілуі қаншалықты ескерілгеніне байланысты [105-109], А.А. Кузнецова, С.Р. Лысенко, Т.С. Назарова, Е.С. Полат, Т.А. Сергеева [110-112] сынды авторлардың еңбектерінде оқу процесінде электронды курстарды белсендендіру сұрақтары қозғалады.

«Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері» пәні бойынша әзірлеген электронды оқулығымызға тоқтала кетелік. 2.1-суретте ЭО-ның бастапқы беті келтірілген, ал 2.2-суретте - ЭО-ғы дәріс мазмұнының бірінші беті берілген. Мұнда жалпы пәнді жүргізуге қажетті оқу-әдістемелік материалдың барлығы қамтылған.

«Кәсіптік педагогикадағы ғылыми зерттеу негіздері» электронды оқулығы [96] арқылы 5В012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығында оқитын студенттердің кәсіби оқыту мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізуге болашақ кәсіби оқыту педагогтарының даярлығын қалыптастыруды жетілдіруге, сонымен қатар, олардың зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

енгізілді. Тәжірибелі-экспериментті жұмыстың келесі кезеңдерін және олардың нәтижелері зерттеудің келесі тарауында суреттеледі.

2.2 Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру нәтижелері

«Эксперимент» ұғымы латын сөзінен шыққан, оның мағынасы «тәжірибе», «сынау» [113]. Дәстүрлі түрде эксперимент үш негізгі кезеңнен тұрады:

- бастапқы білім, білік және дағдыны бақылау;
- сынаққа түсушілерге қандайда бір жаңа фактормен әсер ету;
- білім, білік және дағдыларының қорытынды бақылауы.

Ал, бізге қажетті эксперименттің түрі - ол педагогикалық эксперимент. Педагогикалық эксперимент деп нақты жағдайды есепке алып, тәрбиелік процесті арнайы зерттейтін ғылыми тәжірибені айтады. Педагогикалық экспериментке сүйеніп, зерттеуші тәрбиенің тиімді тәсілдері мен әдістерін, формалары мен мазмұнын тексереді. Дидактикада эксперименттің төрт түрі ажыратылады: айқындаушы, оқытушы, бақылаушы, салыстырмалы [113-122].

Педагогикалық эксперимент келесі кезеңдерден тұрады:

- айқындаушы эксперимент (қыркүйек 2014ж. – мамыр 2015 ж.);
- қалыптастырушы эксперимент (қыркүйек 2015 ж. – мамыр 2016 ж.).

Алдымызға қойылған міндеттерді толығымен тексеру, шешу және ғылыми болжамның дұрыстығын тексеру мақсатында эксперимент 5B012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығында жүргізілді, оған аталмыш мамандықтың 3 және 4 студенттері қатысты.

Эксперименттің міндеті: оқу процесінде педагогикалық шарт ретінде ұсынылған материалдарды, яғни «Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері» пәнінің мазмұны бойынша әзірленген қосымша тақырыптарды, «Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері» бойынша оқу құралының, «Кәсіптік педагогикадағы ғылыми зерттеу негіздері» пәні бойынша электронды оқулықты, зерттеу негіздері бойынша екі тілді анықтамалық-терминологиялық сөздіктің тиімділігін тексеру және осы педагогикалық шарттар негізінде студенттердің зерттеу бойынша білімін, білігін және дағдысын қалыптастыру мақсатында пайдалану.

Педагогикалық эксперименттің айқындаушы деңгейлері 2014 жылдың қыркүйек айында Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің 3 және 4 курс студенттерінің қатысуларымен өткізілді. Эксперименттің дәлелділігін жоғарылату мақсатында бақылау және эксперимент топтары ажыратылды.

Сонымен, экспериментке 5B012000 – Кәсіптік оқыту мамандығының 3 және 4 курс (пәннің жүргізілуіне байланысты) бойынша (79 адам – 36 - бақылау және 43 - эксперимент) студенттері қатысты. Оқыту Pentium IV дербес компьютермен қамтамасыз етілген компьютер сыныптарында өткізілді.

3, 4 курс студенттерін таңдауға олардың жұмыс оқу жоспары негіз болды, мұнда студенттердің ғылыми зерттеу бойынша деңгейлері әр қилы, себебі

бақылау және эксперимент тобындағы студенттердің даярлық деңгейлері әрқилы.

Педагогикалық эксперименттің типті моделін қолдана отырып, біз экспериментті үш кезеңде өткіздік: айқындаушы, қалыптастырушы және қорытынды.

Айқындаушы эксперимент кезеңінде келесі міндеттерді орындадық:

- аталмыш мамандықтың студенттерінің теориялық білімдерінің деңгейі анықталды;

- осы мамандық студенттерінің зерттеу бойынша практикалық біліктері және дағдыларының қалыптасу деңгейлері анықталды.

Диагностика өткізу үшін өлшемдер жүйесі құрастырылды. Өлшемдер мен көрсеткіштер үш компонент бойынша жіктелді: тұлғалық-мотивациялық, мазмұндық және зерттеушілік (2.9-кесте).

Осы аталған көрсеткіштер студенттердің зерттеу бойынша білім, білік және дағдыларының қалыптасуын үш деңгей бойынша тексереміз, олар - төменгі, орташа және жоғары.

2.9-кесте - Компоненттер бойынша болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі бойынша білім, білік және дағдыларын анықтайтын өлшемдер мен көрсеткіштер

Компонент	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Тұлғалық- мотивациялық	Кәсіби бағыттылық	- зерттеуге деген қажеттілік;
		- зерттеуге деген қызығушылық;
		- берілген бағыт бойынша білімдерін тереңдетуге ұмтылу.
Мазмұндық	Болашақ педагогтардың зерттеудің теориялық негіздерін білуі	- зерттеу мақсаты мен міндеттерін білу;
		- зерттеу әдістерін, түрлерін, зерттеудің кезеңдері мен құрылымын білу;
		- зерттеу негіздері бойынша негізгі ұғымдар мен терминдерді білу.
Зерттеушілік	Болашақ педагогтардың зерттеушілік жұмысты ұйымдастыра және жүзеге асыра білуі	- зерттеу алгоритмін білуі;
		- зерттеушілік жұмысты ұйымдастыру жолдарын қалыптастыру;
		- зерттеушілік жұмысты жүзеге асыру жолдарын қалыптастыру.

Төменгі деңгей - болашақ педагогтар жаңа білімді, білікті меңгеруге пассивті түрде қатысады, өзінің болашақ кәсіби қызметінің саймандарына немқұрайлы қарайды, кәсіби қызметінде зерттеу процестеріне деген көзқарасы оң емес. Алдына нақты мақсат қоймайды және өз жұмысын жоспарламайды, себебі оқу-танымдық қызметте негізгісін ажыратпайды. Үнемі өзін-өзі бақылау жүйесі қолданылмайды.

Орташа деңгей - болашақ педагогтар өз мамандығына оңтайлы қарайды және болашақ қызметін сайманмен қамтамасыз ету үшін зерттеу жұмысын қолдану және енгізу идеяларын қабылдайды, зерттеуді енгізу бойынша шамалы білімі бар, бірақта оны білмегендіктен сирек қолданады. Кәсіби қызметтің мәнін түсінеді, зерттеудің көмегімен кәсіби қызметті жүзеге асыру тәсілдерін меңгерген. Өзін-өзі тексеруде көбінесе өтілген материалдың өзгешелігі ескерілмейді.

Жоғары деңгей – өзінің таңдаған педагогикалық қызметіне қызығушылықпен қарайды, өз ісінде кәсіби қызметті ұйымдастыру бойынша тиімді тәсілдерді меңгереді, өз бойындағы ғылыми білімдері негізінде өз ісін болжай, сонымен қатар оны басқара алады. Сонымен қоса, зерттеушілік құзыреттілікті қолдану жолын да жетік меңгереді. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай бақылауды тиімді формада жүзеге асырады.

Төменде келтірілген компоненттер бойынша болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі бойынша білім, білік және дағдыларының қалыптасқандығын (айқындаушы эксперимент) анықтаймыз. Сол мақсатта төмендегі кестеде келтірілген (2.10-кесте) компоненттердің өлшемдерін және көрсеткіштерін толыққанды қарастырып, оларды талдап көреміз.

2.10-кесте - Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі бойынша білім, білік және дағдыларының қалыптасқандығының бастапқы нәтижесі (тұлғалық-мотивациялық компонент)

Өлшем (кәсіби бағыттылық) көрсеткіштері	Экспер. тобы			Бақылау тобы		
	1 қисын			1 қисын		
	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.
Зерттеуге деген қажеттілік	31,47	43,3	25,23	33,23	40,5	26,27
Зерттеуге деген қызығушылық	37,13	39,9	22,97	39,91	38,3	21,79
Берілген бағыт бойынша білімдерін тереңдетуге ұмтылу	35,15	41,7	22,97	34,25	39,7	26,27
Орташа көрсеткіш	34,5	41,7	23,8	35,8	39,5	24,7

Жоғарыда келтірілген экспериментальды топтың нәтижелері алдыңғы ретті біз өткізген сауалнамалық сұрақтар негізінде шығарылды. Ал, болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттіліктерін қолдану қажеттілігін студенттер, тек ауызша тұрғыда ғана біледі, яғни олар практика жүзінде бұл проблемамен соқтығыспағандығын білдіреді. Сонда жоғарыда келтірілгендей, болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі бойынша білім, білік және дағдыларының қалыптасқандығын, яғни оның төмен деңгейде (жоғары көрсеткіш 41,7% экспериментальды топта, ал 39,5% бақылау тобында, яғни экспериментальды топта 2,2% жоғары) екенін көреміз.

Жалпы болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттіліктерінің төмендігі байқалады, яғни алдыңғы курс студенттерінде (3 курс) зерттеудің теориялық негіздері 4 курс студенттеріне қарағанда әлдеқайда төмен екендігі байқалады. Себебі, олар ғылыми зерттеу тақырыбын таңдау, оның мақсаты мен міндеттерін белгілеу, зерттеу әдістерін, түрлерін, зерттеудің кезеңдері мен құрылымын

айқындау сынды сұрақтарда бірқатар қиындықтарға соқтығысты. Неге, себебі біріншіден, жалпы студенттер арасында ғылыммен айналысатын студенттер саны аз, екіншіден, олар ғылыми тақырып тұрғысында анықталмаған. Ал ол жағдай 4 курс студенттерінде ол әлдеқайда жоғарылау, себебі олар зерттеу тақырыптары бойынша дипломдық жұмыс тақырыптары аясында бірқатарлары анықталып үлгерген. Жоғарыдағы кестеде келтірілгендей, олардың білім, білік, дағдыларының төмендігі (эксперименталды топта – 44,5%, ал бақылау тобында – 43,8%).

2.11-кесте - Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі бойынша білім, білік және дағдыларының қалыптасқандығының бастапқы нәтижесі (мазмұндық компонент)

Өлшем (мазмұндық) көрсеткіштері	Экспер. тобы			Бақылау тобы		
	1 қисын			1 қисын		

2.11-кесте жалғасы

	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.
Зерттеу мақсаты мен міндеттерін білу	24,7	41,8	33,5	27,2	41,2	31,8
Зерттеу әдістерін, түрлерін, зерттеудің кезеңдері мен құрылымын білу	28,6	46,9	24,5	31,6	45,8	22,6
Зерттеу негіздері бойынша негізгі ұғымдар мен терминдерді білу	45,5	44,9	9,6	47,7	44,6	7,7
Орташа көрсеткіш	33	44,5	22,5	35,5	43,8	20,7

2.12-кесте - Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі бойынша білім, білік және дағдыларының қалыптасқандығының бастапқы нәтижесі (зерттеушілік компонент)

Өлшем (зерттеушілік) көрсеткіштері	Экспер. тобы			Бақылау тобы		
	1 қисын			1 қисын		
	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.
Зерттеу алгоритмін білуі	73,3	27,4	0,2	63,1	30,9	0,4
Зерттеушілік жұмысты ұйымдастыру жолдарын қалыптастыру	69,4	30,5	0,1	70	33	0,2
Зерттеушілік жұмысты жүзеге асыру жолдарын қалыптастыру	65,3	34,6	0,1	72	29,9	0,3
Орташа көрсеткіш	70,5	29,4	0,1	68,2	31,5	0,3

Жоғарыда келтірілгендей «Зерттеу алгоритмін білуі» көрсеткішіне қарағанда «Зерттеушілік жұмысты ұйымдастыру жолдарын қалыптастыру» көрсеткіші эксперименталды және бақылау тобында да төмен, бірақта бірінші критерийге қарағанда екінші критерий әлдеқайда төмен (эксперименталды топта – 0,1 ал бақылау тобында 0) деуге болады. Ал үшінші «Зерттеушілік жұмысты жүзеге асыру жолдарын қалыптастыру» көрсеткіші екінші көрсеткіші

де, бірінші көрсеткіші эксперименталды топта, бақылау тобына қарағанда төмен (эксперименталды топта – 0,2 ал бақылау тобында 0). Оның себебі, жалпы студенттер зерттеу алгоритмінің жобасын білгендерімен, оны ұйымдастыру жолдарын қалыптастыруды және жүзеге асыру жолдарын қалыптастыра алмайтындықтарын тағы да дәлелдеп отыр.

Бірінші қисын бойынша болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігінің білім, білік және дағдыларының орташа көрсеткіш бойынша жоғары екенін студенттердің аз ғана бөлігі (эксперименталды топта – 29,4%, ал бақылау тобында –31,5%) ие екендігін көреміз. Біз көріп отырғандай 1-қисында зерттеушілік компоненттің көрсеткіштері бақылау тобына эксперименталды топқа қарағанда жоғарылау (21%).

2.13-кесте - Айқындаушы эксперименттің нәтижелері (бірінші «қисын»)

Компоненттер	Экспер. тобы			Бақылау тобы		
	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.
Тұлғалық-мотивациялық	34,5	41,7	23,8	35,8	39,5	24,7
Мазмұндық	33	44,5	22,5	35,5	43,9	20,7
Зерттеушілік	70,5	29,4	0,1	68,2	31,5	0,3
Орташа көрсеткіш	50	34,5	15,6	51,9	29,9	15,2

Айқындаушы эксперименттің нәтижелері қалыптастырушы эксперимент кезеңін жоспарлауға және өткізуге негіз болды, яғни ұсынылып отырған болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын тәжірибеден өткізіп, тексеруге бағытталған. Бұл мақсатта біз ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдістерін қолдандық, яғни ол жұмыс нәтижелерінің дәлелділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында нормативті, оқу-әдістемелік құжаттар, оқу процесінің ұйымдастырылуын бақылау, сауалнама жүргізу, бақылау тапсырмаларын беру арқылы жүзеге асырғанды жөн көрдік.

Ендігі кезекте қалыптастырушы эксперименттің мақсатын анықтаймыз, ол келесі ретте мазмұндалады: болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі бойынша бізге қажетті білім, білік және дағдыларды ұсынылып отырған педагогикалық шарттардың көмегімен қалыптастыру.

Өткізілген эксперименттің дәлелділігін тексеру мақсатында қалыптастырушы эксперимент жүзеге асырылды (2.14-кесте).

Мазмұндық компоненттің өлшемдерін салыстыру нәтижесінде келесідей қорытынды жасауға болады, эксперименталды топтағы орташа нәтиже 52,5%, ал бақылау тобындағы орташа нәтиже 45,2%, сонымен экспериментальды топтың нәтижесі бақылау тобымен салыстырғанда 7,3% жоғары. Бұл көрсеткіштің жоғарылаған себебі педагогикалық шарт шеңберінде зерттеу мақсаты мен міндеттерін меңгергендері, зерттеу әдістерін, түрлерін, зерттеудің кезеңдері мен құрылымын білетіндіктерін, сонымен қатар, зерттеу негіздері

бойынша негізгі ұғымдар мен терминдерді терминологиялық сөздік негізінде меңгергендіктерінің дәлелі.

2.14-кесте - Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі бойынша білім, білік және дағдыларының қалыптасқандығының соңғы нәтижесі (тұлғалық-мотивациялық компонент)

Өлшем (кәсіби бағыттылық) көрсеткіштері	Экспер. тобы			Бақылау тобы		
	2 қисын			2 қисын		
	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.
Зерттеуге деген қажеттілік	22,1	47,1	30,8	38,9	43,5	17,6
Зерттеуге деген қызығушылық	29,5	47,5	23	45,9	41,7	12,4
Берілген бағыт бойынша білімдерін тереңдетуге ұмтылу	27,8	48,5	23,7	46,5	42,7	10,8
Орташа көрсеткіш	25,5	47,5	27	43,8	42,6	13,6

Жоғарыда бақылау тобында орташа көрсеткіш 42,6%, ал эксперименталды топта ол көрсеткіш 47,5% тең екенін көріп отырмыз. Сонда эксперименталды топтағы көрсеткіш 4,9% жоғарылағаны анықталды. Мұның себебі, оқу процесі барысында студенттердің зерттеуге деген қажеттіліктерінің, олардың оған деген қызығушылықтарының, сонымен қатар, зерттеу бойынша білімдерінің тереңдегендігін көрсетеді.

2.15-кесте - Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі бойынша білім, білік және дағдыларының қалыптасқандығының соңғы нәтижесі (мазмұндық компонент)

Өлшем (мазмұндық) көрсеткіштері	Экспер. тобы			Бақылау тобы		
	2 қисын			2 қисын		
	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.
Зерттеу мақсаты мен міндеттерін білу	17,9	50,2	31,9	32,4	46,8	20,8
Зерттеу әдістерін, түрлерін, зерттеудің кезеңдері мен құрылымын білу	19,8	54,4	25,8	37,6	44,8	17,6
Зерттеу негіздері бойынша негізгі ұғымдар мен терминдерді білу	25,1	51,1	23,8	40,1	44	15,9
Орташа көрсеткіш	20,5	52,5	27	36,7	45,2	18,1

Осы төмендегі 2.16-кестеде келтірілген нәтижелер негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілік бойынша білімдерінің, біліктерінің және дағдыларының қалыптасқандығын байқап отырмыз. Оның дәлелі эксперименталды топтағы зерттеушілік компоненттің орташа көрсеткіші 57,4%, ал бақылау тобындағы орташа көрсеткіш 36,6% тең, сонда эксперименталды топтың нәтижелері бақылау тобына қарағанда тағы да 20,8% жоғары екенін көріп отырмыз.

2.16-кесте - Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі бойынша білім, білік және дағдыларының қалыптасқандығының соңғы нәтижесі (зерттеушілік компонент)

Өлшем (зерттеушілік көрсеткіштері)	Экспер. тобы			Бақылау тобы		
	2 қисын			2 қисын		
	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.
Зерттеу алгоритмін білуі	23,2	57,8	17,9	65,4	35,9	0,7
Зерттеушілік жұмысты ұйымдастыру жолдарын қалыптастыру	25,4	56,6	19,8	63,9	36,8	0,5
Зерттеушілік жұмысты жүзеге асыру жолдарын қалыптастыру	22,1	57,7	20,2	60,3	36,7	0,3
Орташа көрсеткіш	23,3	57,4	19,3	62,9	36,6	0,5

Яғни, ол дегеніміз болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі бойынша білім, білік және дағдыларының қалыптасқандығының дәлелі, атап айтқанда, зерттеу алгоритмін білу деңгейлері жоғарылаған, зерттеушілік жұмысты ұйымдастыру жолдары қалыптасқан, зерттеушілік жұмысты жүзеге асыру жолдары да жеткілікті деңгейде қалыптасқандығының дәлелі.


2.17-кесте - Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері (екінші «қисын»)

Компоненттер	Экспер. тобы			Бақылау тобы		
	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.
Тұлғалық-мотивациялық	30,1	44,7	25,2	43,8	42,6	13,6
Мазмұндық	33	44,5	27	36,7	45,2	18,1
Зерттеушілік	41,3	44,4	14,3	84,9	15,1	0,03
Орташа көрсеткіш	34	44	22	55,1	34,1	4,55

2.18-кесте - Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі бойынша білім, білік және дағдыларының қалыптасқандығының соңғы нәтижесі (қорытынды эксперимент)

Компоненттер	Эксперименталды топ						Бақылау тобы					
	1 қисын			2 қисын			1 қисын			2 қисын		
	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.
тұлғалық-мотивациялық	34,5	41,7	23,8	25,5	47,5	27	35,8	39,5	24,7	43,8	42,6	13,6
мазмұндық	33	44,5	22,5	20,5	52,5	27	35,5	43,8	20,7	36,7	45,2	18,1
Зерттеушілік	70,5	29,4	0,1	23,3	57,4	19,3	68,2	31,5	0,3	62,9	36,6	0,5
Орташа көрсеткіш	46	38,5	15,5	23,1	52,5	24,4	46,5	38,3	15,2	47,8	41,5	10,7

«Қорытынды экспериментте» жалпы үш компонент бойынша бастапқы және соңғы нәтижелер келтірілген (2.18-кесте), эксперименталды топтағы нәтиже 18,6%, ал бақылау тобындағылар 4,35%, яғни эксперименталды топтың нәтижелері бақылау тобына қарағанда 14,25% жоғары екені анықталды.



2.3-сурет– Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі бойынша білім, білік және дағдыларының қалыптасқандығының қорытынды нәтижелерінің динамикасы

2.19-кесте - Студенттердің білім, білік және дағды деңгейлерінің өзгеруі (%)

Деңгейлер	Эксперименталды топ	Бақылау тобы
Төмен	23,1	47,8
Орташа	52,5	41,5
Жоғары	24,4	10,7

2.19-кестеде келтірілген нәтижелер бойынша біздің ұсынып отырған педагогикалық шарттарымыздың болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттіліктер қалыптастыру жағдайында тиімді екенін көріп отырмыз. Сонымен, эксперименталды топтағы қорытынды (екінші) «қысын» студенттердің жартысынан астам бөлігінде (52,5%) орташа деңгейге дейін бізге қажетті білім, білік және дағдыларын қалыптастыруға болатынын көрсетіп отыр, себебі бақылау тобында бұл көрсеткіш (41,5%) болды, яғни ол 11% -ға жоғары.

Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыру барысында келесілер айқындалды:

- зерттеу аясында теориялық білім деңгейлері жоғарылады;
- кәсіби іс-әрекетте зерттеушілікті пайдалану бойынша саналы түрде қажетті білім, білік және дағды қажеттілігі туындады;
- электронды оқулықтың мәні және қызметі бойынша таным нақтыланды.

Бақылау және эксперименталды топтарында ақпараттық технологиялар арқылы іс қағаздарын жүргізуге оқыту білімінің, білігінің және дағдысының қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында бақылау тапсырмалары және тестік тапсырмалар құрастырылды. Бақылау сұрақтар 100 баллдық жүйе бойынша бағаланды [96]. 0-ден 40-қа дейін – төменгі деңгей; 41-ден 80-ге дейін – орташа деңгей; 81-ден 100-ге дейін – жоғары деңгей.

Сонымен, тәжірибелі-педагогикалық жұмыстың нәтижелері біздің ұсынып отырған педагогикалық шарттардың тиімділігін тағы да дәлелдей түсіп, яғни болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі бойынша білім, білік және дағдыларын жеткілікті дәрежеде қалыптастыруға қажет екендігін көрсетті.

Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша педагогикалық шарттар Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің 5В012000 «Кәсіптік оқыту» мамандарын даярлау процесінде қолданылады және үлкен материалды шығындарды талап етпейді.

Орындалған зерттеу нәтижелері жоғары оқу орнында болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыруда жаңа формалары мен әдістерін болашақта жасауға негіз болатынына сенімдіміз.

Buketov University

ҚОРЫТЫНДЫ

Біздің қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, сонымен қатар, саяси өзгерістер, Қазақстан Республикасын жоғары әлемдік деңгейге көтеру мақсатында білім беру процесінде көптеген іс-шаралар жасап, оны жүзеге асыру үшін үлкен қадамдар жасауда. Білім беру саласы бойынша келесідей жаңа басымдықтарды атап өтуге болады, олар гуманитарлы педагогика, студенттердің адами әлеуетін анықтау, оны дамыту бойынша шаралар ұйымдастыру, сонымен қатар, адамдар арасында белгілі, дұрыс қарым-қатынасты ұйымдастыруды ерекше форма арқылы ұйымдастыру және тиімді түрде жүзеге асыру.

Зерттеу жұмысын орындау барысында біз болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын құрастырып, оның нәтижелерін 5B012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығы аясында жүзеге асырдық.

Зерттеу барысында келесі көрсеткіштер анықталып, жүзеге асырылды:

- болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың мәнін ашу барысында зерттеу бойынша теориялық материалдар келтірілді, оларға талдау жасалды. «Зерттеу», «құзыреттілік» және «зерттеушілік құзыреттілік» ұғымдарына контент-талдау жасалды. Осы талдаудың негізінде біз негізінде осы үш ұғымға авторлық анықтама бердік;

- болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттар жүйесі құрастырылды. Ұсынылған педагогикалық шарттар жүзеге асырылды, олар: «Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері» пәнінің мазмұнына қосымша тақырыптар мен өзгерістер енгізілді; «Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері» бойынша оқу құралы [83]; «Кәсіптік педагогикадағы ғылыми зерттеу негіздері» пәні бойынша электронды оқулығы [96]; зерттеу негіздері бойынша екі тілді анықтамалық-терминологиялық сөздік [77].

- болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері, нәтижелерінің өлшемдері мен көрсеткіштерін анықталды: тұлғалық-мотивациялық, мазмұндық, зерттеушілік. Әр компонент бойынша өлшемдер анықталды: кәсіби бағыттылық, болашақ педагогтардың зерттеудің теориялық негіздерін білуі, болашақ педагогтардың зерттеушілік жұмысты ұйымдастыра және жүзеге асыра білуі. Осы белгіленген өлшемдер негізінде көрсеткіштер анықталды: зерттеуге деген қажеттілік; зерттеуге деген қызығушылық; берілген бағыт бойынша білімдерін тереңдетуге ұмтылу; зерттеу мақсаты мен міндеттерін білу; зерттеу әдістерін, түрлерін, зерттеудің кезеңдері мен құрылымын білу; зерттеу негіздері бойынша негізгі ұғымдар мен терминдерді білу; зерттеу алгоритмін білуі; зерттеушілік жұмысты ұйымдастыру жолдарын қалыптастыру; зерттеушілік жұмысты жүзеге асыру жолдарын қалыптастыру;

- болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттар жүйесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексерілді. Осы зерттеу нәтижелері Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің 5В012000 «Кәсіптік оқыту» мамандығы негізінде жүзеге асырылды. Зерттеу нәтижелері бойынша біздің авторлық педагогикалық шарттарымызды 5В012000 «Кәсіптік оқыту» мамандарын даярлау процесінде пайдалану тиімді екендігі анықталды және дәлелденді.

Ғылыми әдебиеттердің, нормативті дерекнамалардың және құзыреттілікті қалыптастыру бойынша психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттерін педагогикалық тұрғыда талдау, оларды кәсіби қызметке оқытудың нақты педагогикалық жолдарын ұсынуға негіз болды, сонымен қатар, болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігі бойынша білім, білік және дағдыларын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер болашақ педагогтарды кәсіби даярлау жүйесінде, сонымен қатар мұғалімдер біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау жүйесінде қолдануға болады.

Біздің қарастырып отырған мәселе өз жалғасын келешекте зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыруда жаңа әдістерді және формаларды іздестіруде, онда инновациялық технологияларды пайдалануда өз жалғасын табуы мүмкін деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 14 желтоқсан, 2012ж. <http://www.akorda.kz>
2. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы // Орталық Қазақстан, 27 желтоқсан, 2007 ж. - Б. 3-5.
3. Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса. Публикации ОСИПЛ. Серия переводов. Выпуск I. М: Московский университет, 1972. - 258 с.
4. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. М.: Когито-Центр, 2002. - 396 с.
5. Кузьмина Н.В. (Головко-Гаршина). Акмеологическая теория повышения качества подготовки специалистов образования / Монография. М.: Исслед. центр проблем качества подгот. специалистов., 2001. - 144 с.
6. Маркова А.К. Психологический анализ профессиональной компетентности учителя // Советская педагогика. – 1990. - № 8. – С. 82-88.
7. Гудкова Т.А. Информационная компетентность будущего учителя как педагогическая проблема // Современные информационные технологии в образовании. Материалы научно-методической конференции / Т.А. Гудкова – Чита. ЗабГПУ, 2004. – С. 84-87.
8. Паламарчук Л.Н. Современные информационные и телекоммуникационные технологии как основа программы формирования информационной компетентности учащихся // Интеграция методической (научно-методической) работы и системы повышения квалификации кадров: Матер. VI Всерос. науч.-практ. конф.: В 5ч. / Отв. ред. Д.Ф. Ильясов. Челябинск: Изд-во ИИУМЦ «Образование», 2005. - Ч. 4.- С. 259-261.
9. Жадрина М.Ж. Логико-дидактический подход к определению ожидаемых результатов обучения в школе /М.Ж. Жадрина //Творческая педагогика. - 2005. - №2. - С. 3-13.
10. Митрофанов К.Г. Современные институты и технологии профессионализации учителя в системе непрерывного педагогического образования. Красноярск: Красноярский краевой институт повышения квалификации и профессиональной переподготовки работников образования, 2012. – 450 с.
11. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата современного образования // Интернет- журнал «Эйдос». 2006. 5мая. URL: <http://www.eidos.ru/journal/2006/0505.htm> (дата обращения 31.10.10 г.)
12. Кенжебеков Б.Т. Методологические подходы к исследованию развития профессиональной компетентности специалиста / Б. Кенжебеков Высшая школа Казахстана. - 2002. - № 4. - С. 177-183.
13. Ниязова Г.Ж. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану – кәсіптік білім мамандығы студенттерінің кәсіби құзырлылығын қалыптастырудың маңызды элементі: Пед. ғыл. канд. диссертациясы. - Алматы, 2008. - 141 б.

14. Барсай Б.Т. Научно-педагогические основы формирования профессионально-дидактической компетентности будущих учителей начальных классов. Автореферат дис... канд. пед. наук. – Усть-Каменогорск, 2008. – 51 с.
15. Меңлібекова Г.Ж. Жоғары педагогикалық білім мазмұны сапасын жетілдірудің кейбір аспектілері [Электронный ресурс] : научное издание / Г.Ж. Меңлібекова. - Электрон. текстовые дан.(396Кб) // Қазақ білім академиясының баяндамалары- Доклады казахской академии образования. - 2009. - №1. - С. 23-26.
16. Дорофеев А. Профессиональная компетентность как показатель качества образования // Высшее образование в России. - 2005. - № 4. - С. 30-33.
17. Ежова Т.В. Проектирование педагогического дискурса в высшем профессиональном образовании будущего учителя. Автореферат дис... д-ра пед. наук. – Оренбург, 2009. – 45 с.
18. Райцев А.В. Развитие профессиональной компетентности студентов в образовательной системе современного вуза. Автореферат дис... д-ра пед. наук. – СПб., 2004. – 19 с.
19. http://www.rusnauka.com/15_KPSN_2015/Pedagogica/4_192722.doc.htm
20. Қасымова Г.М. Актуальность психолого-педагогического тренинга в формировании коммуникативной компетентности будущих переводчиков // Білім-Образование. - 2008. - №2. - С. 64-69.
21. Использование информационно-коммуникативных и интерактивных развивающих технологий в формировании акме-креативных качеств у будущих учителей английского языка. К.М. Беркимбаев, Б.А. Оспанова, И.И. Сагдуллаев // Вестник КазНУ. - 2015. - №3. - С. 77-85.
22. aipet.kz>article/facultet/fait/kt/7/2.pdf
23. irbis.narxoz.kz > CGI/irbis64r_12/cgiirbis_64.exe?...
24. Таубаева Ш.Т. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының әлеуметтік-философиялық негіздері. Ш.Т. Таубаева, Қ.С. Құдайбергенова // Білім берудегі менеджмент. - 2015. - № 2 (77). - Б. 5-10.
25. Қазақстан Республикасының Конституциясы http://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution
26. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [/http://kzbydocs.com/docs/330/index-29671-1.html](http://kzbydocs.com/docs/330/index-29671-1.html)
27. Білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / <http://www.edu.gov.kz/kk/news/kr-prezidenti-zhanyndagy-okk-dei-ush-tilde-bilim-berudi-damytudyn-2015-2020-zhyldarga-arnalghan>
28. Общение и речь: Развитие речи у детей в общении со взрослыми /Под ред. М.И. Лисиной; Науч.-исслед. ин-т общей и педагогической психологии Акад. пед. наук СССР. — М.: Педагогика, 1985. - 208 с.
29. http://studopedia.ru/11_95340_razvitiie-poznavatelnoy-aktivnosti-u-detey-doshkolnogo-vozrasta.html
30. <http://www.examen5.net/work/5208/>
31. Самашова Г.Е. Кәсіптік педагогика. Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2011. – 80 б.
32. Введение в научное исследование по педагогике. Под. ред. Журавлева

В.И. М., 1988. – 245 с.

33. Краевский В.В. Методология педагогического исследования. Самара, 1994. – 125 с.

34. <http://stud.kz/referat/show/22977>

35. Шкляр, М.Ф. Основы научных исследований: учебное пособие. – М.: Издательство: Издательский дом Дашков и К, 2008. -243 с.

36. Педагогикадағы ғылыми зерттеу әдістері және педагогикалық зерттеудегі логика / К. Садуақасқызы // Молодой ученый. - 2014. - № 20.1. - Б. 44-46.

37. Асқаров Е.С., Балапанов Е.Қ., Қойшыбаев Б.А. Ғылыми зерттеулердің негіздері. Оқу-әдістемелік құрал, Алматы - 2005ж. - Б. 5-15.

38. Жексенбаева У.Б. Организация научно – исследовательской деятельности школьников. // РАДиАЛ - Алматы, 2006. – С. 7-9.

39. Жексенбаева У.Б. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. - Алматы, 2005. – Б. 37-43.

40. Коротков Э. М. Исследование систем управления. Учебник. Москва. Издательско-консалтинговая компания «ДеКА», 2000. - 130 с.

41. Коротков Э. М. Исследование систем управления. 2-е издание. Учебник. Москва. Издательско-консалтинговая компания «ДеКА», 2004. - 896 с.

42. [Толковый словарь русского языка \(Ожегов С., Шведова Н\) / http://www.slovoedia.com/4/200/651465.html](http://www.slovoedia.com/4/200/651465.html)

43. Қысқаша орысша-қазақша философиялық терминологиялық сөздік: ғылыми басылым / Құраст. У.О. Мақаш. - Қарағанды : ҚарМУ баспасы, 2005. - 44 б.

44. Абакумова Н.Н., Малкова И.Ю. Компетентностный подход в образовании: организация и диагностика - Томск: ТГУ, 2007. – 320 с.

45. <http://referat.resurs.kz/ref/bilim-evolyutsiyasi/2/>

46. Давыдов В.В., Слободчиков В.И., Цукерман Г.А. Младший школьник как субъект учебной деятельности // Вопросы психологии, 1992. № 4. - С. 149-154.

47. Иванов Д.А. Компетентности и компетентностный подход в современном образовании. - М.: Чистые пруды, 2007. – 32 с.

48. Петрова С.А. Основы исследовательской деятельности: Учебное пособие / С.А. Петрова, И.А. Ясинская. - М.: ФОРУМ, 2010. – 208 с.

49. <http://sabaqtar.kz/>

50. <http://www.inventech.ru/lib/analiz/analiz0002/>

51. <http://enc-dic.com/philosophy>

52. Абульханова-Славская В.А. Проблемы исследования индивидуального сознания // Психологический журнал. - 1991. - №4. - С. 27-40.

53. <http://examenna5.cloudapp.net/work/5208>

54. Савенков А.И. Маленький исследователь. Как научить младшего школьника приобретать знания. - Ярославль: Академия развития. Академия Холдинг, 2002. – 160 с.

55. Вишнякова С.М. Профессиональное образование. Словарь. - М.: НМЦ СПО, 1999. - 538 с.

56. Баранников А.В. Новые подходы к организации образовательной деятельности учащихся // Педагогика. - 2015. - №2.- С. 27-36.
57. <http://collegy.ucoz.ru/load/37-1-0-5023>
58. Нұрмашқызы А. Қатысымдық құзыреттілік мәселесі туралы. // Білім. Образование. - 2008. - №6. - Б. 32-33.
59. Нәжім М.Б. Құзыреттілік – шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған білім беру негіздерінің бірі // goo.kz/loader/load/10451
60. Левитан К.М. О содержании понятия «коммуникативная компетентность». Перевод и межкультурная коммуникация. / К.М. Левитан. Екатеринбург: АБМ, - 2001. - №2. - Б. 89-91.
61. <http://examenna5.net/work/5208>
62. Виневская А.В. Педагогика: словарь-справочник коррекционного педагога. - Ростов н/Д: Феникс, 2013. - 268 с.
63. <http://elibrary.kz/databases/statia/detail.php?ID=123788>
64. <http://www.examenna5.net/work/5208/>
65. Климов Е.А. Психолого-педагогические проблемы профессиональной консультации. - М.: Знание, сер. «Педаг. и психол.», - 1983. - №2. - С. 95-98.
66. Сиргебаева С.Т. Білім беру жүйесінің ақпараттандырудың кейбір мәселелері // Хабаршы. Абай атындағы ҚазҰПУ "Педагогика ғылымдары" сер.=Вестник КазНПУ им. Абая сер. "Педагогические науки". - 2007. - №3. - Б. 32-35.
67. Сихынбаева Ж.С. Студенттердің экологиялық білімін арттыруда инновациялық технологияларды пайдаланудың педагогикалық шарттары. Автореферат дисс... канд. пед. наук. - Түркістан, 2009. - 22 с.
68. Самашова Г.Е. Ақпараттық технологиялар арқылы студенттерді іс қағаздарын жүргізуге оқытудың педагогикалық шарттары. Автореферат дисс... канд. пед. наук. – Қарағанды, 2007. - 28 б.
69. Мустояпова А.С. Қазіргі кезеңде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Автореферат дисс... канд. пед. наук. – Алматы, 2003. - 30 б.
70. Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары. пед. ғылым. канд. дис. авторефераты. - Алматы, 2004. – 30 б.
71. Орақова А.Ш. Оқу процесінде оқушылардың шығармашылығын дамытудың педагогикалық шарттары. Автореферат дис... пед. ғылым. канд. - Алматы, 2006. - 26 б.
72. Жексенбаева Ү.Б., Игенбаева Б.Қ., Ниязова Г.Б. Оқушыларды зерттеушілік оқытудың технологиясы. - Астана, 2006. – 48 б.
73. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Механика. Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2007. - 291 б.
74. Егоров В.В., Смирнова Г.М., Жилбаев Ж.О. Профессиональное образование как педагогическая система // Вестник КарГУ. - 2005. - № 1. – С. 14-19.
75. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: «ЭКО» ҒӨФ. 2007. - 291 б.
76. Эклунд К. «Эффективная экономика. Шведская модель». - М:

Экономика, 1973. - 254 б.

77. Самашова Г.Е., Абылгази́н Б.И., Ақылтаева С.Д. Зерттеу негіздері бойынша екі тілді анықтамалық-терминологиялық сөздік. Қарағанды, 2016.- 65 б.

78. Айтпай Ө. Қазақ сөзі. – Алматы: Рауан. - 1997. – 255 б.

79. Балғынбайұлы Ә, Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ терминологиясының лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Ана тілі. - 1992. – 231 б.

80. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан. 1993. – 139 б.

81. Шкутина Л.А., Плотников В.М., Егоров В.В. Основы исследовательской работы в профессиональной педагогике. - Алматы: Ғылым, 2000. – 279 с.

82. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. - М., 1986. – 367 с.

83. Самашова Г.Е., Егоров В.В., Құрымбаев С.Ғ., Готтинг В.В., Абылгази́н Б.И. Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеу негіздері. Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2014. – 96 б.

84. Егоров В.В., Скибицкий Э.Г. Методология и методика научного исследования. – Алматы: Ғылым, 2005. – 353 с.

85. Аскарлов Е.С. Ғылыми жұмыс жөнінде. Аспиранттар, ізденушілер және магистрлерге арналған нұсқау. - Алматы, 2002. – 332 б.

86. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы: Нұрлы Әлем, 2003. – 368 б.

87. Кыверляг А.А. Методы исследований в профессиональной педагогике. - Таллинн, 1980. – 522 с.

88. Скалкова Я. Методология и методика педагогического исследования. - М., 1989. – 235 с.

89. Қоянбаев Р.М. Педагогиканы оқытудың кейбір мәселелері.- Алматы, 1978. – 431 б.

90. Краевский В.В. Методология педагогического исследования. Самара, 1994. – 125 с.

91 Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы: Рауан, 1992. – 335 б.

92. Кожаметова К., Таубаева Ш., Джанзакова Ш. Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах. – Алматы, 2005. – 359 с.

93. Загвязинский В.И. Методология и методика дидактического исследования. М., 1981. – 356 с.

94. Маженакова М.С. «Ғылыми педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру әдістемесі және әдіснамасы» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 87 б.

95. Омаров С.Қ. «Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. – 97 б.

96. Самашова Г.Е., Егоров В.В., Құрымбаев С.Ғ., Огольцова Е.Г., Абылгази́н Б.И., Ақылтаева С.Д. Кәсіптік педагогикадағы ғылыми зерттеу негіздері. Электронды оқулық. № 2331. Астана, 2015.

97. Методы системного педагогического исследования. / Под ред. Н.В. Кузьминой - Л., Издательство Ленингр. Ун-та., 1980. - 172 с.

98. Сейтешев А.П. Профессиональная направленность личности. - Алматы: Наука, 1990.
99. Научное творчество. /Под. ред. С.Р. Микулшицкого, М.Г. Ярошевского. - М.: Наука, 1969. – 160 с.
100. Методы педагогических исследований. / Под ред. А.Н. Пискунова, Г.Б. Воробьева. - М.: Педагогика, 1979. - 256 с.
101. Ахметов А.С., Федоров А.Г. Microsoft Internet Explorer 4.0 для всех. – М.: Компьютер Пресс, 1977. – 335 с.
102. Азимов Э. Электронный учебник иностранного языка // Высшее образование в России. – 1996. - №1. - С.133-136.
103. Зуев Д.Д. Школьный учебник. – М.: Педагогика, 1983. – 177 с.
104. Спирина Е.А. Особенности использования учебной документации в вузе. – Алматы: Ғылым, 2001. – 142 с.
105. Куприенко В.Д., Мещерин И.В. Педагогические программные средства: Методические рекомендации для разработчиков ППС / Омский ГПИ им. А.М. Горького, Омск, 1991. - 93 с.
106. Смагин А.А. К вопросу оценки эффективности использования компьютерных технологий в учебном процессе // <http://www.sv.uven.ru>.
107. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под ред. Е.С. Полат, М.: Высшая школа, 1999. - 224 с.
108. Скибицкий Э.Г. Компьютеризированные курсы в педагогическом процессе общеобразовательного учреждения. – Новосибирск, 1994. - 90 с.
109. Буйкас Т.М. О феномене наслаждения процессом деятельности и условиях его возникновения (по работам М. Чиксентмихайи) // Вестник МГУ. Сер. 14. Психология, 1995. - С.53-61.
110. Кузнецов А.А. Сергеева Т.А. Компьютерная программа и дидактика // Информатика и образование. – 1986. - №2. - С. 17-21.
111. Лысенко Е.Е. Игра с ЭВМ как вид творческой деятельности. Автореферат дисс...канд.наук. - М., 1988 - 19 с.
112. Назарова Т.С., Полат Е.С. Средства обучения: технология создания и обучения. М., 1998 - 204 с.
113. Кыверляг А.А. Условия эффективности и достоверности научного исследования // Советская педагогика. – 1983. - №5. - С.23-25.
114. Кыверляг А.А. Методы исследования в профессиональной педагогике. - Таллин, 1980. – 117 с.
115. Скаткин М.Н. О критериях эффективности качества завершенных научно-педагогических исследований // Советская педагогика. – 1980. - №5. – С. 16-18.
116. Бабанский Ю.К. Проблема повышения эффективности педагогических исследований: Дидактический аспект. - М.: Высшая школа, 1982. – 193 с.
117. Бешелев С.Д., Гуревич Ф.Г. Математико-статистические методы экспертных оценок. - М.: Высшая школа, 1995. - 98 с.
118. Гершунский Б.С. Педагогическая прогностика: Методология, теория, практика. – Киев: ИНФРА-М, 1986. - 254 с.

119. Полонский В.М. Оценка качества научно-педагогических исследований. - М.: Высшая школа, 1987. - 144 с.
120. Селезнев Н.В. Роль педагогической оценки // Советская педагогика. – 1986. - №10. - С.52-55.
121. Аванесов В.С. Основы научной организации педагогического контроля в высшей школе. - М.: Высшая школа, 1989. - 175 с.
122. Егоров В.В., Скибицкий Э.А. Основы исследовательской деятельности. – Алматы: Ғылым, 2006. – 225 с.

Buketov University

А қосымшасы
«Зерттеушілік құзыреттілік» бойынша контент-талдау

«Зерттеу» ұғымы бойынша анықтамалар	«Құзыреттілік» ұғымы бойынша анықтамалар
Зерттеу – <u>жаңа ғылыми білімді</u> жасау, әлем танымын кеңейту процесі, адам іс-әрекетінің бір түрі [36].	Құзыреттілік – оқу нәтижесінде меңгерген <u>білім мен дағдыны тәжірибеде қолдана алу</u> , проблеманы шеше алу, яғни оқушы дайындығының сапасын сипаттайтын жаңа сапалық белгісі [54].
Зерттеу дегеніміз – <u>жаңа бір өнім</u> , нәтижеге қол жеткізу мақсатындағы ізденіс, танымдық іс-әрекет [35].	Құзыреттілік – болашақ педагогтардың (студенттердің) іс-әрекетін меңгеруден көрінетін <u>білім нәтижесі</u> [38].
Зерттеу – ізденіс іс-әрекеттері кезінде өзіне көптеген <u>жаңалықтар ашып</u> , білімді дайын күйінде емес, өзі іздене отырып білімін толықтырады [37]	«Құзыреттілік (латын сөзі) competens – <u>қабілетті, қатысты</u> деген мағынада. Белгілі бір саланың тұлғаларының білімінің, білігінің, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері» [55].
Зерттеу – <u>іздену жұмыстарында</u> дәлелдеулердің орны ерекше болып келеді [38].	«Құзыреттілік дегеніміз - өз бетінше іске асырылатын <u>қабілеттілік</u> , ол студенттің алған білімдеріне, өмірдегі тәжірибелеріне, құндылықтарына негізделеді» [56].
Зерттеу – танымдық әрекеттің мамандандырылған формасы ретінде ғылым үшін тән, <u>жаңа білімді өндіру</u> тәсілі. Тікелей қабылдау, ұғыну, ойлану және т.б. зерттеу танымның мақсаты мен құралын анық бекітуді болжайды, нәтижелерді қайта өндірудің, олардың дәлелділігі мен шынайылығының әдістемелік формаларымен бағыт алады [39].	Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандайда бір <u>практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу</u> қабілеттілігі [57].
Зерттеу (тікелей «іштей қадағалау») кең мағынада – фактілерді тағайындау мақсатында <u>жаңа білімді іздеу</u> немесе <u>жүйелі зерттеу жүргізу</u> . Тар мағынада зерттеу – қандайда бір нәрсені қарастырудағы ғылыми әдіс (үрдіс) [42].	Құзыреттілік дегеніміз - жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты <u>білім, білік дағдыларының жиынтығы</u> және адамның жеке өзінің іс-әрекет, қызмет саласына сай құзыреттерді меңгеруі [3].
Зерттеу – қоғам мүддесіне қарай қандайда бір нысандағы (затты, құбылысты) <u>заңдылықтарды анықтау</u> мақсатында ғылыми тұрғыда қарастыру үрдісі [40].	Құзыреттілік дегеніміз - тұлғаның бойында <u>білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы</u> . Құзыреттілік жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда аман қалуды қамтамасыз етеді және олар бәсекеге қабілетті маманмен қамтамасыздандырады [58].


А қосымшасының жалғасы

<p>Зерттеу – талдау, жобалау немесе диагностикалау ұғымдарынан әлдеқайда бай іс-әрекеттің бір түрі [41].</p>	<p>Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандайда бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі [59].</p>
<p>Зерттеу – <u>жаңа ғылыми білімді жасау үрдісі</u>, танымдық іс-әрекеттің бір түрі [43].</p>	<p>Құзыреттілік — оқушының алған <u>білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде</u> қандайда бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін <u>қолдана алу қабілеттілігі</u> [60].</p>
<p>Зерттеу – ол <u>адам іс-әрекетінің бір түрі</u>, ол келесідей а) проблеманы және ситуацияны тану; б) олардың пайда болуын, қасиеттерін, мазмұнын, өзін-өзі ұстау және даму заңдылықтарын анықтайды; в) сол проблемалардың және ситуациялардың шоғырланған ғылым жүйесіндегі орнын анықтайды; г) сол проблема бойынша жаңа ойларды немесе білімдерді пайдалану мүмкіндіктерінің жолын, құралдарын табу [50].</p>	<p>Құзыреттілік – ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген <u>білім мен тәжірибеге негізделген</u>, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке <u>даярлығы</u> ретінде айқындалатын, тұлғаның қасиеті [24].</p>
<p>Зерттеу - бұл табиғат, қоғам және ойлау туралы жаңа білімдерді алуға бағытталған <u>зерттеу ортасы</u> [4].</p>	<p>«Құзыреттілік» – сәйкес құзыретке ие болу негізінде іс-әрекетті жүзеге асыру қабілетінде байқалатын <u>тұлғалық қасиет</u> (немесе тұлғаның өзара байланысқан қасиеттерінің жиынтығы) [13].</p>
<p>Зерттеу – қандайда бір нысанның пайда болу, қызмет ету, оның даму ерекшеліктері мен тенденцияларын қарастыру <u>процесі</u> [51].</p>	<p>Құзыреттілік - білімнің ерекше нәтижесі ретінде қарастырды, ол белгісіздік жағдайындағы қызметтің тиімділігіне арналған ішкі және сыртқы ресурстардың мобильділігін көрсетеді. Құзыреттілік олармен білімділіктің және/немесе <u>тәжірибеліктің деңгейі</u> ретінде түсіндіріледі, ол әлеуметтік немесе кәсіби қандайда бір <u>қызметті табысты орындау үшін жеткілікті</u> [61].</p>
<p>Ғылым мақсаты – шындыққа жету, ал <u>шындыққа жету</u> – ол ғылыми зерттеу [52].</p>	<p>Құзыреттілік - <u>білімдердің, қабілеттердің интегративті толықтығы</u> ретінде анықтайды, олар кем дегенде адамның тәжірибеде өзінің құзыреттілігін жүзеге асыра алу қабілеті ретінде қарастырады [30].</p>

А қосымшасының жалғасы

<p>Зерттеу – ғылыми мағынада – ғылыми білімді <u>өңдеу процесі</u>, <u>танымдық іс-әрекеттің</u> бір түрі [53].</p>	<p>«Құзыреттілік – бұл жүйелік түсінік, ол <u>құзыреттіліктің көлемін, міндеттемелердің шеңберін анықтайды</u>. Тар мағынасында бұл субъект танымға ие болатын сұрақтардың шеңбері ретінде қарастырылады...» [62].</p>
<p>Жалпы кілттік сөздер</p>	
<p><u>жаңа ғылыми білім</u>; жаңа бір өнім; жаңалықтар ашу; іздену жұмыстары; жаңа білімді өндіру; жаңа білімді іздеу / жүйелі зерттеу жүргізу; заңдылықтарды анықтау; талдау, жобалау немесе диагностикалау; <u>жаңа ғылыми білімді жасау үрдісі</u>; ол адам іс-әрекетінің бір түрі; <u>жаңа бір өнім</u>; зерттеу ортасы; процесс; шындыққа жету; өңдеу процесі, танымдық іс-әрекет.</p>	<p><u>білім мен дағдыны тәжірибеде қолдану</u>; білім нәтижесі; қабілетті, қатысты; өз бетінше іске асырылатын қабілеттілік; <u>менгерген білімдер, дағдылар мен біліктер</u>; практикалық және теориялық мәселелерді шешу қабілеттілігі; <u>білім, білік дағдыларының жиынтығы</u>; білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы; білімдер мен біліктер; <u>білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қолдана алу қабілеттілігі</u>; білім мен тәжірибеге негізделген даярлық; тұлғалық қасиет; тәжірибеліктің деңгейі, қызметті табысты орындау; білімдердің, қабілеттердің интегративті толықтығы; құзыреттіліктің көлемін, міндеттемелердің шеңберін анықтайды</p>
<p>Негізгі кілттік сөздер</p>	
<p>жаңа ғылыми білім; жаңа ғылыми білімді жасау үрдісі; жаңа бір өнім</p>	<p>білім мен дағдыны тәжірибеде қолдану; менгерген білімдер, дағдылар мен біліктер; білім, білік дағдыларының жиынтығы; білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қолдана алу қабілеттілігі.</p>
<p>Авторлық анықтама</p>	
<p>Зерттеу дегеніміз - жаңа ғылыми білімді, жаңа бір өнімді жасау үрдісі.</p>	<p>Құзыреттілік дегеніміз – алынған білім, білік және дағдыны іс-тәжірибеде қолдану.</p>
<p>⇓ ↓</p>	
<p>Зерттеушілік құзыреттілік дегеніміз - жаңа ғылыми білімді жасау үрдісінде алынған білім, білік және дағдыны іс-тәжірибеде қолдану.</p>	

Б қосымшасы
Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы
қуәлік



В қосымшасы

ҚарМУ-дің «Кәсіптік оқыту» кафедрасының
доценті, п.ғ.к. Қ.М. Қарабаевтің «Кәсіптік білім берудегі ақпараттық
технологиялар» атты оқу құралына

СЫН ПІКІР

Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінің білім беру жүйесі білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің бүгінгі таңдағы негізгі мақсаты - білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікті ұтымды пайдалану болып табылады.

«Қазақстан - 2050» стратегиялық бағдарламасы приоритеттерінің бірі - ұлттық білім моделін қалыптастыру беталысымен және Қазақстан білім жүйесін бүкіл әлемдік кеңістігіне кірістіруімен сипатталатын білім беру сапасы болып табылады. Ақпараттық қоғамға ауысу - ақпаратты және қатынасты (коммуникациялы) технологияларды дамыту және күнделікті тұрмыста пайдаланумен, яғни ол қоғамды ақпараттандыру істерін дамыту арқылы іске асырылады.

Ұсынылып отырған оқу құралы екі тараудан тұрады, атап айтқанда, «Кәсіптік білім беру» және «Ақпараттық технологиялар», кіріспеден, тест сұрақтарынан, қорытындыдан және әдебиеттер тізімінен тұрады.

Бұл оқу құралын кафедра даярлайтын «Кәсіптік оқыту» мамандық студенттерін оқытуда, белгілі оқу пәндерін оқығанда («Кәсіби педагогика», «Педагогикалық бағдарламалық құралдарды жобалау негіздері») қолдануға болады. Себебі, мұнда жалпы кәсіптік білім беру мәселелері мен сұрақтары, оқу процесінде қолданылатын ақпараттық технология құралдары, атап айтқанда, электронды оқулықтар, электронды құжаттар, слайд-дәрістер, олардың дайындалу технологиясы мен жолдары және т.с.с. қазіргі қоғамда көкейкесті орынға ие сұрақтарды толығырақ қамтуға бетбұрыс жасаған.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді ескере отырып, оқулықтың құндылығын айта келе, ұсынылып отырған азықты ашық баспаға ұсынуға тікелей негіз бар, - деп ойлаймын.

Пікір беруші,
Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
профессоры, п.ғ.д.

С.Т. Абылаев

Г қосымшасы

ҚарМТУ-дің «Кәсіптік оқыту» кафедрасының оқытушысы

Ә.Л. Абаеваның «Педагогика» оқу құралына

П І К І Р

Қазіргі заман мектебі жоғары деңгейде маманданған кәсіпқой мұғалімді күтуде. Бүкіл әлем бұл күнде тәлім-тәрбие қызметіне ең білгір, ең талантты, жауапкерлігі жоғары педагог-мамандарды даярлау қажеттігін мойындап отыр. Себебі, адам тағдырында мектептік кезең аса маңызды болып отыр. Балалардың өмірлік бастауында жетесіз педагог тұрса, одан келер шығынды өлшеу мүмкін емес. Егер мектеп мұғалімі қателесіп, балаға қажетті назар аудармаса, онда бұдан келер кемшілікті ересек дәуірде түзеу оңай емес.

Студенттік қабырғаның өзінде болашақ педагог оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасын, олардың бірлікті еңбегінің мектептегі басты құндылықтары екенін түсініп, оны үнемі есінде сақтауы қажет.

Ал, ұсынылып отырған оқу құралының құндылығы – жалпы кәсіптік білім беру саласындағы оқу-тәрбие процесінің барша кезеңдеріндегі мұғалім мен оқушылар арасындағы жаңа қатынастар, олардың арасындағы түсініктер мен бірлікті қызметке байланысты толық сипатталған.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының «Педагогика» пәні бойынша мемлекеттік оқу стандартына сай әзірленген. Аталмыш еңбекте келтірілген материалдарды жоғарғы оқу орнының оқу процесінде барлық мамандықтың студенттеріне арналған.

Оқу құралының мазмұны 3 бөлімнен, кіріспеден, өзіндік білімін тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалардан, қорытындыдан және әдебиеттер тізімінен тұрады. Еңбек өте ықшамды құрастырылған. Оның мазмұнында оқу тәрбие процесінің мәнін, мазмұнын, ұйымдасу жәйттерін түсінуге қажет болған негізгі педагогикалық тұжырымдарды игеруге болады.

Бұл жұмыста – педагогика курсының мазмұны ықшамдалып, жалпыланған күйде ғылыми-әдістемелік тұрғысында берілген. Мұнда көңіл тұлғалық тәлім-тәрбие мәселелеріне бөлініпті. Бұл оқу құралы жаңадан еніп отырған кредиттік оқу жүйесінде өз тиімділігімен көрінеріне сенім артамын.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып «Педагогика» оқу құралы мазмұнына сай, қойылатын әдістемелік талаптарға жауап береді, сол себептен еңбекті ашық баспаға ұсынуға болады, - деген пікірдемін.

Пікір беруші,
Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
КО кафедрасының доценті, п.ғ.к.

С.Т. Омаров

Д қосымшасы

Ғылыми мақаланы талдау үлгісі

Ұсынылып отырған ғылыми мақаланың негізгі идеясы қаржылық ақпараттық азықтарды және қызмет көрсетуді пайдалану және ақпараттық компаниялардың маркетингтік әдістерін қолдану сұрақтары болып табылады.

Бұл тақырыптың көкейкестілігі бүгінгі таңда ақпараттың дамуы қаржылық, валюталық, қаржылық рыногының дамуына, сонымен қоса банк ісіне де үлкен әсерін тигізеді. Электронды коммерция, электронды ақша, электронды биржа құбылыстары дами түсті.

Бірақ осы іс-әрекеттерге қарамастан, компаниялар ақпараттық қызмет көрсету ісінде маркетинг әдістерін қолданулары тиіс, бірақ олар оны пайдаланбайды. Бұл маркетинг қағидаларының (принциптерінің) қаржылық ақпаратының рынокқа қатысты нашар өңделгендігімен түсіндіріледі.

Ұсынылып отырған ғылыми мақаланың авторлары жеткілікті дәрежеде бұл проблеманы суреттеген, ақпараттық рыноктың негізгі құраушыларын көрсеткен, бұл проблеманың тууына себепші болған негізгі факторларды келтірген және осы проблемаларды шешу жолдарын ұсынады. Сонымен қатар ақпараттық рыноктың және маркетингтің қызмет ету функциясының схемасын келтірген, «Ақпараттық азық» атты схемалық концепциясы енгізілген, осы схема қызмет етудің (ақпараттық) және де ақпараттың қасиеттерін талдайды.

Бірақ бұл мақаланың кемшілігі ретінде мынаны айтуға болады, ол теориялық сипатта жазылған, шешім қабылдау жолдары, схемалар және қағидалар жүзеге асқан жоқ.

Тапсырма:

1 Кез келген дереккөздерінен ғылыми мақала алу.

2 Теориялық материалда келтірілген үлгі негізінде ғылыми мақалаға талдау жасау.

3 Төменде келтірілген үлгі негізінде талдау қорытындысын рәсімдеу.

Талдау қорытындысын компьютерде рәсімдеу үлгісі

1 Ғылыми мақаланың атауы.

2 Ғылыми мақаланың авторы.

3 Журнал атауы, нөмірі, жылы.

4 Талдау жасаушы студенттің аты-жөні.

5 Үлгі бойынша талдау мәтіні.

6 Жұмысты қорғау.

Ғылыми басылым

**САМАШОВА ГҮЛФАРИДА ЕРҒАЛИҚЫЗЫ,
ҚҰРЫМБАЕВ САЯТ ҒАЙНИҰЛЫ,
АБИЛЬГАЗИН БУРКУТ ИРАНОВИЧ,
АҚЫЛТАЕВА СЪЕЗГҮЛ ДУЛАТҚЫЗЫ**

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылып шықты
470052, Қарағанды қ., Сәтбаев к-сі, 15